

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ
АСТАНА ҚАЛАСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ**

**«АЛТАЙДЫҢ АСҚАҚ ЖЫРШЫСЫ»
ОРАЛХАН БӨКЕЙДІҢ 80 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН
ҚАЛАЛЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ОҚУ МАТЕРИАЛДАРЫ**

Астана, 2023 ж.

УДК 821.512.122.0
ББК 83.3 (5Қаз)
А46

«Алтайдың асқақ жыршысы» қалалық педагогикалық оқуының материалдары. Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК, 2023 ж. 74 б.

ISBN 978-601-08-3802-4

Жинақ «Алтайдың асқақ жыршысы» қалалық педагогикалық оқуының материалдарын қамтиды. Жинаққа жазушының шығармаларын оқыту әдістемесі негізіндегі мақалалар енгізілді. Жинақ білім беру мекемелерінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдеріне арналған.

Редакция алқасы:

Дауешова Сындар Маратовна – төрайымы, Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК басшысы

Мүшелері:

1. Маман Жанар Сейдахметқызы – Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК, әдіскері;
2. Ғалымжанова Фариза Баққалиқызы – «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы, Астана қаласы бойынша Кәсіби даму институты, Жаратылыстану және гуманитарлық пәндерді оқыту әдістемесі кафедрасының аға оқытушысы;
3. Адилбекова Жанар Советхановна – №72 мектеп-лицейінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі;
4. Сегізбаева Сандугаш Кыдырбековна – №73 мектеп-лицейінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі;
5. Қарамұрзина Маржан Жолаубаевна – «Білім-Инновация» мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, қалалық шығармашылық топ жетекшісі;
6. Толеубаева Самал Жакысшыковна – М.Әуезов атындағы №86 мектеп-гимназиясының қазақ тілімен әдебиеті пәні мұғалімі, қалалық педагогтер қауымдастығының лидері.

Әдістемелік орталығының оқу-әдістемелік кеңесінің шешімімен бекітілді және басылымға ұсынылды. Хаттама. 17.05.2023 ж. №2/2

Конференция ұйымдастырушылары мен редакция алқасы мақаладағы көзқарастар мен фактілердің нақтылығы үшін, авторлардың жіберген стилистикалық және грамматикалық қателеріне жауап бермейді.

Алғы сөз

Мәңгілік ақ қар жамылған асқар шындары, ал етегінде ағысы асауда тулап жатқан Бұқтырма өзені бар, қазақ Алтайының киелі топырағында дүниеге келіп, аса дарынды талантымен барша қауымды таңғалдырған, Қатонқарағай ауданының «Құрметті азаматы», Қазақ ССР Мелекеттік Абай сыйлығының, Н.Островский атындағы Бүкілодақтық әдеби сыйлықтың, «Молодая гвардия», «Жалын» баспалары сыйлығының лауреаты, «Құрмет белгісі» орденінің иегері, жазушы Оралхан Бөкейдің туғанына биыл 80 жыл толып отыр.

Оралхан Бөкей – қазақ әдебиетіне өз жолымен, өз жаңалығымен келген жазушы. Оралхан не жазса да қанымен, жанымен жазушы еді. Қай жанрда жазбасын, олардың бірде-бірі қаламдастары мен қалың қауым назарынан тыс қалмайтын.

«Оралхан – бір оқылатын жазушы емес. Оралхан – қайталап оқуды қажет ететін жазушы, түсінгеніңше оқи беретін күрделі суреткер»,– деп жазушы Дулат Исабеков айтқандай, «Апамның астауы», «Тортай мінер ақбоз ат», «Бура», «Терісаққан», «Кербұғы», «Қасқыр ұлыған түнде» әңгімелері идеясының сонылығымен ерекшеленеді. Оралхан Бөкей қазақ әдебиетінің нағыз шебері болып қала бермек» деп, жазушы Роллан Сейсенбаев айтқандай, Алтайдың кербез табиғатын, тамылжыған сұлулығын, ондағы адамдардың образын «Қар қызы», «Атау-кере», «Жетім бота», «Жылымық», «Жасын», «Сайтан көпір», «Мұзтау», «Ұйқым келмейді», «Мынау аппақ дүние», «Бәрі де майдан» т.б. шығармаларында шынайы бере білді. Оралхан Бөкей қазақ драматургиясының дамуына да өз үлесін қосқан. Оның «Құлыным менің», «Текетірес», «Қар қызы», «Бармысың, махаббат?» пьесалары өмір шындығын, заман тынысын кеңінен суреттейді.

Жазушының көптеген шығармалары ТМД және шетел халықтары тілдеріне: ағылшын, француз, чех, болгар, неміс, жапон, араб, қытай т.б. аударылып, оқырмандарын тапты.

Қаламгер 1993 жылы 17 мамырда шығармашылық іссапар кезінде Үндістанда қайтыс болды. Оралхан Бөкей атында Өскемен қаласында кітапхана, мектеп, көше бар. Алматы қаласында жазушы тұрған үйге ескерткіш тақта орнатылып, көшеге есімі берілген. Елімізде Оралхан Бөкей атындағы көркемсөз оқу шеберлерінің байқауы өткізіліп тұрады.

Жазушының мерейтойы қарсаңында «Алтайдың асқақ жыршысы» атты қалалық қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдеріне арналған педагогикалық оқуы өткізіліп, жазушының шығармаларын оқытудың әдістемесі негізіндегі баяндамалары жинақ ретінде құрастырылды.

Педагогикалық оқудың мақсаты: мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейту, тіл мәдениетін көтеру, көркем әдебиетті оқуды жандандыру мақсатында ұлттық сөз өнерінің зергері Оралхан Бөкей шығармаларының заманауи білім беру жүйесінде алатын орынын, шығармаларында дәріптеген құндылықтар мен асқақ ойларын насихаттау.

Міндеттері: педагогтерге кәсіби қолдау көрсету, мұғалім кәсібінің мәртебесін көтеру, мұғалімдердің өз кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыру, озық педагогикалық іс-тәжірибелерді насихаттау және тарату, шығармашылықпен жұмыс істейтін, ой өрісі биік, парасатты, өзіндік авторлық, ғылыми-әдістемелік шеберлігі қалыптасқан педагогті анықтау.

Педагогикалық оқуға ұсынылған жұмыстар берілген тақырыптарға мазмұндас келуі тиіс:

1. «О.Бөкей шығармалары арқылы оқушылардың танымдық қабілетін дамыту»;
- 2.«О. Бөкей шығармаларындағы өмір шындығы»;
- 3.«О. Бөкей шығармаларындағы ұлттық құндылық»;
- 4.«О. Бөкей шығармалары арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту».

Педагогикалық оқуға ұсынылған баяндамалар ережеде берілген талаптар негізінде бағаланды. Негізгі талаптар: жұмыс мазмұнының педагогикалық оқулар бағыттарына сәйкестігі, жұмыс тақырыбының өзектілігі, мәселені мазмұнды және нақты қою, тақырып өзектілігінің және зерттеудің теориялық-әдіснамалық негіздерінің дәйектілігі, ғылыми машықта баяндалуы, жұмыс идеясының ерекшелігі, жаңашылдығы, практикаға енгізу перспективасы, автордың айқын көзқарасы, материалды ұсыну қисындылығы және бірізділігі, іс жүзінде жүзеге асырылу деңгейі, нәтижеліліктің, рефлексияның болуы, әлеуметтік маңызы.

Педагогикалық байқауға ұсынылған жұмыстарды саралай келе, жазушының шығармаларын мектеп оқушыларына оқытудағы өзіндік жаңашыл әдістерімен, көркем шығарманы оқытудағы әдістемесімен ерекшеленген жұмыстарды ұсынып отырмыз. Жаңартылған білім беру мазмұнына сай қаламгер туындыларын оқыту арқылы жас ұрпақтың бойына құндылықтарды сіңіру, көркем шығарманы оқытуға деген қызығушылықты арттыру қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің басты міндеті деп білеміз. Осы мақсатты жүзеге асыруда ұсынылып отырған жинақтың берері мол деп түйіндейміз.

*Дініслам Сағыныш Саятқызы,
Т. Бигелдинов атындағы №1 мектеп-лицейінің
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі*

ОРАЛХАН БӨКЕЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

Жазушы шығармашылығы Алтайдың қалың қарағайларынан сыры мол, астарлы, айтары терең, кейіпкерлері өзгеден бөлек болып келеді. Қаламгер шығармаларындағы өзгешелік, қаламгерлік стиль тақырыптан да, сол тақырып негізіндегі идеядан да, сонымен бірге кейіпкерлер жүйесімен де бөлектенеді. Қазақ даласының шығысын мекендеген Алтай тауының етегіндегі, тұмса табиғат аясындағы халықтың өмірі мен тіршілігі, танымы мен түсінігі тіпті кей шақтарда дәстүрі мен салттары да өзге тұстардағы қазақтан өзгешелене суреттеледі. Жазушының шығармаларындағы кейіпкерлер жүйесінің өзі де бірнеше үлгіде суреттеледі.

Жазушы шығармаларының ерекшеліктері туралы пікір білдірушілер қаламгер туындыларындағы мифологиялық сарындардың мол сақталуын айтады. Мысалы жазушы А.Кемелбаева О.Бөкейдің шығармашылығының негізгі өзегі етіп – мифологиялық сарындарды алады [1, 79 б]

Жазушы шығармашылығы қазақ әдебиетінің 1970 жылдарының кезеңіне сәйкес келеді. Бұл әдебиеттегі ызғардың кете бастаған, цензураның жібі босай бастаған шақ болатын. Сондықтан да жазушының тақырыбы мен идеясында сәл болсын еркіндік ала бастаған кезең еді. Бұл жазушының кең құлашты қиялдарына жол ашты. Әсіресе кең құлашты қиялды қаламгер қазақ ауылының табиғаты бұзылмаған қазақы мінездерінің тазалығымен сабақтастырады. Табиғи тазалық пен Алтайды мекендеген жұрттың адалдығы – қазақ мінезіндегі ұлттық ерекшеліктер еді. Сонысымен де шығарма мазмұны көркемдене түсті. Сондай шығармаларының өзгеше иірімдерге толысы – «Ауыл әңгімелері» (кей тұстарда «Ауыл хикаялары деп те алынады) топтамасы. «Ауыл хикаялары» әңгімелеріндегі кейіпкерлердің жасы мен мінезі, әрекеті мен қоғамдағы орындары да әр түрлі. Бірі – бала, бірі – жасы келген қариялар. Оларды кейіпкер студия өзіндік ерекшеліктері бар. Олар – сол ауыл үшін ғана емес, жалпы қазақ танымы мен түсінігі үшін өзгеше әрекет пен мінездің иелері. «Ауыл хикаялары» топтамасындағы кейіпкерлердің мінездері, әрекеттері өз ауылдары деңгейінен шығып кеткен. Бірақ оларды тек сол ауыл ғана біледі, әрі ауыл оларды солай болуы керек деп қабылдайды. Жазушы осы арқылы кейіпкер кеңістігінің мәнін де ашады.

«Ауыл әңгімелері» топтамасына енген жазушы шығармаларының өзгешелігі – арқасын кеңге салған жұрттың еркіндікке ұмтылысы мен өткеннің азапты күндерінің іздері қатар сабақтасуымен, кей тұста қайшылығымен де көрініп қалады. Ауыл адамдарының бейғам тіршілігі суреттеледі, өткен күндердің азапты шақтары да өз бедерін қалдырғаны аңғарылады, сонымен бірге жазушы болашақ күндерге деген алаңын да байқатады. Болашақ үшін, оның берер, адамның алар рухани азықтарының азайып бара жатқаны да байқалып

қалады. Әсіресе кейінгі жастар бойындағы ұлттық мінез белгілерінің жұтаңдығын талай азап пен қиындықты көрген кейіпкерлер көзімен бағамдап береді.

Топтама әңгімелер – О.Бөкейдің өзі көріп, өзі куә болған, бір ауылдың өмірі мен тіршілігі. Барлығы 16 әңгімеден тұратын бұл топтаманың өз ерекшеліктері бар.

1. Кейіпкерлері бір кеңістікте өмір сүреді. Олардың тіршілік ететін, өздері таныған, білетін, сырына қанық кеңістіктері – Қатынсу, Алтай таулары мен қалың орманы, аязды күндері, сол тұмса табиғатты аялаған елдің табиғи мінездері.

2. Кейіпкерлеріне тән мінез ортақтық та бар. Топтама кейіпкерлері тым тәубашыл, тым бейғам жұрт. Олар кей тұстарда мәдениет пен өркениеттен тым алыс қалып қалған жұртқа да ұқсайды. Оны өздері де біледі. Сонымен бірге олар тіршілігі қызған, өмірі қайнаған адамдар ортасын емес, өздерінің табиғат аясындағы ауылдарын артық көреді.

3. Әңгіме мазмұны 1-жақтан беріледі. Жазушы өзі көрген, өзі жақсы білетін, куә болған жайларды суреттей отырып, әр әңгімендегі кейіпкердің ісі мен әрекетіне баға береді.

4. Шағын әңгімелердің түсіну оңай, түйіні де жеңіл сияқты. Бірақ жазушы шеберлігі сонда кейіпкер – автор – оқырман арасындағы сабақтастықты сақтай отырып, сол кейіпкерге оқырманды да байлап тастайтындай. Кейіпкерді автор жақсы білетін, танитын адам болғандықтан да, оқырман да жасынан бірге өскендей күй кешеді.

5. Әңгімелердің басты тақырыптары ұлттық сана мен танымнан тұрады. Оның ішінде ел таныман ықпал еткен сыртқы билік пен саясат әсері де аса байқала бермейді. Қазақ ауылы өз тірлігін өзі кешіп, өзі істерін өзі шешеіп жатқандай күй береді.

6. Әңгімедегі кейіпкерлер бір кеңістікте тірлік еткендіктен де, олардың бойындағы мінез бен қасиеттер де ұқсас. Бірақ әр кейіпкерден сол кеңістікке қажет түрлі қасиеттер мен мінез сипаттары суреттелген. Жазушы тұтас кейіпкерлер жүйесі арқылы қазақ тірлігінің бір бұрышындағы Алтай тауы кеңістігіндегі халықтың ұлттық мінез белгілерінің сақталуының сырын ашады. Бұл сырдың себебі – әр кейіпкердің жеке-жеке бір-бір ұлттық белгіні бейнелей отырып, тұтас алғанда сол кеңістікке қажет таным мен түсінікті сақтаушылар болуында деген ойды береді. Жазушы өз ауылын табиғи мінезді сақтаушы деген түйін айтады. Өз өмірінде әр жылғы демалысында шетелге, өзге жаққа бармай, әр жыл сайын ауылға барып демалатынын, сол демалыста ауылдастарын көріп, олардың сол бір өзгермеген табиғи қалыптарына қайран қалатындығын айтады. Олардың күн мен желге тотыққан жүздері өзінен қартайыңқырап көрінгенімен де, көңілдері баяғыдай деп еске алады.

«...ауылдастарымның тайға таңба басқандай артықшылығын да сезінуші едім. Олардың өңі қартайғанымен, мінез-құлқы сол қалпында қалғанына қайран қалатынымын. Ал біз ше, заманның ағысы, уақыттың ығына қарай әманда

өзгеріп отыратын «модалы» мінез тауып алған жоқпыз ба осы?.. қайдан білейін...» [2, 4-5 б.]

«Апамның астауы», «Бес тиын», «Күлпәштің ұршығы», «Мәшәбинә», «Тоқадан қалған тұяқ», «Құлашаның шоты еді», «Көк тайынша», «Құмар қол бұлғапты», «Тортай мінер ақ боз ат», «Іздегінін тапты ма?», «Маңдайдан бағың шайқалса», «Қияли», «Қасқыр ұлыған түнде», «Иғаң», «200 грамм энергия» деп аталтын әңгімелер арқылы біз Шыңғыстай ауылының адамдарын танимыз. Әрі ол ауылда өзгеге ұқсамайтын, басқалардан бөлек кейіпкерлер тірлік еткеніне көз жеткіземіз. Себебі олардың кеңістігі – өзгеше. Ортасы өзгемен араласа қоймайтын, қиырда жатқан, өзгеден үйрене қояр, тез қабылдай қояр жалт мінезсіз қазақы қалыптарын танимыз.

Қазақ әдебиетінде ауыл тақырыбына арналған әңгімелер аз емес. Ауыл тақырыбы қазақ әдебиетінде 1960-жылдардан бастап көп жазылды. Бұған дейін ауылдан шықпаған қазақ баласы ауылдан ұзап шығып, кейде жылдар бойы бара алмаған шақтатазалық пен еркіндігі қатар жатқан ауылды сағынып, таза да, ашық ауыл адамдарын еске түсіріп ауыл тақырыбын молынн қозғады. Бірақ Оралхан Бөкейдің ауыл тақырыбы өзгеше. бір ауылдағы адамдардың әрбірі туралы әңгіме айтылады десе де болғандай. Барлық әңгімелерге тән ортақтық та бар. Әңгімені автор ауылдың бір адамын еске түсіруден бастап, келесі ұласуда сол адам жайындағы өзі куә болып, көзімен көрген өзгеше жай туралы оқиғаны баяндайды.

Әр әңгімедегі кейіпкер бойында тазалық пен еркіндік бар. бірақ ол тазалық бір-біріне ұқсамайды. Мысалы «Құлашаның шоты» мен «Құмар қол бұлғапты» әңгімелеріндегі кейіпкерлер Құлаша мен Құмардың бейнесін талдар болсақ, екеуінде де ішкі жан дүниелерінің тазалығы, дүниеге қызықпайтын тақуалықтары бар. Екеуінде де еркіндік те бар. бірақ сол тазалықты екеуі екі түрлі көрсетеді. Екеуіндегі еркіндік пен тақуалық та екі түрлі оқиғамен, екі түрлі жаймен суреттеледі.

Жазушының «Бәрі де майдан» деп аталатын повесінде Ақан – Құмырай арасындағы қайшылықтан туындайтын оқиғаны таратады. Ақан Ұлы Отан соғысы кезінде еңбек армиясында еңбек етіп, соғыстан кейін де бір жыл жұмыс істеп елген оралады. Соғысқа деп әкетіп, еңбек армиясына жібереді. Ал көршісі Құмырай соғысқа кете салысымен, жараланып, елге тез оралады. Осы оқиға екі көрші арасындағы сына болып қағылады. Құмырай соғысқа барғанмын деп мақтанады, ал Ақан олай айта алмайды. Ел алдындағы борышын билік қалаумен өткізгенімен де, марапаты бөлек. Жазушының көркемдік тәсілі де ерекше. Соғыс жылдарындағы тыл мен еңбек армиясындағы оқиғаларды қатар Алма мен Ақан әңгімелері арқылы баяндап береді. Ақан тау ішінде отырған Орынбаймен бірге, ал Алма ауылда ел ішінде Күміспен ошақ басында отыр. Екі кеңістікте екі әңгіме жүріп жатыр. Ерлер – тауда, әйелдер – ошақ басында.

«Біздер еңбек армиясында болғандар жаумен мылтықсыз шайқастық, сондықтан да, әрине, өлім-жітім аз болды, сондықтан да қадірсіз болдық» [3,

235 б.]. Бұл – Ақанның уайымы. Және өмір бойы мойнына салып келе жатқан ауыр күнәсі де сияқты.

Соғыс кезі, майдан уақыты болғанымен де, адамдар қоғамының күндестігі мен бақастығы, өсегі мен аяңы қалмайды. Бұл да адамдар қоғамындағы бір кесапат ретінде қай кез болса да, адамдар ортасында қала беретін жайлар екенін де аңғартады.

«Иә, жауды жеңдік. Бірақ өз ішіміздегі өгей мінезді, өсек аяңды жеңе алмадық. Бар болса көре алмайтын, жоқ болса бере алмайтын ағайынның азабы мені де тек қалдырған жоқ» [3, 279 б.]. Бұл – тылдағы елдің азабы. Ауылдағы Алманың да көрмеген қиындығы, тартпаған азабы қалмайды. Кәрі ата-енесі, қайындары, өзінің 3 баласы, 10 адамнан тұратын үлкен отбасын жалғыз өзінің еңбегімен асырайды. Оларға колхоздан тамақ алып, еңбеккүнін дұрыс жазғызу үшін қаншама азап пен қиындықтан өтеді. Бірақ Ақан да, Алма да оны жеңіп шығады.

Қорыта келгенде, жазушы Оралхан Бөкейдің шығармашылығы 1970 жылдардан 1993 жылға дейінгі аралықты қамиды. 1993 жылы кенеттен дүниеден озғанға дейін жазушы қаламы қолынан түспеген, жиырма жылдан асар шығармашылық уақыт ішінде талай үздік шығармалар ұсынған қаламгер. Жазушының шығармаларының көркемдігі кейіпкерлерінің ерекше мінезімен де өзгешеленеді. Қаламгер кейіпкерлері қатардағы адамдардан басталады. Сол адамдар бойындағы үлкен күшті, алапат қуатты көрсетеді. Әр кейіпкер бойында көріне бермейтін өзгешелікті табиғи қасиеті, адам бойында болуы керек мінез деп қабылдайды.

Жазушының шығармаларының ішінен «Ауыл хикаялары» әңгімелер топтамасымен бірге «Бәрі де майдан» повесін талдадым. Бұл шығармалардың тақырыптары ұқсас. Кейіпкерлері – Оралханның өзі білетін, өз ауылының адамдары. «Бәрі де майдан» повесінде Ұлы Отан соғысы жылдарындағы еңбек армиясында болған Ақан әңгімесі мен ауылда тылдағы еңбектегі, бір үйлі отбасыны асыраған Алманың тағдыры баяндалады. Жазушы соғыс кезіндегі майданды суреттемей-ақ, екі кеңістікті суреттей отырып, олардың да бір талаппен, бір уақытпен байланысты болғандығынан да қан қасап майданнан кем болмағандығын бейнелейді.

О. Бөкей кейіпкерлері бір типтес те сияқты. Бірақ әрбірінің тағдыры әр түрлі. Әр кейіпкердің өз өмірі, өз тақсіреттері мен қайғылары, сол қайғының орнын басар қуаныштары мен тәтті шаттықты шақтары да бар. Соны жұбаныш етеді, соны медет етіп тіршілік етеді. Жазушы кейіпкерлерін жақындастыратын да осы белгі болып, әр шығармасында ұлттық құндылықтар айқын беріледі.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Кемелбаева А. Оралхан Бөкеев прозасындағы мифологиялық сарындар // Алтын Орда, 2004. 30.01.
2. Бөкей О. Бастау // Кітапта: Бөкей О. Шығармалары. Әңгімелер. Т. 4. – Алматы: Ел-шежіре, 2013. – 384 б.
3. Бөкей О. Шығармалары. Роман, повестері. Т. 1. – Алматы: Ел-шежіре, 2013. – 383 б.

*Утепова Салиха Камбаровна,
№8 мектеп-лицейінің
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі*

ОРАЛХАН БӨКЕЙДІҢ «АТАУ КЕРЕ» ХИКАЯТЫНДАҒЫ ӨМІР ШЫНДЫҒЫ

«Атау кере» хикаяты – «Алтайдың кербұғысы» атанған Оралхан Бөкейдің соңғы туындысы. «Атау кере» сөзін біреу түсінсе, біреу түсіне бермейді, себебі бұл сөз күнделікте қолданыла бермейді. Алайда ашынған жағдайда, шарасыздықтан шаршаған кезде қолданыста болатын сөз. Сол себепті, Оралхан Бөкейдің шығарға тығырық таппай қалған кезінде, өмірде болып жатқан оқиғалардың шешімін таппай қиналған кезінде жазған туындысы болған секілді.

Жазушы «Атау кере» шығармасында қазақ даласында ХХ ғасырда келең алған оқиғалар тізбегінен сол дәуірдің ащы шындығын суреттеп қана емес, ұғынған жанға жеткізе де білген.

Оралхан Бөкей шығармада жеңілу мен жеңіс, адамгершілік пен қатыгездік, опасыздық пен адалдық, түңілу мен үміт, дүниеқоңыздық пен жомарттық, аярлық пен адамдық сынды тартыстарды сол дәуірдің басында сипатталған оқиғалар тізбегінде суреттей келіп, ұлт тағдыры мен келешегі туралы толғаныстарды оқырманның назарына ұсынған. «Атау кере» хикаятын мұқият оқып қараған оқырманға қазақтың басынан кешкен оқиғалардан өмірдің ащы шындығы айқын байқалады.

Оған дәлел келтіретін болсақ, хикаяттың алғашқы бөлімінде аяғы сал болып, төсек тартып қалған әженің келініне мейірлене отырып айтқан әңгімесінен–ақ байқауға болады. Әңгіме барысында өзінің ата-анасы, бауырлары туралы айтып отырып, өздерінің Алтай өңіріне қалай келгендері туралы баяндап береді. «... Әке-шешем және бүкіл Фадеевтер әулеті қазаққа тұрмысқа шығатынымды естігенде, үзілді-кесілді қарсы болды. әкем мен ағайым, тіпті, өлтіреміз деп те қорқытты. Біздің кержақтар –орыстың ішіндегі төменгі жақтан ауып келген аса діншілі. Естуімше, патша ағзамның өзі ішкері жаққа жер аударыпты, неге екенін білмеймін "кержақтар" атанғанбыз [1.42-бет]» Кержақтар-қауға сақалды, аса діншіл халық, мекендеген жері Ресейдің Сібір орманы мен ит тұмсығы батпайтын тайгалы өңірлерде өмір сүрген. Ресей патшасы оларды ХІХ ғасырдың І жартысында қазақтың жеріне, соның ішінде Алтай өңіріне жер аудартады. Сол кезден –ақ кержақтар қазақтар аялап отырған Алтайдың байлығына иеленіп шыға

келеді. Яғни, бал арасын қолға үйретіп, маралдарды қораға қамап, олардың мүйіздерін Қытайға сатып, сауда-сатықты жандандырған. Алайда қазақ жерінің байлығымен күн көріп, тіршілік еткен олар жергілікті ұлтты өздігінше ұнатпайды, олармен байланыста болғысы келмейді. Өздері келімсек болса да, өз заңы мен қағидаларын қазақ жеріне нық орнатқан халық. Міне, осылай тіршілік ететін кержақтар қарапайым халықпен қыз алысып, қыз берісу былай тұрсын, олармен бірге дастарқан басында да отырмайды, керек болса, олар «...су ішкен ыдысты екінші рет пайдаланбай, жаңасын ұстайтынын, олардың қолы тиген есік тұтқасына ыстық су құйып жуатынын» Нүрке әжей келініне әңгімелеп беретін. Сол өңірдің байы болған мыңдаған марал бағып, пантысын Қытайға өткізіп отыратын Фадей мен Аннаның жалғыз қызы Нюра Қандауырға тұрмысқа шыққанда қазақ ауылын қырып жібермек болған орыстарды да, ағасы мен анасын тоқтатқан Нүркенің өзі болатын. Алайда қызының бұл әрекетін анасы өмір бойы кешірмей, қарғасын жаудырады. **«... Қор болғаның осы, ...қызым,... енді қайтып сенің қара жүзіңді, қазақ жалаған бетіңді көрмеймін, ... лагнет, лагнет»**, - деп аттарын ойнақшытып, көздері қанталап туыстарымды ертіп, кері шаба жөнелді [1.48-бет]» деген әңгімесінен-ақ орыстардың қазақтарға деген қандай көзқараста болғанын байқаймыз. Анна Филимоновна жай кетпейді, қанын бұзбақ болған қызын қарғап кетеді. Ал анасының бойында тылсым ерекше күш болатын. Өз адамдары да, қазақтар да онымен байланыспауға әрекет жасайтын. Аннаның ызасы- бұл қызына жасалған қысастық емес, қазақтарға жасалған әрекет еді. Дінінен де, ата-анасы, бауырларынан сырт айналдырған махаббаттың желігіне ұшыратқан қайдағы бір қазақтың етегінен ұстаған қызының өмірінен де қастандық жасаудан тайынбайды. **«... Анам марқұмның кісі жадылайтын өнері бар-тын. Алла атынан айтайын, оқып-оқып, қара суды теріс ағызатын. Талайға қас қылып, қан қақсатты-ау, жарықтық. Сол сиқыршылық өнерін маған үйретемін деп жүргенде, қазаққа қатындыққа қашып, айырылып қалдым. Сырын ешкімге ашпаған күйінде көз жұмды »** [1.35-бет] деп сырын келініне айтқан Нүрке әженің басынан талай қиындықтар өтеді. Қызының бақыты мен сезіміне қарсы болған Анна Филимоновна оның балалы болып, қазақтың ұрпағын жалғастыруына да кедергілер жасайды. Аяға ауыр болған қызына сәлемін айтып, жасауын беріп жатқанын хабарлайды да, төсек- орын беріп жібереді. Алайда бір түн түнегеннен соң, Нюраның бүкіл денесі ісініп, іскен жерлері жараға ,сосын іріңге айналып, қиналған кезде де анасының ойы, оны перзентінен айыру болатын. Қанша жалынып алдына барса да, қызының қиналғанын білсе де, Анна райынан қайтпайды, тек Сарқыт кемпірдің шөптен жасалған дәрі-дәрмегінің арқасында аман қалады. **«... Алғашында**

маған бала тоқтамады, не түсік тастаймын, не болмаса қырқынан шыққан соң, қызылша шығып өліп қалады, не керек, бұл қорлықтан өз анам қайтыс болған соң ғана, көзім ашылды... қатал кісі еді-ау, жарықтық. Қатал еді ... оның да топырағы торқа болсын, гайбаттан қайтейін аруақты, емшек сүтін емізген шешем ғой ...» Қазақта «Жүйелі қарғыс жүйесін табар, жүйесіз қарғыс иесін табар» деген мақалда айтқандай қанша жыл өтсе де Нүрке әжеге айтылған қарғысы, жасаған дуасы оған ғана емес, оның ұрпағына да зиянын тигізіп жатқанын байқаймыз. Яғни, 10 жылдам астам отау құрса да, Ерік пен Айнаның ортасында перзент болмауы, сол қарғыстың кесірі де болуы мүмкін ғой.

Сонымен қатар, шығармада қазақтың басынан өткен қасіретті жылдар мен оқиғалар тізбегін айқын көреміз,

1917 жылғы ақтар мен қызылдардың соғысы, байлардың малдарының тәркіленуі, Нүрке әженің туыстарының бағып отырған маралдарын босатып жіберіп шекара аспақ болған кездегі ағасы Александрдың мерт болуы, анасының тұтқынға түспеуі үшін улы шөпті қайнатып ішіп мерт болу да сол кездегі өмір шындығының бір елесі. Себебі осындай аумалы төкпелі кезеңде қазақтың қаншама адамдары тау асып, бөтен елден мекен іздеп кеткені бәрімізге мәлім. 1932 жылғы ашаршылықтың салдарынан Алтай өңірін мекендегендердің қырылып, босқын болуы мен аш халықтың дала кезіп, тышқан аулап, ит жегендерін суреттеуі де жазушының сол кезеңдегі ащы шындықты ашық та нақты жазғанын байқаймыз.

Сонымен қатар, ашаршылықтан енді есін жиып, тірінің тіршілігін жасаймыз деп жатқан кезде, қазақтың бетке ұстар зиялы азаматтарын жаппай тұтқынға алып, оларды сотсыз, ешқандай үкім шығармай-ақ жазалағанын да суреттей отырып, сол дәуірдегі өмірдің тағы да бір ащы шындығынан хабардар етеді. «... *Үркердей ауылдан «қара ниет халық жауы» табылып, қазан құлағындағы қатынға дейін тергеліп, ататегін ақтарып, тегін бағып, ойын оқитын аңдыс заман басталды. Қатынқарагай ауданының секретары Төлегенов «Жапонияның шпионы» деген айыппен ұсталыпты дегенде төбелеріне жай түскендей болды. Ең сұмдығы ол да емес, аң қарауға шыққан Қандауыр аудан бойынша ұсталған он шақты «халық жауын» орман ішіне апарып, атып тастағанын көріпті. Баудай түсірген өліктердің бетін жаппастан, қалдырып кеткен. Шекарамен шектескен бұл жерде саяси айып тағылып қамалған «жаудан» заң жүзінде жауап алып, соттасып, мойындатып жатпайтын. Іздеусіз, сұраусыз, ізім гайым жоғалатын» [1. 48-бет] деп суреттесе, Қандауыр мен Шолаққолдың арасында болған арпалыс кезінде НКВД қызметкері: «*Сен, шырағым, басымды ауыртпа. Менің де жаным екеу емес... 150 халық**

жауын табу керек деген жоспар бар жоғарыдан. Сонда сендердің орындарыңа өзім қамалу керекпін бе? » [1. 52-бет]деген сөздер айтылады,

Осы үзінділерден- ақ ХХ ғасырдағы қазақ даласында «өлім конвейірінің» қандай жұмыс істегенін Оралхан Бөкей сипаттап берген. Қазақтың қаншама бетке ұстар арыстарының өмірі қалайша жазықсыздан , ешқандай тергеусіз, сотсыз қиылып қана қоймай, олардың жерленген молаларының да болмауы. «Іздеген туыстарына жазасын өтеп жүр» деген сылтаулар айтылып, соңында «сол жерде қаза тапты» деген ақпаратты бере салатын болғандығы туралы өмірдің шындығының тағы бір көрінісін көре аламыз.

Сонымен қатар, қазақтың өзінен шыққан шолақ белсенділердің кесірінен жаны жараланып, «халық жауы» атанған жарының артынан қалған ұрпағын аман сақтап қалып, атан жалғастырмақ болмақ болған оның әйелдерінің намысы қорланып, ары тапталғаны, амалсыздан сондай қорлыққа төзгені де, төзбей талай қорлықты басынан кешіп, жарына адалдығын сақтаған әйелдер бейнесі де –сол өмірдінің ащы болса да, қатыгез шындығы .

«Атау кере» хикаятында, сонымен қатар, ХХ ғасырдың 80 жылдары қазақтың көзі ашық, білімді, шындықты халыққа жеткізбек болған зиялы азаматтардың тағдыры да сол өмір шындығының бір көрінісі ретінде Таған бейнесі арқылы берілген. Қашан қарасаң ой үстінде жүретін, кітаптан басын алмайтын сол аспирант жігітті бір рет көрген Айнаның есінде мәңгі сақталып қалуының өзі де бекер емес . Тағанды ойландырып, оған маза бермейтін оның зерттеулерінен кейінгі толғаныстары, халқының тарихы мен өмірінде болған, болып жатқан өзгерістер. Оның осындай маскүнемдікке салынып, өзінің адами қасиетін жоғалтуы –сол дәуірдегі шындықты іздеген қазақтың қаншама зиялы азаматтарының тағдырының көрінісі. Өздеріне қауіп төндіретін осындай дара да дана тұлғалардың еркін тыныстануына тосқауыл болып, оларға моральдық тұрғыдан шабуыл жасай отырып, Таған сияқты қаншама білімді, өнерлі, зиялы қауымның тамырына балта шауып отырған. Тағанның жылдар бойы зерттеліп, жарық көрмеген, қорғатпаған екі еңбегі: біріншісі - 30-40 жылдардағы Алтайдағы элеуметтік экономика саласы бойынша диссертация жазып, қорғай алмаса, екіншісі- «Алтайды мекендеген ұлттардың тарихы» деген диссертациясына «ұлтшылдықпен уланған» деген айып тағылып, қудалауға душар болуы. Тағанның осы екі ғылыми еңбегінде «ұлтшыл» деген айыптың тағылуына себеп болған мәселелер 30-40 жылдарда Алтайды мекендеген халықтың элеуметтік экономикасының жағдайы, жер асты, үсті байлық-тарының қайда кетіп жатқаны туралы зерттеулер болса, екінші жұмысында Алтай өңірін мекендеген ежелгі уранхайлықтардың шығу тарихы, қайдан келгені және 1864 жылы қазан айының жетісі күні Ресей мен Қытай арасында "Шәуешек келісіміне" қол қойылып, Алтай өңірі халқымен бірге екі алпауыт мемлекеттің құрамына өткені туралы зерттеулер жүргізілгені , ал ол мәліметтердің көпшілік

қауымға жариялану қауіпі төніп тұрғандығынан оның жұмыстарын қорғауға мүмкіндік бермейді. «...саналы, қабілетті деген мүшелерінің көзін құртуға тырысқан тоталитарлық жүйеде Тағандар азшылық, Тағандар әлсіз, ең бастысы қауіпті санатқа жатады. Оларды құртудың, қудалаудың сан-түрлі амал-тәсілі ойлап табылғаны мәлім, соның бірі «атау кере» *аталып, талай жақсы мен жайсаңның түбіне жеткен арақ болатын. Әйтпесе, бір партияның диктатындағы барған сайын құлдырап бара жатқан тоталитарлық қоғамда ең алдымен ұлттық қасиеттердің, адамгершілік болмыстың жоғалып бара жатқанына қарсы дауыс көтерген Тағандардың: «біздер тарих-ананы қатты ренжіттік, өз ұлтымыздың тарихын кісенде ұстадық, киесі ұрады деп білмедік. Шала-жансар оқулыққа сендік, шала сауаттыларға сендік, шабына от түссе де айтайық: өкімет басында отырғандардың бар-барлығына сендік, олардың ақ дегені – алғыс, қара дегені – қарғыс болды. Міне сондықтан да халық адасты... адам жадынан, есіне айрылды»*, – деп келетін батыл лекциялары тыңдаушыларға мемлекеттік жүйенің тоқырағандығын, басқару тетіктерінің тозғандығын айқара ақтарып беретіні белгілі. Жалпы, кеңестік жүйенің «химиялық қаруына» айналған алькагольді ішімдік жекелеген адамдардың ғана емес, тұтас бір ұлттардың азып-тозуына дейін жеткізгені сібір халықтарының тағдырынан әбден мәлім жайт. [2] деген мәліметтерден –ақ Тағанның неліктен осындай төмен жағдайға душар болғанының куәсі боламыз.

«Атау кере» шығармасындағы өмір шындығының тағы бір күрделі де қауыпті көрінісінің бірі- Ерік бейнесі арқылы берілген. Ол дүниені соңынан қуып, Алтай өңіріне «шетел асырып» будан бал арасын алдыртады да, оларды жергілікті тұқыммен будандастырады. Нәтижесінде алтай-америка-африка тұқымында жаңа, мінез –құлқын, ата тегін ешбір омарташы ажырата алмайтын «жастар» таратылады. Буданнан пайда болған аралар сыртқы пішінінде айырмашылық болмағанмен, еңбекқор және қауіп төнсе, тобымен шабуыл жасайтын өте агрессивті болып қалыптасқан. Ерік те осы аралар сияқты будан тұқым... Әкесі қазақ, анасы орыс Еріктің ұлты жоқ. Ол үшін салт-дәстүр, тіл мен дін деген түк те емес. Алтайдың бар байлығын, жан-жануарын, балын, мүмкін болса тау-тасын да сатып пайда көргісі келеді. Ұлттық құндылық пен тазалық пен руханиятты уағыздап табиғат аясында екі баланы тәрбиелеп отырған Шалмен де сол үшін өштесіп отырады. Нүрке әжейдің өзі жатсынып жүрген жалғызының мінезі туралы «... *Қандауыр...тек өзіне, өз күшіне сенетін, ...Еріктің кейбір қылықтары, әсіресе қатты да қайратты мінезі әкесіне тартқан, тек өзімішлігі ғана бөтен* [1. 98-бет] деп бірде айтса, ал шаруақорлығы . дүние жиғыштығы әкесі Фадейге ұқсайтынын да айтып отыратын. Қазақта ұл бала нағашы жұртына тартады

деген сөз босқа айтылмағанын осыдан да байқауға болатынының тағы да бір куәсін көреміз.

Оралхан Бөкейдің тоқырау жылдарында осы тақырыпты неліктен өзекті етіп жазғанына тоқталатын болсақ, сол кезеңде әр түрлі ұлт өкілдерінің бір-бірімен бас қосуы, қазақтың көптеген ер азаматтары орыс ұлтының қыздарына үйленуі жиілеп кеткен болатын. Мемлекетте «интернационалды отбасыны» құптап, оларға той жасап, пәтерлер беріліп жағдайлар жасалынып жатты. Жазушы осындай отбасылардан ешқашан ұлттық мүддені қорғайтын, ұлттың болашағына жаны ашымайтын «будандардың» көбейіп бара жатқанын әшкере етіп, дабыл қаққан. Келешекте, мұндай ұрпақ дүниенің соңынан қуып, салт- дәстүр мен дінін, тілі мен ділін, тарихы мен мәдениетін білмейтін, білгісі де келмейтін қоғамды құрайтынына осы «Атау кере» шығармасы арқылы жеткізгісі келген. Олар туралы Нүрке әженің *«Жатжұрттық ешқашан да жарытқан да, жерсінген де емес, бүгін балын берсе,ертең уын ұсынады, түбі тыныш болғай»* деген сөзінен-ақ будан ұрпақтың мақсаты мен болашағы қандай айқын болатыны көрініс берілген. Бұл – тек шығармадағы ғана емес, ұлттық трагедияның өмір шындығы.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Оралхан Бөкей «Атау кере» повесті «Жазушы» баспасы, 2002 жыл
2. Ақпарат дереккөзі: https://massaget.kz/okushyilarga/uy_tapsyirmasyi/41676/

ОРАЛХАН БӨКЕЙ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ КӨРКЕМДІГІ

Ұлттық құндылықтарымыз – ұлтымыздың мәңгілік қорғаушы шамшырағы. Ұлттың қорғаны – бұл біздің ұлттық болмысымызды көрсететін тіліміз, дәстүріміз және рухани мұрамыз. Кезінде ата-бабаларымыз елімізді «ақ білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен» қалай қорғаса, ұлттық болмысымыз бізді жаһандану секілді алып айдаһардан дәл солай қорғайтындай.

Ұлтымыздың көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері Мұстафа Шоқай: «Ұлттық құндылықтардан жұрдай рухта тәрбиеленген ұрпақтан халықтың мүддесі мен мұқтажын жоқтайтын пайдалы азамат шықпайды», - деген.

Ұлттық құндылықтар – әрбір ұлттың болмысында ғасырлар бойы атадан балаға мирас болып келе жатқан адамгершілік қағидаттары. Ғасырдан ғасырға жеткен халықтың қазынасы – тілі, ділі, салт-дәстүрі, әдебиеті мен өнері ұлтымыздың рухани байлығы. Сол ұлттық құндылықтарымыздың арқасында біз өзіміздің ұлттық қалпымызды сақтап, әлемге танылып отырмыз. Сондықтан да кешеден бүгінге сол құндылықтарымыз қалай жетті, ертеңгі күнге жеткізе аламыз ба? – деп алаңдауымыз керек [1].

Абай: «Адамды заман билемек, заманға жаман күйлемек», - дейді. Бұл әлемдік даму жолын түсінуге мүмкіндік береді. Біз үшін жасанды, виртуалды, әлемде жоғалып кетпеу, жаһандану заманында өзіміздің ұлттық болмысымызды, ұлттық бірегейлігімізді және рухани құндылықтарымызды сақтап қалу аса маңызды. ХХІ ғасырда рухы биік, әлем мәдениетімен бәсекеге түсе алатындай жағдайда болуы шарт. Бұл - маңызды мәселелердің бірі. **Міне, осы ұлттық құндылық көркемдігі Оралхан Бөкей шығармашылығында үлкен орын алған. Оралханның прозасы өзінің өміршендігімен құнды. Ол – өз оқырманын ешқашан жоғалтып алуға қорықпайтын бақытты жазушы.**

Оралхан Бөкей шығармаларының бәрінде ұлттық болмыс пен ұлттық құндылық терең суреттеледі. Соның бірі – «Атау кере» шығармасы. «Атау кере» туындысында негізгі көтерген тақырыбы – адамның адамгершілік болмысы, қаймағы бұзылмаған табиғат аясында барлық қулық-сұмдықтардан алыс, өз қиялын қолымен жасап алған «сыры тылсым» әлемінде күн кешкен адамдардың іс- әрекеттері шебер бейнеленген. Шығармада сан алуан шытырман, қым-қиғаш өрбіп жатқан оқиғалар желісі жоқ. Шығармадағы әр кейіпкердің ішкі әлемінің қатпар -қатпар қалтарысын назарынан қалт жібермеген жазушы не суреттесе де, қандай оқиға болса да, сол кейіпкерінің тұлғасын таныта түсуді мақсат етеді.

Романда Ерік бейнесі аса шеберлікпен сомдалған. Шығарманың басы бірден — ақ «ол» деп автор үшінші жақтан таныстыра баяндалатын Ерік образы арқылы басталады. Автор оның жылына бір-ақ рет туған ауылына қатынасса да сол ауылда оны ешкім сағына, сарғая тосып отырмағанын «қайбір екі туып бір қалғаны бар» дегейсің деген тіркеспен айтып салады. Міне, шығарма басындағы осы бір салқындықтың лебі аяғына дейін оқырманын ой сарсаңына түсіріп, ішін бір жылытпай-ақ қояды.

Шығармада Еріктің образы әртүрлі жақтан суреттеу арқылы ашылады, бірде автор өз атынан баяндаса, енді бірде шешесі Нұрке кемпірдің атынан баяндалады, енді бірде жары ойға шомып, күйеуінің әрекеттерін сарапқа салса, ал Тағанға оның әрбір әрекеті тағының әрекетіндей елестейді. Автор суреттеуіндегі Еріктің әрекетінің себебі жазушы тарапынан «түсініксіз» сауалмен беріліп отырады: «ешкім де білмейді», «әдібін ашып түсіне де қоймапты» т.с.с.

Еріктің образы өзінің анасы Нұрке кемпірдің өз аузынан да баяндалып жатады: «Тура жүріп, тура сөйлейтін Қандауырдың тым — тым қара қылды қақ жарған әділдігі тұқым қуалап, Ерікке жұға қойған жоқ -ты»; «Шешесі айтып отырады: «Ұлым менің әкеме тартқан пысық, қолы ісмер-ді. Бірақ...». Сол «бірақтың» ақыры әлі күнге айтыла қойған жоқ»; «Жалғыз бала қатты болады деуші еді, содан ба, Ерігім өсе келе, жұртқа жұғымы жоқ, даланың тағысы секілді тәкаппарлау болып кетті; « – Садағаң кетейін, келінжан-ай, сен болмасаң, бір сабақ жіп жалынбай ма. Көзімнің қуанышы, көңілімнің жұбанышы өзіңсің. Жалғыз ұлға теріс батамды бермеймін, бірақ, бірақ... осындай қаттылығы қинайды мені».

Еріктің бейнесі кейде өзінің сөздері арқылы да бейнеленеді. Бірақ жазушы оны терең ойдың тұңғығына батырмайды, себебі оның кейіпкері рухани дүниеден гөрі материалдық дүниені мақсұт еткен, күні-түні кім үшін, не үшін екені белгісіз тыным таппай мағынасыз ғұмыр кешіп жатқан адам ретінде суреттеледі. Сондағы Еріктің ойы: «Ендеше, физикалық жұмысты рухани еңбектің құлына айналдырып, қорлауға болмайды»: « – Мен о бастан сөзге шорқақ, тұйық екенімді білуші едің ғой [2, 15]. Сондықтан да үйірсектігім жоқ, тағылау мінезіме таң қалмай-ақ қой. Кейде Айна мен анам да осы саяқтығыма өкпе білдіреді, қайтеміз, жаратылысымыз солай, көр түземесе, адамның қолынан келмейді. Үндемегеннің бәрінде үйдей бәле бар деу де қате. – Сонда қалайдыны қоя тұр. Өзің айта беретін «Неге біз осыны» енді мен айтсам: неге біз осы байлығы бар адамды бандит деп есептейміз. Кім қабілетті – сол ғана байлық жинап алды. Баяғыда да сөйткен. Ақымақтың аты – ақымақ, етегіне салған бір уыс бидайды төгіп-шашып алады немесе ап деп асап қояды; ол бидайды үнемдеп, егіп, баптап күтіп – мол өнім алуды білмейді, немесе ерінеді»; «Көз алдына ақ боз атты Қыз келді... Өң мен түстің, ұйқылы-ояудың арасында адасып жатқан Ерік: «Келші, жаным, мен сені көп тостым, сағындым», – деп алақанын жая шақырады, тұрған орнынан қозғалмаған Қыз «мен сізден қорқамын» деп басын шайқайды; «Неге,

қалқам, негелеп» жалына шақырады, «Сіздің жүрегіңіз жоқ, аға, сіздің жүрегіңізді ара шағып алған» деп, есіктен шығып кете барады...».

Шығармадағы Таған образы қарама-қайшылықта сипатталған бейне. Бір кезеңдерде бүкіл елді аузына қаратқан саналы, салиқалы, терең білімді, көркіне көз тоймайтын көркем жігіттің тағдырдың тәлкегіне ұшыраған аянышты халі кімді де болса бейжай қалдырмайды. Ал оның осындай бейшара кейіпке түсуіне қоғам итермеледі емес пе? Өмір жолындағы кедергілердің ауыр соққысына мойып, сағы морт сынған жігіт барынан айырылып бір күнде адамдық қадір-қасиетін жоғалтып алады. Астарында «ұлтшылдықтың сарыны» жатқан деген желеумен ғылыми жұмысы қорғалмақ түгілі өзі қуғын көріп, жігерсіздікке бой алдырып, шарасыздық танытады. Міне, Таған бейнесі шығармада сол шарасыздықтың нәтижесін ащы судан тауып, алжасып жүрген кезін сипаттаудан басталады: «Шашы құйын ұрғандай дудырап білтеленген». «Оның әбден арақ өтіп лайланған көзі кең ашылып, сөне қоймаған ашу ұшқыны, бәлкім, намыс шоғы жылтырады»; «..анау иілген құс қанат қастың астындағы қара көзде»; «Қолы-басы дірілдеп, аш аруақ секілді еңбектеп жүрген мүскін, расында да орангутанқа өте-мөте ұқсап кеткен»; «Кеберсіген быт-шыт ернін жалап, жараның орнындай үңірейген ұясына кіріп кеткен көзі жыпылық қаға еңіреп жіберген» [3, 24]. «Көз алдында көлбеңдеген арақ-сайқал ғана ежелден қалмай келе жатқан көңілдесіндей қылмындап, көзін қысып жымындап, жетелейді-ай, дедектетті-ай»; «Жағасы жайлауда, мойны сорайып, эрозияға ұшыраған даладай сортаңданған бетінен айғыз-айғыз тер сорғалаған Қарабура да ербиіп орнынан тұрды»; «Мең-зең, дел сал бейбақтың күнә, пәле-жала, айқай — шудан таза мұнтаздай мұңы бар еді». Мұнда жазушы құс қанатындай мұнтаздай мұң теңеулерін, құйын ұрғандай дудырап білтеленген шаш, лайланған көз, аш аруақ, кеберсіген быт-шыт ерін эпитет сөздерін және жараның орнындай үңірейген ұя, арақ – сайқал метафоралық тіркестерін пайдалана отырып, Тағанның ішкі болмысын жайлаған қасіреттің сырын сыртқы түр-тұлғасы арқылы әсерлі өрнектей алғанын көреміз.

Шығармада жүрегіне ізгілік ұялаған, ибалы да инабатты келін Айна образы жазушы тарапынан ерекше ілтипатпен суреттеледі. Айнаның ішкі сыры, болмысы өзінің іштей монологі арқылы айтылады. Сонда кейіпкердің «Қатын суының жағасындағы өзінің меншікті мекеніне барып, дәтке қуат, жанға суат арқыраған асау өзенмен» сырласуы арқылы біз оның бүкіл жан сарайының сырына қанық боламыз.

Өткен ғасыр – қазақ халқы мен мәдениеті, шығармашылығында үлкен ақтаңдақ қалдырған кезең. Ұлтқа қатысты мәселені айтуға, жариялауға, жазуға болмайтын уақыт. Алайда халқын сүйген, жеріне адал жазушылар постмодернизм бағытының түрлі ағымдарын пайдаланып ойы мен көзқарасын, ішкі толғанысын жеткізе бастады. Солардың алғашқысы – осы Оралхан Бөкей. Оның «Апамның астауы», «Кербұғы», «Өз отынды өшірме...», «Атау кере» сынды шығармаларында ұлттық мәдениет пен ұлттық салт-дәстүрдің, ұлттық ойлаудың, таным-түсініктің сырлары жайында

толғаныс айтады. Мәселен, «Апамның астауы» әңгімесінде халқымыздың ұлттық мәдениеттен ажырап бара жатқанын астау мен келінің ауылда қаңсып қалған бейнесі арқылы жеткізіп, тарихи жәдігердің ғасыр жетегінде жұтылып бара жатқаны қалай жанына бататынын сөзбен өрнектеген. Ал «Атау кере» романында болса, жазушы бұдан да терең ұлттық пәлсапалық ойдың ұшығын шығарады. Жалпы шығарманың өзі 1989 жылы жазылған. Бастапқыда екі атауы болған екен: бірі – «Қауіпті будан», екіншісі – «Атау кере». Басында «атау кере» елге түсініксіз атау болар деп «Қауіпті будан» деп қойған. Бірақ кейін мұнда да ұлттық дүниелер астыртын жеткізілгендіктен халқымыздың жан-дүниесіне жақын «Атау кере» ұғымымен береді [4, 19]. Оралхан Бөкейдің аталмыш шығармасы арқылы қазақ келіндерінің болмысын, олардың шыдамдылығын, төзімділігін Айна бейнесі арқылы берсе, туған баласына бере алмаған ақ батасын келініне бергенін меңзегендей болады. Қазақ ер-азаматтарының ата-бабамыздан келе жатқан ұлттық құндылықтардан алыстап бара жатқандарынан хабар бергендей астарлы оймен оқырмандарға ой салды. Сонымен қатар әке мен бала арасындағы рухани жалғастық үзіліп бара жатқаны жайлы да аңғаруға болады, өмірдің түрлі өткелдері арқылы бала бойында қалыптасатын мінез бен әрекет әкенің тәрбиесінен алыстатпаса дейсің... Бұдан қаламгердің шеберлігі мен өзіндік қолтаңбасының ерекшелігін көреміз. Сондықтан «Атау кере» шығармасын жалпыадамзаттық, ұлттық идеяларды қозғаған шығарма деп қабылдауға болады.

О.Бөкей шығармаларында уақыт пен кеңістік композициясы үлкен орын алады. Шығармаларда суреттелетін оқиғалардың уақтысы, мезгілі нақтылы көрініс табады. Жазушы «біздер тарих-ананы қатты ренжіттік, өз ұлтымыздың тарихын кісенде ұстадық, киесі ұрады деп білмедік, қазақ ұлтының ұлттық құндылықтарын дәріптеуде тамаша өрнекті сюжеттер жасай білген.

Түйіндей келгенде, қаламгер сомдаған кейіпкерлер өздерінің ішкі болмысы арқылы сыртқы шындық өмірдің жұмбақтарын түсінуге, сөйтіп, қазақ баласының ішкі жан дүниесі мен көзқарасының көркем әлемін жасаған.

Пайдаланған әдебиеттер:

- 1 Аймұхамбетова Ж. Оралхан Бөкейдің метаморфозасы. // Жалын. – 1999. - № 5 – 6. – 192 – 199 б. 2000
- 2 Сахариева Н. Оралхан Бөкей шығармаларын оқыту // Қазақ тілі мен әдебиеті. – 2000. - № 4. – 14 – 16 б.
- 3 Шарабасов С. О. Бөкеев әңгімелері құрылатындағы фольклорлық сұраныстар // Ізденіс. – 2000. - № 4-5 – 22 – 26 б.
- 4 Омарова Д. Халықтық тіл мен әдеби тілдің байланысы (Оралхан Бөкейдің «Атау кере» повесі бойынша) // Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде. – 2009. - № 12. – 18 – 25 б. 2010

*Қабылов Миіржан Рамазанұлы,
«Нәзір Төреқұлов атындағы
№ 35 мектеп-лицей» ШЖҚ МКК
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі*

ОРАЛХАН БӨКЕЙДІҢ «АТАУ КЕРЕ» ПОВЕСТІНДЕГІ КЕЙІПКЕРЛЕР БЕЙНЕСІ

Қазақ әдебиеті проза саласында өнімді еңбек етіп, жаңаша идеялық-көркемдік ізденістерімен дараланып танылған жазушының бірі Оралхан Бөкей. Оның барлық шығармасын алып қарасақ та, белгілі бір әлеуметтік ой-танымдардың өзіндік қыры ретінде әлем, табиғат, қоғам, адам жайлы дүниетанымы мен көзқарасына сай бейнелену принциптерінің ерекшеленетініне көз жеткіземіз. Оның туындыларының идеясы – өмір философиясына жүгіну, адамның мінез-құлық табиғатын ұғыну болып табылады.

Оралхан Бөкейдің «Атау кере» повестінде адам мен табиғат қатынасы, характерлер тартысы толық шешіліп, философиялық даму сатысында тұрғанын аңғарамыз. Осы шығарма автор адам ғұмырының мәні, оның ой-санасының адамгершілік болмысына қатысы, жалпы жамандық пен жақсылық, әділет пен зұлымдық туралы өзінің философиялық концепциясын ұсынады. Басын қатырып, санасын сарсылтып, көкейін тескен осы сауал жауабын жаңаша қарастырғысы келген автор жүйелі экзистенцистік әдісіне жүгінеді. Адам өз өмірінің себепкері, әрі өз ауыртпалығын өзі көтеруші деген ұғымды жеткізгісі келген, бір Жаратқан иеден жан-тәнімен қорқуды мазмұндайтын осындай сипаттағы шығармаларды экзистенциализмге жатқызамыз. Жазушы жазғысы келгені мен айтар ойы және идеясын жарқырата жеткізуде бұл ұғымға жығылғаны шығарманың ішкі мазмұнының негізгі астарының сұранысына байланысты болса керек. Автордың басты идесы – өлім, қиналу, үрей сәттерінде ғана адам өзінің нағыз өмір сүрудегі мақсатын, өз табиғатын ұғынады, ал басқа уақыттарда кәдімгі күнделікті күреңтөбел қу тіршіліктің күйбеңімен жүре береді деген ұғымға саяды. Шығармада жеңіліс пен жеңіс, түңілу мен үміт, қиянат пен қайырым, аярлық пен адамдық, марғаулық пен махаббат арасындағы тартысты күрес, өткен тарих пен бүгінгі нақтылықтың ажырамас аясындағы ұлт тағдыры мен келешегі таразыға тартылған романның кесек-кесек идеяларының түйіні кульминациялық сәтіне жетіп, ширақ та шымыр тарқатылады.

«Атау кере» елімізге нарық заманы енді ғана келе бастаған уақытта жазылғанын ескергенде, автордың Ерік бейнесі арқылы қоғамда «бәрін сатуға, бәрін сатып алуға болады» деген көрсөқыр, аса қатерлі, адамдыққа да жаратылысқа да қайшы көзқарастың жаппай етек алуынан алдын-ала сақтандырғаны хақ. Ал, Еріктің ақырында бүкіл тірлігі баянсыз болып, тіпті адам емес, жәндік-сонаға айналып қорлық, мазақ күйде өлуі заңдылықтай қабылданады. Иә, ол өзі тандап алған оңай жолдың, жат, арамза тірліктің

құрбаны болды. Табиғат ананың омырауын суалғанша сорып, жаратылыс тегін беретін байлықты өзгеден бұрын, өзгелерден тез тартып алу үшін Ерік қолынан келгенін аянбады, тіпті сонау мұхиттың арғы жағындағы тұқымы бөлек, өлермен, тойымсыз шетелдік еркек араларды алдырып, олардың жергілікті «жеңілтек» аналықтармен будандасуынан түрі бөтен, түсі суық қауіпті бір ұрпақ пайда болды. Бұлар қылшығы бұзылмаған, жайқалып, тұнып тұрған майшелпек, әрі бөтен аймаққа келісімен айналадағы өсімдік атаулының шырынын таусып біткенше тыным таппайды. Өзі де «будан» тұқымға жататын ұлының қанағатсыз тірлігін жақтырмаған шешесі Нүрке кемпірдің: «жат жұрттық ешқашан жарытқан да, жерсінген де емес, бүгін балын берсе, ертең уын ұсынады...» - деген ескертулері еленбей, ақырында кемпірдің ажалы да сол шетелдік аралардан келген. Бұл, әрине, әдебиетте жаңалық емес. Бұрыннан бар, оқырманға әлімсақтан белгілі көркемдік әдіс-тәсілдер. Дей тұрсақ та, табиғатпен адам өмірін қабыстыра, жымдастыра, қиыстыра параллель алып суреттеу, сөз жоқ, жазушы ізденісінің айқын айғағы. Оған астар беріп, мағына үстемелеу де қос шығарманың құнын одан сайын арттыра түскендей. Ендеше бұл шығарманы қазақ әдебиетіне олжа салған туынды деп атауымызға болады. Бұндағы негізгі жаңалықта Оралхан Бөкейдің ізденісі, тақырыпты терең игергені, мазмұнға салмақ артқаны.

Оралхан Бөкей уақыт категориясын оқиғаның дамуымен, шиеленісуімен қатар байланыстырады. Кейіпкердің түсі мен ішкі монологын да уақыт пен кеңістікке бағыттайды. Шығармадағы басты мәселе рухани жалғыздықтың кеңістікке әсерін, кеңістіктің жалғыздыққа әсерін керемет астармен шиеленістіреді. Жазушы шығарманы жазу барысында өзінің субъективті көзқарасын міндетті түрде басшылыққа алды. Жазушының субъективті көзқарасы оның ішкі – «мені». Автордың субъективті көзқарасын кейіпкерлердің философиялық тұжырымдарынан көруге болады. Романның басты үш кейіпкері Таған, Ерік, Айна – замандастар. Ерік пен Айна ерлі-зайыпты. Алайда, олардың үшеуі – шығармадағы үш негізгі арнаны құрайды, үшеуі – үш әлем, үш категория. Осы үш категорияның философиялық көзқарасына қосалқы әсер ететін төртінші кейіпкердің де өзіндік пәлсапасы бар. Ол шығармада – Нюра Фадеевна. Автордың өзіндік толғаныстары шығармада жиі ұшырасады. Таған кешегі от ауызды, орақ тілді, жалындап тұрған жас аспирант. Үлкен білімнің жолына түсіп, әлі көп ешкім бара қоймаған тың, батыл тақырыптарда ғылыми еңбек жазып жүрген жас ғалым. Бүкіл болашағы алда көрініп, барлық жас ізденімпаздарға тән ерекше ынта-жігер, үміт-сеніммен еңбегіне құлшына кірісіп, ерте көзге түсіп, жоғары оқу орындарында студенттерге лекция оқитын. Алайда, кеңестік жүйедегі барша саналы жандарды сан мәрте сансыратқан қастандықтар алдынан шығып, тауы шағылады. Таған – қандай қоғамның болмасын ажырамас бөлшегін құрайтын зиялы қауым өкілі, соның ішінде жеке бастық пасық мүддеден мүлде биік тұрған, елін, ұлтын алға бастырсам дейтін адал, таза, озық ойдың адамы, біз айтып отырған романдағы үш арнаның прогрестік, дамушылық, қазіргі тілмен айтқанда демократиялық мазмұнын

білдіреді. Бірақ «әркімге еңбегіне қарай, әркімге қабілетіне қарай» дейтін әдемі ұранды жариялағанымен, ең алдымен саналы, қабілетті деген мүшелерінің көзін құртуға тырысқан тоталитарлық жүйеде Тағандар азшылық, Тағандар әлсіз, ең бастысы қауіпті санатқа жатады. Оларды құртудың, кудалаудың сан-түрлі амал-тәсілі ойлап табылғаны мәлім, соның бірі «атау кере» аталып, талай жақсы мен жайсаңның түбіне жеткен арақ болатын.

Ерік өзінен озғандарды, суырылып алған шыққан шешенсігендерді өлердей жек көреді, ол студент кезінен бері «мейманасы тасығандардың мысын басу, басына бақ қонғандарды басындырмау үшін жаралғандай» бойын соқыр қызғаныш билеген қараниет, пасық жан. Ғылым-білім, мәдениет-өнер жолындағылардың бәрін еңбексіз күн көретін арамтамақ санап, зиялы атаулыны ата-жауындай көреді. Бір кезде өзінен тым биікте тұрған, ғылым мен білімде қатарластарына дес бермеген аспирант кластасы Тағанның араққа ғана жеңіліп, алқаш атанып, ендігі бір жұтым сыра үшін мұның құлы болуға дайын екендігін көргенде төбесі көкке жеткендей қуануы да сондықтан. Аярлығының шексіздігі сонша - бір ауылда бірге өскен досының бейшаралық кейіпке түсіп, қамқорлыққа мұқтаж күйін көре тұра, атының артына мінгізбестен ауылдан қиян тауға қарай жаяу салпақтатады, ол аздай енді оны өмір бойы құлдықта ұстауды ойлайды.

Айна – құдай қосқан қосағына жан-тәнімен, ақырына дейін берілетін қазақ әйелдерінің дәстүрлі типінің жарқын өкілі, айнасы. Ол күйеуінің артынан еріп, айдаладағы тау арасына барып бірге тұрып, табиғаты қатал ортада жан бағудың барлық қиыншылықтарын қайыспай көтерісіп, сал болып қалған ауру енесін қабақ шытпай бағып-қағады. Арада жылдар жылыстап өткенде барып, жастай қосылған күйеуінің кейін ауылдан, адамдар ортасынан безініп, бұған түсініксіз болып бара жатқан күйкі тірлігі, тоңмойын мінезі, тіпті өзіне әйел ретінде қарауды қойған мейірімсіздігі, қыл аяғы жар қызығына да зар болып, жастық, қызулық ғұмырының қараң тартып бара жатқаны, Еріктің анау ауылдан итше ертіп келген, өзін бір жерден көргендей, досына деген қатыгездігіне әбден көзі жеткенде ғана көп-көп ойларға беріліп, көкірегі қарс айырылады. Иә, Айнаның Тағанды аспирант кезінде көргені рас-ты. «Студенттік өмірінің ішінде, әсіресе есінде қалғаны – үнемі бір ой үстінде жүретін қара бура шашты, кірпіктері қолмен қондырғандай үлкен қара көзін қоршап тұрған аспирант еді. Жалғыз-ақ рет көрсе де өмір бойы есінде қалған. Кей кезде түсінде көріп, қиялында қалған аспирантты шақырып жатып оянатын мезеттері де болған».

Оралхан Бөкей – ой айтуға бейім жазушы. Жазушы көксеген жан тазалығын, ар тазалығын, маңдай термен нан табудың мехнат-рақатын, ұлттық мүдделер, ұлттық рух идеалын оның әрқилы тағдыр, әр қалыпты ғұмыр кешіп жатқан кейіпкерлері өмірлік мұрат еткен. Жоғарыда айтып өткеніміздей, туындыдағы тұғырлы үш арнаның бірі – сұлулық пен әдемілік, жастық шақтың қас-қағымдай жарқын сәттерінің белгісі, ізгілік пен қайырымдылық, сезім мен махаббат қуаты Айна образы арқылы бейнеленеді.

Онсыз өмірдің мәні, демек шығарманың да сәулесі болмас еді. Ал дүние құмарлық, қатігездік, тәкаппарлық қасиеттерін Ерік бойына сыйдырса, Тағанды әлсіз, көнбіс адам ретінде көрсетеді. Ал жазушы Нюра кемпірдің жайын мүлдем жаңа қырынан көрсетіп, оның іс-әрекеттерінің ақ-қарасын оқырман өзі шешіп алсын дегендей, екі соқпақта қалдырады. Әдебиетші Гүлжан Ыбырайқызы «Атау-кередегі» Нюра кемпірдің жалғыздық күйі – қарт адамның өмір көшінің соңындағы тына бастаған қалпымен де, баласы Еріктің қалауымен болған ортадан жырақтау жағдайымен де, тіпті қала берді, қаншама жерден қазақтың отанасы болғанымен де, діл, орта, арғы негіздер тұрғысынан да қылаң беруі тиіс жалғыздығы деп есептейді. Олай болатыны рас та. Себебі өлім аузында жатқанда Нүрке кемпірдің қайта шоқынуы тек Айнаны ғана емес, Оқырманын да шошытары заңдылық. Сюжеттің шарықтау шегі – тордан шыққан будан аралардың есік алдында отырған Нүрке кемпірді шағуы. Ол өлер шағында бой жасап, сөйлей бастайды. «Асықпай дәреттеніп, ақтық дәм – атау-кере суын ішіп болған соң, Алла тағалаға мінажат білдіріп, рахымына көнетінін, төтеден жіберген дертіне мың да бір алғысын айтып, ұзақ күбірледі. Бұдан соң «бисмилла рахман рахим» деп, екі қолын кеудесіне қойып, шалқалай жатып көзін жұмды... Енесінен көз алмай отырған Айна бір уақта... жаңа ғана қыбырсыз жатқан: бұл түсінбейтін орысша әлденені айтып күбірлеп, бұл түсінетін «о, господи, прости своего грешного...» деген сықылды сөздерді араластыра сөйлеп, шоқына бастағанын көргенде... иә-иә, көргенде... екі көзі шарасынан шыға шошынғаны соншама, «апатайымау, мұның не?!» деп, айқайлап барып құлады. Талып қалды. [3, 131]

Қорыта айтқанда, дүниеқоңыздық, ашкөзділік адамды жарға жығады, берік мақсаты болмасы адасушылыққа әкеледі. Тек ішсем, жесем деп ойлайтын, байлықты ғана көксейтін адамдар қоғамды басып ала ма деп қауіптенуіміз керек. Себебі, бұл - адамның рухани жағынан азуы. Бұған себеп отбасындағы құндылықтардың төмендігінен, тәрбиенің құлдырауынан және материалдық құндылықтарды бірінші орынға қоюынан деп түсінуіміз керек. «Ел болам десең, бесігіңді түзе» демекші, адамның рухани өсуі, өмірге көзқарасы, адамгершілік қасиеттер, мейірімділік, жанашырлық отбасындағы тәрбие арқылы қалыптасатынын естен шығармауымыз қажет.

Пайдаланған әдебиеттер:

- 1.Тәуелсіз ел әдебиетінің даму ерекшелігі. Тамабаева Қ.Ө. Алматы, 2014ж
- 2.Ахметов З, Портрет. Әдебиеттану. Терминдер сөздігі, Алматы, «Ана тілі», 1998 ж, 344 бет.
- 3.Қазақ әдебиеті. Жалпы білім беретін мектептің 11-сыныбының жаратылыстану-математикалық бағытына арналған оқулық. Р.Зайкенова, Р.Сакенова, Л.Н.Нұрланова
- 4.Серғалиев М. Көркем әдебиет тілі. Алматы, 1995, 172 бет.

*Махмутова Гүлсая Ренуарбекқызы,
Мұстафа Шоқай атындағы
№51 мектеп-гимназиясының
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі*

ОРАЛХАН БӨКЕЙДІҢ «АТАУ КЕРЕ» ШЫҒАРМАСЫН ОҚЫТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

Бүгінгі таңда жаңартылған білім мазмұны білім алушылар мен оқытушылар үшін биік талап қойып отырғаны белгілі. Көз ілеспес жылдамдықпен дамып жатқан заман бәрімізден жаңашылдық пен ізденісті талап етеді. Соған орай, білім берудегі бағдарламаларға өзгерістер енгізіліп, білім мазмұны жаңаша сипатқа ие болды.

Сауатты, өз ойын еркін жеткізе алатын тұлға қалыптастыру қазіргі оқу процесінің басты талаптарының бірі болып саналады. Шығармашылық тұлға қалыптастырудың бір жолы ең алдымен оқушылардың танымдық қабілетін жетілдірумен жүзеге аспақ. Осы орайда, өскелең ұрпаққа білім мен тәрбие берудегі қазақ әдебиеті сабақтарының маңыздылығын атап өткен жөн. Әдебиет – белгілі бір халықтың өткені мен бүгінінен оқушыларға хабар беретін аса маңызды құрал. Біз - әдебиет арқылы бір ұлтты тәрбиелеген халықтың ұрпағымыз. Сондықтан да әдебиет сабағында көркем шығармаларды талдай отырып, оқушының өн бойына ұлттық салт-сана мен рухани құндылықты меңгерту-әр ұстаздың парызы деп білемін. Әдебиет сабақтарында оқушы шығарманы *түсініп, берілген сұрақтарға жауап беру арқылы анализ, интерпретациялауды* меңгере білуі керек. Сол арқылы шығармаға баға беріп, өзге шығармаларымен салыстыра отырып талдайды. Міне оқу дағдысын қалыптастырудағы осы критерийлер арқылы біз болашақта өз ойын еркін жеткізе алатын, белгілі тақырыпты талдай отырып, аргумент ұсына алатын, сол арқылы қорытынды жасай алатын тұлға тәрбиелейміз.

Қазақ әдебиетіндегі көркем туындылардың барлығы дерлік оқушының таным түйсігін дамытатын, өмірге қажет болатын шығармалар. Соның ішінде әдебиет сахнасынан ойып тұрып орын алған классиктеріміздің бірі-*Оралхан Бөкей*. Оралханның Алтай тауларындай биіктігі оны оқып отырған оқырманды да биік болуға талпындырады. Салы суға кеткен адамның өзі оның шығармаларынан ерекше рух алып, табиғатты суреттейтін тұстарындай ерекше күйге бөленеді. Міне осы тұсты біз өз сабақтарымызда тек жазушының өмірін немесе шығарманы ғана оқытып қоймай, жазушы қолтаңбасын, оның үнін, өмірлік ұстанымын айқын аңғартуымыз қажет. Бүгінгі Z ұрпақтың таным түсінігінде өзін-өзі іздеу, тану сынды элементтер Оралхан шығармаларында ерекше көрініс табады. Ол-тілдік қоры мол, ойы терең, адамның жан дүниесіне терең бойлап, жұмыр басты пенденің тіршіліктегі өзі байқай бермейтін арзан тірлігін көзге көрсететін қаламгер.

11-сыныптың бағдарламасында автордың «Атау кере» (Қауіпті будан) деген шығармасы берілген. Оқушылар Оралхан шығармашылығымен б-сыныптағы «Тортай мінер ақ боз ат» шығармасы арқылы таныс болған. Тортайдың бойындағы адалдықты біз Оралханның өн бойымен байланыстырдық. Сондықтан да Тортайға ерекше ықыласы ауған оқушылардың басым көпшілігі сол кезде-ақ Оралхан шығармашылығымен таныс болды деп білемін. Автордың шығармаға берген «Атау кере» немесе «Қауіпті будан» деген атауы әр адамды елең еткізеді. Себебі бұл тіркес күнделікті қолданыста көп қолданыла бермейді және оқушылар да таныс емес. Шығарманы оқымастан бұрын «атау кере» ұғымына мұғалімнің көмегімен анықтама береді. Атау кере - пенденің соңғы демі қалғанда ішілетін суы, «қолымнан ішкен ақтық дәмің болсын»-деп бақилық болғалы жатқан адамға су немесе сұйық ас ішкізген. Осы атаудың мағынасын бір оқушы ортаға шығу арқылы «**Сиқырлы қобшидан**» үш түрлі сөйлемді оқиды. Оқушылар мағынасына қарай отырып, «атау кере» сөзінің түп-төркінін анықтайды.

Қаламгердің қиялынан туған кейбір оқиғалар мен кейіпкерлер әлемінің жан дүниесін оқушылар түгілі, сана сезімі толыққан ересек адамның түсінуі қиын. Сондықтан Оралхан шығармаларын оқыту кезінде оқушыларға жазушы көтеріп отырған күрделі мәселелерді көрсетудегі автордың айтқысы келіп отырған ойын оқушыға еркін тілде түсіндірудің маңызы зор. Бұл шығарманы тұтастай оқытып, сосын сұрақтар арқылы пысықтау-қиынның-қиыны. Сол себепті аталған повесті оқытып, ондағы Таған арқылы көтерілген мәселелерді түсіндіру үшін бірқатар әдістер қажет.

Шығармадағы кейіпкерлерге сай суретті көрсету арқылы оқушыларға басты кейіпкерлер туралы шағын ақпарат беріледі. Оқушылар шығарманы оқу кезінде кейіпкерлердің бейнесін көз алдына елестете отырып, оқиды. Мысалы төмендегідей суреттерді ұсына отырып, ой қозғасақ болады.



Повестті оқыту барысында оқушыларға ой салу, шығарманың мазмұнына терең бойлау мақсатында мұғалім сыни тұрғыда ойлауды дамытудың «**Ыстық орындық**» әдісін алуға болады. Оқушыға Тағанның лекцияларын оқыта отырып, ондағы көтерілген мәселені орындықта тез түсіндіріп айтуы керек. *Себебі орындық-ыстық.* Нәтижесінде оқушылардың ойлары да Тағанның ойынан кем түспеді. Төменде кейбірі ұсынылған:

Табиғат жаратқан алқам-салқам болмайды, ол – әмісе әдемі, әмісе сүймейді, әрі шыншыл, әрі ақылды, сондықтан да адамдар секілді	Иә, Тағанның айтқанына келіспеске амал жоқ. Себебі, табиғат біздің бір бөлшегіміз. Өз жанынан бір нәрсе бөліп бермесе, адамнан ештеңе сұрамайды. Бергенінің бәрі
--	--

<p>кателеспейді. Табиғат – мәңгілік тірі, өтірік айтпауды, алдап-арбамауды табиғаттан үйрену керек, өйткені ОНЫҢ (жүрегі таза). Табиғат бізді алдаған емес, тек өзімізді өзіміз ғана қан қақсатамыз, қан жоса қыламыз. Табиғат қате жібермейді, егер «ақымақты» дүниеге келтірсе, онда ол ақымақтың да бір нәрсеге қажеті болғаны; Табиғатта адамнан басқа артық нәсте жоқ, тек БІЗДЕР ғана жаратушының гармониялық берік байланыстағы тізбегіне кіре алмаймыз... [1,101]</p>	<p>өтеусіз, адам игілігі үшін. Тек адамның соны түсіне алмайтыны Тағанның да ашуын келтіреді. Мысалы, қарапайым аюдың Айнаға шаппауын алсақ болады. Табиғат берген жыртқыштығы болса да, алдында тұрған адамның күнәдан пәк, жыртқыштан айырмашылығы бар екенін, ол да табиғаттың бір бөлшегі екенін хайуан болса да түсініп тұр. Айнаның да Ерікке сол аюды атпауын өтініп сұрауының өзінде, жақсылыққа деген өтеудің орны бар екенін аңғартады. Бірақ, Ерік секілді табиғат түгілі, адамшылдыққа бас ұрмайтындар үшін бұл тақырып алыстау еді.</p>
<p>...Егер мен секілді адамдар арақты қойса, онда біраз бастықтар тағын тапсырып, жан сақтай алмай қалар еді. Қазір... жетіскен заман, олар біз секілді ішпейді, сауысқаннан сақ, түлкідей айлалы, қасқырдай қорқау. Егер ОЛАР ішсе, ақымақтығы ашылып қалады, сондықтан да өзінен гөрі ақылды әрі қауіпті басы істейтіндерді есебін тауып іштіріп жібереді. Мен СОЛАРДЫҢ құрбанымын. [1,87]</p>	<p>Таған ғана емес, Таған секілді ар мен намыс жолында, адалдық жолында қызмет ететіндер, адамшылдықтан ада болғандардың құрбаны. Қазақта тамаша сөз бар: «Тексіздер төрге шыққанда тектінің басын доп қылады, білімсізге билік тисе білімдіні жүн қылады». Бұл жердегі тексіз деп тұрғанымыз-Ерік. Тегінде анықтық жоқ ұрпақтың будан аралар секілді ел ішін улайтыны бесененден белгілі.</p>
<p>Тау мылқау деп кім айтты, жүрегі, тілі бар, тек естір құлақ керек; ал құлағы мен көзі барлардың да естімейтіні, көрмейтіні толып жатыр. Дүниені алатайдай бүлдіретін де солар. Құлағы бар – керең, жанары бар – соқырлар... сондықтан да жан дүлейлігінен сақтасын... [1,146]</p>	<p>Көзі көріп тұрса да, жүрегі көрмейтін, құлағы естіп тұрса жүрегінің үні естімейтін адамдар қаншама?! Олар үшін өмірдің құны немен өлшенеді екен?! Мен үшін сол қызық жағдай. Жаратқанның берген жарты ғұмырын иманға толы жүрекпен, нұрға толы көзбен, дұғаға толы ауызбен өткізгенге не жетсін?! Біз жас болсақ та, соның бәрін ұғынып, түсініп келеміз. Қазіргі жастар үшін шыны керек, өмірдің бар мәні-рухани даму мен жетілуде. Мені сол шын қуантады. Қазіргі жастар байлық, мансап, билік дегеннен әлдеқайда биіктеп кеткен.</p>
<p>Қорқыныш екі аяқты, жұмыр басты пенденің асыл қасиеттерінің бірі шығар. Неге екені белгісіз, кейінгі дәуір ұрпағы қасиеттен жүрдай</p>	<p>Таған секілді, мен де «қорқынышы» жоқ адамнан қорықамын. Алладан ғана қорқу пендені одан тыс жоқтан өзгеден қорқудан арылтады. Құранда Жаратушымыз: «Егер</p>


<p>болып, бірыңғай міз бақпас «батырлар» көбейіп кеткен секілді... [1,178]</p>	<p>шынайы мүмін болсандар, олардан қорықпандар, тек менен ғана қорқындар» деу арқылы шынайы мүміннің тек қана Алладан қорқатынын, түптеп келгенде қорқудың да иманнан екенін ұқтырады. Адам бойындағы қорқыныш сезімін жан-жаққа ыдыратпай бір ғана Аллаға бағыттайтын аятта: «Тек қана Менен қорқындар» дейді. Алладан қорқатын адам, өмірдің бар жаманшылығы мен арам пиғылынан қорқады деп білемін.</p>
<p>Біздер тарих-ананы қатты ренжіттік, өз ұлтымыздың тарихын кісенде ұстадық, киесі ұрады деп білмедік. Шала-жансар оқулыққа сендік, шала сауаттыларға сендік, шабына от түссе де айтайық: өкімет басында отырғандардың бар-барлығына сендік, олардың ақ дегені – алғыс, қара дегені – қарғыс болды. Міне сондықтан да халық адасты... адам жадынан, есіне айрылды. [1,44]</p>	<p>Жалпы, кеңестік жүйенің «химиялық қаруына» айналған алькагольді ішімдік жекелеген адамдардың ғана емес, тұтас бір ұлттардың азып-тозуына дейін жеткізгені сібір халықтарының тағдырынан әбден мәлім жайт. Мұндай қыл көпірден қазақтардың аман өтуі дәстүрлі тағамының құрамында ежелден айран, боза, қымыз сынды ашыған сусындардың болуы, яғни ағзаның дайындығынан ғана құдай сақтаса керек.</p>
<p>Неге біз осы бұл дүниенің барлық мүлкін арғы дүниеге арқалап кетердей, мұрнымыздан қан аққанша жиямыз, а? Айтыңдаршы, ағайын, салт басым, сабау қамшымнан басқа түгім жоқ менің сендерден қай жерім кем? Кімнің тұнығын шайқаппын, кімдердің ырысын ішіп тауысыппын?! Соншалықты неге жек көресіңдер? Мен – талантпын. Менің билетінімнің, тәңірім-ау, бес процентін игерсеңдер, әлдеқашан данышпан болып, әлемнің билігін қолдарыңа алмайсыңдар ма? [1,92]</p>	<p>Таған көтерген лекция тақырыбы әлі де ауқымды, әлі де шешімін таппай келе жатырған мәселелердің бірі. Қазақта «Жапалақ құс мақтанса жардан тышқан алдым дер, жаман адам мақтанса жақсыны аяғынан шалдым дер» деген аталы сөз бар. Шыны керек, білімсіз билік еткен тұста, білімдінің бейшара халге түсетінін Тағанның образынан көруімізге болады.</p>

Сонымен қатар, деталдарды табудағы ерекшелікке журналист Аман Тасыған жүргізетін «Алғашқы» деген бағдарламаны алуға болады. Оқушыларға шығармамен байланысты детальдың суретін ұсына отырып, шығармамен байланысын анықтауға болады. Мысалы *ара, арақ, жайнамаз, крест белгісі, ақша, кітаптың* суреттерін көрсетуге болады.

Әдебиет-жай ғана «сабақ» деген аяға сия бермейтін кең ұғым. Біз әдебиет сабағының негізгісі көркем шығарманы талдау деп есептейміз. Оралхан бұл шығармасы арқылы сол заманда кең таралған интернационал

некеге сыни көзқарасын танытады, мұны қолдамайды. Оны ұлтты құртудың жолы, амалы деп таниды. Мұндай ойын тіке айта алмағандықтан, "Атау кере" сынды пәлсапалық романы арқылы астыртын жеткізуге тырысқан. Аралас неке ұлттың атау кересі дегендей сынай танытады. Міне осы ойды немесе көркем шығармадағы Таған көтерген мәселелерді, «БП Ерік перзенттік парызын өтей алды» деген сынды сұрақтарды Карл Поппердің «Дебат – пікір сайыс» бағдарламасы бойынша да талдауға болады. Бірі білсе, бірі білмес, дебатта эссенің құрылымы тұр. Оқушылар дебатта көтерілген мәселені позиция ретінде ала отырып, екі жақтың құрған аргументтерін негізгі бөлімге пайдаланса болады.

Бұрын «Зымыран сұрақтар» арқылы көркем шығарманың мазмұнына қатысты сұрақтар қоя отырып, пысықтайтынбыз. Ал қазіргі таңда оны «Quizizz», «Kahoot» сынды қызықты бағдарламалар арқылы жеңілдетуге болады. Мұның бір артықшылығы-оқушылар өздерін бағдарлама арқылы бағалай алуы. Бұл-оқушының да, ұстаздың да уақытын үнемдеуге таптырмас құрал.



Қорытындылай келе айтарым, «Атау кере» шығармасын оқыту арқылы біз суреткердің қоғамдық – әлеуметтік мәселелерді басқаға ұқсас өзіндік ізденістерімен көтере білуіндегі ерекшеліктеріне жаңаша пайымдаулар жасау арқылы Таған сынды тұлға тәрбиелейміз. Жазушы шығармаларын оқыту, сол арқылы қарапайымдылық пен шынайылыққа жетелеу, жас оқырманның эстетикалық талғамына, ұлттық сана-сезімін қалыптастыруға ықпал етеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1.Бөкей Оралхан. ШЫҒАРМАЛАРЫ. Роман, повестер/-Алматы: «Ел шежіре», -2013, -384б

ОРАЛХАН БӨКЕЙДІҢ «ТОРТАЙ МІНЕР АҚ БОЗ АТ» ХИКАЯТЫНДАҒЫ ӨМІР ШЫНДЫҒЫН ТАНЫТУ ЖОЛДАРЫ

Көркем әдебиет – заман айнасы. Сондықтан фантастикалық шығармалардан өзге кез-келген көркем шығармада өмір шындығы болады. Демек, біз жазушы шығармасына арқау болып отырған дәуірдің көрінісін, бет-бейнесін жазушы шығармасы арқылы танимыз, танып қана қоймай, оқушыға да таныта білуіміз қажет.

Өз туындыларына өмірдің шындығын шынайы арқау ете білген жазушының бірі – Оралхан Бөкей. Ол барлық шығармасында дерлік кейіпкерлер бейнесі мен оларға қатысты оқиғалар негізінде замана көрінісін көз алдымызға жайып салды. Сол себепті де жазушы шығармасы шынайылығымен оқырман жанына жақын. Оның шығармаларындағы кейіпкерлерінен әркім өзін таниды. Мәселен, «Апамның астауы» әңгімесіндегі ана бейнесі еңбекқор да арлы, намысты қазақ аналарының бейнесін танытса, «Атау кере» романындағы Ерік бейнесі арқылы қазіргі қоғамда кездесетін өз қара басынан басқаны ойламайтын, рухани құндылықтан материалдық құндылықты жоғары қоятын адамдар бейнесі айқын аңғарылады. Ал, жазушының «Тортай мінер ақ боз ат» хикаятындағы Тортай бейнесі мен оған қатысты өрбіген өмір шындығы тым ауыр. Ауыр болатын жөні бар. Өйткені, жетім балалар тағдыры-қоғамның ащы мұңы. Оқушылар мұны түсініп, сабақ алуы тиіс. Сондықтан біз бүгін көркем шығармадағы өмір шындығы мәселесін таныту үшін жазушы шығармаларының ішінен «Тортай мінер ақ боз ат» хикаятын таңдап алдық. Сонымен қатар, осы хикаяттағы өмір шындығын орта буын оқушыларға меңгерту жолдарын ұсынбақпын.

Жазушының «Тортай мінер ақ боз ат» хикаяты - оқырманға үлкен ой салатын бірегей туынды. Онда үміт, арман, қиял адам баласының қанаты екенін айтып қана қоймай, қанағат пен бауырмалдылықтың әрбір адам баласына керектігін айтады[2]. Бүгінгі таңда адамзат баласының арасында осындай қасиеттердің азайып бара жатуы - заман шындығы. Бұл туындыда ерте жасынан әке-шешесінен айрылып, жетімдіктің ауыр күйін кешкен баланың адами қасиеттерге бай болып өсуі баяндалады. Басты кейіпкер Тортай - қарапайым, зерек, арманшыл, кітапқұмар бала. Ол жетім болса да тағдырына мойымай, өз күнін өзі көреді. Бұл – шығармадағы өмір шындығы. Себебі біздің елімізде де ешкімге алақан жаймай өз күнін өзі көріп жүрген жетім балалар жетерлік. Оның ауыр тағдырын Оралхан Бөкей өз атынан бірінші жақпен баяндайды.

Шығарманың бас кейіпкері – тағдырдың ауыртпалығын жастай басынан кешіріп, соның нәтижесінде өз қатарластарына қарағанда ерте есейген бала. Арқа сүйер қос қанатынан қатар айырылып, өмірдің тәрбиесін алып жүрген Тортай қатарының ең үлкені және алды бола білді. Оның бұл қасиеті оған кітап оқудан дарыған еді. Оған дәлел ретінде шығармадағы мына үзіндіні алуға болады: «Ымырт үйіріле алтыбақан құрған азаматтардың маңайында арпалысып, тиіп-қашып, ұлардай шулап ойнап жүргеніміз. Біздің ішімізде менен екі-үш жас үлкендігі бар Тортай атты бала болушы еді. Әке-шешеден тым ерте айырылып, алыстан қосылар аталастарының есігінде жүретін. Қой аузынан шөп алмас жуас, құлағының сәл мүкісі бар, бала болып көп ойнамайтын жасқаншақ еді. Бәрімізден гөрі ерекшелігі, таңертеңнен кешке дейін бас алмай кітап оқи беретін. Қолына не тисе, соны талғамсыз оқитын Тортай арамыздағы білгішіміз, аузымызды ашып тыңдар абызымыз сықылды...» [1]. Оның ауылдың өзге балаларындай емес, «қой аузынан шөп алмас жуас», көп ойнамайтын, жасқаншақ мінезді, бірақ, нағыз еңбекқор екенін автор осы бір үзіндіде айтып кетеді.

6-сыныпта «Тортай мінер ақ боз ат» хикаяты берілген. Осы тақырыпты өткенде «6.2.1.1 шығарма композициясындағы белгілі бір эпизодтың алатын маңызына негіздеме жасау» деген оқу мақсаты бойынша жоғарыда алған үзінді негізінде мына төмендегідей тапсырмалар беруге болады:

1-тапсырма:

Берілген үзінді негізінде қазіргі таңда Тортай секілді кітапқұмарлар бар немесе жоқ екендігін 5 сөйлем арқылы дәлелдеңіздер.

2-тапсырма:

Тортайдың бойындағыдай кітапқұмарлық қасиет болуы үшін қазіргі балалар не істеу керек? Арнайы 3 ереже әзірлеңіздер.

3-тапсырма:

Кітап оқуды сүйетін Тортай басқа балалардан несімен ерекшеленеді? Ойларыңызды 5 сөйлеммен тұжырымдап жеткізіңіздер.

4-тапсырма:

Жоғарыда берілген үзінді негізінде бүгінгі және Тортай заманындағы өмір шындығын салыстырыңыздар.

Шығармадағы бауырмал да қанағатшыл әрі тұйық мінезді Тортай бейнесін қазіргі жетім балалар тағдырымен салыстыра отырып, өмір шындығын танытуға болады. Қазіргі қоғамда Тортай секілді мейірімді жетім балалар санаулы. Олар кішкентайынан айналасындағылардан әлімжеттікті көп көріп, соның салдарынан мінездері суық бола бастайды. Өмірдің дәл қазіргі осындай шындығын тани біліп, ондай балаларға қолдау көрсете алатындай мейірімді шәкірт тәрбиелеу үшін біз әрбір сабағымызда білімділікке ғана емес, адами, рухани құндылықтарды да бойларына сіңіруге күш салуымыз керек. Сондықтан осы орайда «6.1.2.1 әдеби шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселені идеясы

арқылы түсіндіру» деген оқу мақсаты негізінде мен мына төмендегідей тапсырмалар әзірледім.

Тапсырма

Берілген үзінді негізінде көркем шығарма идеясын анықтап, үзіндіде берілген ойға өз пікірлеріңізді білдіріңіздер

Шығармадан үзінді	Шығарма идеясы	Өз пікірім
«...Тортай, әсіресе, мені жақсы көрді. Жанынан бір елі қалдырмайтын. Әкем – ферма меңгерушісі, үйде ішіп-жем мол, ит басына іркіт төгіліп жатушы еді. Шешемнің қолынан – бір, жолынан – екі алып, әр күн сайын Тортайға таситынмын. Ол мені алдап тамақ үшін дос болмайтын, қайта «мен аш жүргенім жоқ, әкеле берме» деп ұрысатын-ды. Өз бейлімен, көңіл хошы болмаса, ләм деп аузын ашпайтын, әрі құлағы қақас еститін болған соң, әңгімеге зауқы бола бермейтін. Тек менімен ғана оңаша сәттерде ағыл-тегіл әңгіме құрушы еді...»		

Тортайдың туыстары оны өз үйінен қуып жіберген соң, жетім бала тас күркеге барып тұрақтайды. Ораш оны тас қорымдағы үңгірден тауып алады. Әңгіменің сол эпизодынан мысал келтіре отырып, жетім балалардың сүйенер ешкімі болмағандықтан өмірге икемді болатындығы өмір шындығы екендігін дәлелдейміз. Сол мысалды назарларыңызға ұсынайық: «... Тортай тас күркені ұядай қылып жинап, тазалап қойыпты. Бұдан бұрын да осы жерге сан рет келіп, мекеніне айналдырған секілді. Қайран қалдым. Ағаштан қиып нар жасап, үстіне шөп төсеген. Өзіне тиесілі кітаптар әбден көп оқылғандықтан, жемтір-жемтір болып бір бұрышта жинаулы тұр. Төр алдында ешкінің терісі төселген. Қарағайдың жуан кеспелтек шөркесінен стол жасап, май шам қойыпты...»[1]

Жоғарыда берілген үзінді негізінде көркемдегіш құралдарды пайдалана отырып мынадай тапсырма әзірледім. Бұл тапсырма оқушылардың шығармашылық дағдыларын жетілдіруге бағытталды.

Оқу мақсаты: 6.2.4.1 әдеби көркемдегіш құралдарды пайдаланып, шығармадағы табиғат көрінісін, оқиға орнын, кейіпкер бейнесін сипаттап жазу.

Тапсырма. Берілген үзіндіден көркемдегіш құралдарды тауып кестені толтырыңыздар.

Көркемдегіш құралдар	Мысалдары
Теңеу	
Эпитет	

2-тапсырма:

Берілген көркемдегіш құралдарды қатыстыра отырып, Тортай бейнесін 5-6 сөйлеммен сипаттап жазыңыздар.

3-тапсырма:

Берілген үзіндіге сүйене отырып, Тортайдың үйіне айналған үңгірдің суретін салыңыздар.

Тортайдың да Ораш секілді қарапайым адам екендігін мына үзінді арқылы танытып, қарапайым болу - ең тамаша қасиет екендігін ұғындырамын. «- Босағада отырғаның не, - деді Тортай... – Кел жаным, мен сені тым жақсы көремін. Бастықтың баласымын деп мұрныңды көкке көтермейсің, қарапайымсың...»[1]

Жазушының «Тортай мінер ақ боз ат» әңгімесі - бүгінгі күні де өз құндылығын жоймаған шығарма. Оның бұл хикаятынан Оралхан Бөкей өмір сүрген кездегі өмір шындығын ғана емес, қазіргі қоғамның да ащы шындығын тани аламыз. Сондықтан бұл шығарманың ұрпақ тәрбиесіне қосар үлесі зор. Оның ең бастысы - Тортайдың кітапқұмарлығы. Себебі, қазіргі таңда кітап оқитын балалар өте аз. Сондықтан осындай шығармалар арқылы балалардың кітап оқуға деген қызығушылықтарын оятып, оның бейнесін үлгі етуге болады. Осы орайда мынадай тапсырма беруге болады:

Тапсырма:

Берілген үзіндіге сүйеніп, Тортай бойында кездесетін жақсы қасиеттердің бәрі кітап арқылы келгендігін дәлелденіздер.

«Менің жадымда тамаша сақталғаны – ол тас үңгірде шөп төселген нардың үстінде жатып оқыған кітаптары мен өзінің арман-қиялы туралы түн ортасы ауғанша айтқан күбір-күбір әңгімесінің еміс-еміс елесі ғана. Мені жып-жылы қойнына алып, ағалық ақылын айтатын тым зеректігі еді...».

«...Бұл дүниеде мен пір тұтар, сырласар жалғыз-ақ нәрсем бар, ол – кітап, әкем де, шешем де сол – кітап. Кейбірін екі-үш қайтара жалықпай оқып шықтым. Жалғыздығың, жетімдігің – бәрі-бәрі ұмытылып, басқа бір жұмақты өмірге сапар шеккендей боламын. Әттең, жағдай келсе, оқуымды одан әрі жалғастырып, Алматыға аттанар едім. Шынымды айтайыншы, кітап жазып, жазушы болғым келеді...» [1]

Осы үзінді негізінде тағы мынадай тапсырма беремін.

Тапсырма:

Төменде берілген сұрақтарға жауап беріңіздер

1. Тортай қандай бала?
2. Ол нені армандады?
3. Тортай неліктен арманына жете алмады?
4. Егер Тортай қазіргі заманда өмір сүрсе арманына жете алар ма еді? Неге?

Осы тақырып бойынша ең соңғы қорытынды сабақта «Қазіргі Тортайлардың жағдайы мен арманы» тақырыбында 50-80 сөзден тұратын әдеби эссе жаздырамын.

Қай заманның да шындығы бола алатын жетім балалардың ауыр тағдырын шынайы суреттеген Оралхан Бөкей шығармалары реалистігімен оқырманды өзіне баурап алады. Оқи отырып кейіпкермен бірге жүргендей, оның жетімдігін сезінгендей боласың. Оралхан Бөкей-сонысымен ұлы, сонысымен үлкен жүректі азамат.

Оралхан Бөкей – қазақ әдебиетінің ғана емес, күллі әлем әдебиетінің тарихынан өз орнын айшықтаған тұлға[3]. Оның шығармаларында ерекше тартылыс бар. Ұлы қаламгердің айшықты шығармалары бір оқып қана қоятын туынды емес, ізгілікке қызмет етер мәңгі туынды екендігімен ерекшеленеді. Сондықтан да Оралхан Бөкей өз оқырмандарын терең ойдың иіріміне тартып әкетеді. Пейзажды суреттеп, кейіпкерлер дүниесін шынайы беруімен, табиғаттың көркем суретін ұсынуымен, шындық өмірдің шырайын таныта білгендігімен оқушы жанын баурап алады. Ұлы тұлғаның көркем туындыларын оқи отырып, сол кейіпкерлермен бірге Алтайдың қуыс-қуысын аралап жүргендей сезінесің. Шыңғыстайдай көркем жерде туылып, артына өз туған жеріндей көркем туынды қалдырған Өр Алтайдың ұлы жазушысының шығармалары қашан да өз құндылығын жоғалтпақ емес.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. https://massaget.kz/okushyilarga/uy_tapsyirmasyi/28284/
2. «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998 жыл, II том
3. Жазушы О. Бөкеев жайлы бірер сөз. // Жас Алаш. – 2002. – 16 мамыр

ОРАЛХАН БӨКЕЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ӨМІР ШЫНДЫҒЫ

Әдебиетті оқытудың мақсаты – қалыптасқан құндылық бағдарлары мен тұтас дүниетанымы бар, оқу іс-әрекетінің көркем шығармаларды оқу, қабылдау, түсіндіру, өз мәтінін құру және жалпы білім беру тәсілдерін меңгерген оқырманды дамыту.

Қазіргі әдеби білім берудің маңызды мәселелерінің бірі – классиканы оқыту мәселесі. Өткен күннің әдебиеті бойына қоғамның тарихи даму тәжірибесін сіңіргені белгілі және осы арқылы оның жастарға тәрбиелік әсерін күшейтуге мүмкіндік беретін әлі соңына дейін пайдаланылмаған резервтер бары анық. Бұл жерде қазақ классикасынан заман ағымына үндес және оқушыларды толғандыратын дүниені табу маңызды.

Әдебиет сабақтарында сөз өнері туындыларын зерттеу – әдебиеттанушылық талдаумен салыстырғанда аясы тар мектеп процесіндегі талдаудың барлық шектеулерін ескере отырып – әдеби құбылыстардың қалыптасқан, дәлелденген бағалауларына және қазіргі әдебиеттану ғылымының ең жақсы жетістіктеріне сүйене отырып, қатаң ғылыми түрде жүргізілуі керек. Жоғары тәрбиелік нәтиже беретін әдебиетті концептуалды зерттеудің негізінде шығарманы қабылдау, оны түсіндіру, талдау және тарихи-әдеби, мәдени және теориялық-әдеби ақпаратты игеру арасындағы байланысты біртіндеп тереңдету жатыр. Көркемдік қабылдауды байыту өнерден ләззат алу, оның тұтастығы мен көркемдік маңыздылығын түсіну қабілетін дамытуды қамтиды [1].

Белгілі бір шығарманы зерттеудің барлық кезеңдерінде (кіріспе-бағдарлаушы сабақтар, түсіндіру және талдау сабақтары, қорытынды сабақтарда материалды жалпылау) көркем әдебиетті тұтас түсінуді қалыптастыруда автордың ниетіне, оның уақыт пен адам тұжырымдамасына, осы тұжырымдаманы образдар жүйесінде және жұмыс құрылымында жүзеге асыруға ерекше көңіл бөлінеді. Оқушылардың бейнелі және тұжырымдамалық жалпылау қабілеттерін дамыта отырып, білім мен ұғымдар жүйесін қолдануды белсендіре отырып, ләззат элементін сақтау маңызды. Бұл сөзсіз автордың көркемдік әлеміне қызығушылықпен, эстетикалық қабылдауды тәрбиелеумен байланысты, көркемдік және эстетикалық белсенділіктің негізі, оқудағы оң мотивация болады.

Әдебиетті оқыту барысында жастардың рухани қажеттіліктерін, оның адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруға қазақ және ең жақсы шетелдік авторлардың мұраттары үлкен әсер етеді. Оқушылармен жұмыста қазіргі жастарды қызықтыратын мәселелерді қарастыру қамтылуы керек. Мектепте оқушыларға оқуға арналған кітаптарды таңдауға, сөз өнері туындыларының адамгершілік-эстетикалық әлеуетін игеруге көмектесу керек. Оқушылардың көркемдік-эстетикалық оқу іс-әрекетінің түрлерін әртараптандыру маңызды:

олардың сабақта сөйлеу сипатын, пікірталастар мен семинарларға қатысуды, сұрақтарға қарапайым жауаптар жазудан бастап, шығармалардан пікірлерге, баяндамаларға, дидактикалық материалдармен жұмыс істеуге, шығармашылық жұмыстарға дейін жазуды жетілдіру қажет. Негізі мектеп бағдарламасында әдеби жанрдың барлық түрі оқытылады. Соның ішінде жоғарыдағы оқушының оқу іс-әрекетін түрлендіру міндеттеріне жету жолында көркем әдебиеттегі дербес эпикалық жанр түрі – прозаны оқыту маңызды орын алады. Проза латын тілінен аударғанда «қара сөз» деген мағынаны білдіреді, яғни қара сөзбен жазылған көркем шығарма. Ғылыми, публицистикалық, философиялық шығармалар да прозаға жатады [2].

Проза жанрының роман, повесть секілді түрлерінде адамның ішкі жан-дүниесі, жаратылысы кең ауқымда бейнеленсе, новелла, әңгіме сияқты түрлерінде күнделікті тіршілік құбылыстары, олардың сыр-сипаты суреттеледі.

Осы проза жанрының барлық түрлеріне қалам тартып, әдебиет әлеміне ХХ ғасырдың екінші жартысында келіп, сөз шебері ретінде танылған қарымды қаламгер Оралхан Бөкейдің орны ерекше.

Ол әдебиет әлеміне тез еніп, бірден басқалардан ерекшелігімен таң қалдырған жан. 1970 жылы Алматыда жарық көрген «Қамшыгер» атты повестері мен әңгімелерінің алғашқы жинағымен-ақ әдебиет жолына жаңа қадам басқан жазушыны әдебиетсүйер қауымға өзгелерге ұқсамайтын сөз өрнегі арқылы танытып үлгерген. Ал 1978 жылы орыс тіліндегі «След молнии» кітабы жарық көрді. Қарасөз шеберінің дебюті сәтті болды, оның таланты байқалды, есімі есте қалды.

Жалпы ХХ ғасырдың екінші жартысы қазақ әдебиеті үшін әдеби ағымдар айқын орын тапқан, өзіне дейінгі ұлттық құндылықтарымыздың бар асылын, үлгілі дәстүрін сақтай отыра сол заманға сай жаңа көркемдік қырларын аша түскен кезең болды. Бұл ең алдымен, жеке басқа табынушылық құпиялары ашылғаннан кейінгі елдің қоғамдық-саяси өміріндегі өзгерістерге байланысты болды. Көптеген құндылықтар қайта бағаланды, адамға деген сенімсіздік, оған деген күдік, әлемнің басқа елдерінен экономикалық және саяси оқшаулау саясаты қатты сынға алынды. Ел өміріндегі жылымық кезең көпұлтты әдебиет пен өнердің дамуына жағымды әсер етті. Бұған дейінгі партиялық қаулыларда жіберілген қателерді түзету шаралары қабылданды. Заңсыз қуғын-сүргінге ұшыраған жазушылар мен ақындар ақталды. Нәтижесінде, жаңа шығармаларында сталинизмнің адамгершілікке жатпайтын мәнін қатты айыптаған сөз суретшілерінің әлеуметтік және шығармашылық белсенділігі артты.

Оралхан Бөкеевтің «Кісікиік», «Жетім бота», «Қар қызы», «Сайтан көпір» «Өліара», «Айпара ана» және т.б. повестері, сондай-ақ «Бура» және «Қамшыгер» әңгімелері өткен ғасырда жалпы таралымы миллионнан астам данамен шыққан және әлемнің оқырмандары жүрекке жылы қабылдаған туындылар болды. Аталған шығармаларда моральдық проблемалар (махаббат, достық, тектілік, ой тазалығы) аңызға жүгіну арқылы ашылады.

Бұл хикаяға философиялық сипат береді, сол себепті қаламгердің қарапайым адамдарды, шынайы өмірдегі оқиғаларды бейнелегеніне қарамастан, оның шығармаларында жақсылық пен жамандықтың, өмір мен өлімнің, адам өмірінің мәнін іздеудің философиялық мәселелері жетекші тақырыпқа айналады. Қоғам дамуының қазіргі кезеңінде, яғни барлығы осындай рухани сұрақтарға жауап іздеген кезде, Оралхан Бөкеевтің прозасы ерекше өзекті. Барлық замандастары ерекше ақыл-ой иесіне балаған қарымды қаламгердің туындыларындағы өмір шындығы қалай көрініс тапқанын талдап көрейік.

Алдымен, ең алғашқы шығармаларының бірі ретінде «Қамшыгер» әңгімесіне тоқталсақ. Бұл оқиғаны оқығанда туындайтын сұрақтар шеңбері ерекше кең: Адам мен адамгершілік, Адам мен қоғам, Адам мен табиғат. Соңғысына қатысты жазушыны экологиялық прозаның шебері деп те атауға келеді. Дегенмен оның табиғатты поэтикалық және көрнекі түрде сипаттауы, нақтырақ айтсақ, шығармада тек табиғат әсемдігін суреттеумен шектелмейді. Ол табиғат құбылыстарына жан бітіреді: «әнші құмдарды» жандандырады; оның кейіпкерлері, көбінесе өте жалғыз адамдар, табиғатпен сөйлесіп, онымен ең асыл құпияларымен бөліседі. Сондықтан О.Бөкеевтің әңгімелері мен повестері шынайы және лирикалық. Лирикалық бастау шығарманың жанрлық жүйесіне еніп, кейіпкерлердің өмірін, олардың психологиясын субъективті қабылдаумен бояйды.

Бұл тұрақты лирикалық бастама, яғни автор, оның қатысуы О.Бөкеевтің кез келген шығармасының шынайылығына сендіреді. Эмоционалды, лирикалық және сонысымен өмір шындығын боямасыз көрсетеді. Осы қатарды «Қамшыгер» әңгімесін оқығаннан кейін романтикалық деп те толықтыруға болады. Мұнда бәрі романтикалық күй береді: жабайы табиғат, жалғыз киіз үй, қарақшы-қамшыгер, қызықты сюжет, оның түйіні. Романтикалық шығармаға тән ерекшелікпен оқиғалар тез дамиды. Бұл жағдайда оларға табиғатты сипаттау «көмектеседі», ал бұл жағы Оралханға тән әдіспен өте көркем суреттелген. Оқиғаның негізгі сюжеті бойынша қарақшы-қамшыгер түсінде қамшысынан қан тамшылағанын көріп, оны жаман белгіге балап, тіпті, тобырымен кезекті қарақшылық шабуылға барудан бас тартуды ойлайды. Әлде сан жылдар бойғы сенімді серігі қамшыны лақтырып, тура жолға түссем бе деген ой да келеді. Сайып келгенде, өзінің аяқ астынан үрейге бой алдырғанына ызаланған кейіпкер істен бас тартпайды. Бұл жолғы сапары сәтті болып жекпе-жекте жеңіске жетеді, жылқыларды өзімен әкетеді. Әйтсе де, осының өзі оған әдеттегі қуаныш сезімін сыйламай, одан сайын алаңдаушылық тудырады.

Осы қорқыныш сезімі бекерден-бекер туындамаған екен. Қайтар жолда қамшыгер құздан құлайды. Тағдыр оны мазақ еткендей тірі қалдырады. Бірақ оны тән азабы емес, жан азабы сілкіндіріп жатады. Бүкіл ғұмырының мән-мағынасыз, адамдарға жамандық жасаумен өткеніне ашынады. Тағдырдың өзі өмірін өзгерту мүмкіндігін беріп тұрғанда әлдебір соқыр тыйымдарға балап, өз ар-ожданына, өз жан-дүниесіне қарсы шығып ескертушілік белгіні ескеруден қашқанына өкініп, өмірден өте шығады.

Қызықты әрі тәрбиелік мәні бар оқиға, солай емес пе? Бұл жерде мәселе қарақшы туралы емес, дегенмен оның бейнесі, әрине, өте жарқын шыққан және барлық мақтауға лайық. Ақиқатқа апаратын жолды таңдамаған кейіпкер, әдеттегі «айуандық» ізімен кете барды.

Бұл нағыз өмір шындығы емей не?! Осы бір ғана кейіпкерді мысалға келтіру арқылы оқушыларды жаман әдеттерден жирендіруге, болашақ өмірлерінің мәнін іздеуге, жақсылыққа ұмтылу қажеттілігіне сендіруге болады. Оралхан Бөкеевтің қамшыгердің мәнсіз өмірін шебер суреттегені сондай, оны оқыған әрбір оқырман еріксіз бұл жалған дүниедегі адам өмірінің тұңғыш үстіндегі жіп сияқты екенін пайымдайтындай. «Өмірді қалай өткізген абзал? Бұл – құз үстінен қыл арқанмен өту сияқты – әдемі, ұқыпты және жылдам». Автор бізді осыған шақырады.

Халқымыздың ұлттық сөз өнерінің асыл жауһарларының бірі, әрбір шығармасы оқырман дүниетанымын дүр сілкіндіріп, бейжай қалдырмайтын сөз зергерінің «Атау кере» атты соңғы туындысының атының өзі елең еткізерліктей. Себебі бұл мағынасы ауыр сөзді ел ішіндегі адамдар күнделікті қарым-қатынасында әрдайым қолдана бермейді. Сирек жағдайда, аса бір ширыққан ахуалда немесе шарасыздықтан айтылатын ұғым болып саналады. Жасындай жарқыраған ғұмырында жазып үлгерген туындыларының бәрінде дерлік жеңіл мазмұн кездеспейтін қаламгердің дәл осы күрделі тақырыпқа қалам тартып, оны өзінің дәстүрлі шеберлігіне тән деңгейде жазғаны заңдылықтай қабылданған. Бұл повесть жалпыға ортақ, бүкіл адамзат қоғамына тән мәселелерді қозғайтындығымен шынайы. Хикаяның басында Еріктің образында шынайы өмірлік тәжірибелік сипаты басым болса, оқығаның шешімінде мифтік сипат алады. Оралхан адам ғұмырын аралар әлеміне теңестіреді.

Повесте іс-әрекеттің орны мен уақыты танымал. Жыл мезгілдерінің өзгеруі бейнелі мазмұнға ие: қыстан «өту» кейіпкерлердің рухани өміріндегі қиын асуды жеңумен байланысты. «Атау кередегі» хронотоп өте тар, автор кейіпкерлерді кеңістікте сирек жылжытады. Автор қысқаша, баяндаудың үлкен семантикалық сыйымдылығына ұмтылады. Замандастың бейнесінде жазушы жеке адамның да, дәуірдің де рухани мәнін түсінуге көмектесетін «формуланы» табуға тырысты. Адамның рухани өмірінің саласын оның рухани жалаңаштығында көркемдік зерттеу О.Бөкейге есеңгіреген, күдікті, құбылмалы адам жанындағы болып жатқан процестерді өзінше түсіндіруге мүмкіндік берді.

О.Бөкейдің соңғы прозасында («Сайтан көпір», «Қар қызы», «Атау кере» повестері) уақыттың негізгі мәселелері шешіліп, қазіргі адамның «рухани болмысы» көркем зерттелген. Бұл туындыларда әсіресе, адам тұлғасының руханилығы, жеке бейненің мәнін де, тұтастай алғанда қоғамды да түсіну үшін өте маңызды адамның «өзіндік атмосферасының» сезілмейтін қабаты терең бейнеленген. Жазушының шығармашылығын зерттеушілер өткен ғасырдың 70-80 жылдарының басында оның прозасында адамгершілік-философиялық аспект барған сайын айқын көрінетінін атап өтті, бұл

адамның руханиятына және оның айналасына мұқият назар аудару қажеттілігін білдіреді [4]. Автордың өз шығармаларының ортасына ойы қоғам өмірінің негізгі мәселелерін баурап алатын ойлы адамның бейнесін қоюға деген ұмтылысы олардың ауқымын кеңейтуге ықпал етті [5]. Сондықтан О.Бөкейдің жеке тұлғаның руханилығын қалай зерттейтінін және оның әлеуметтік-тарихи жағдайындағы ұлттық ауқымдағы құбылыстар мен тенденциялар арқылы қалай «көрінетінін» анықтау ғылыми қызығушылық тудырады. Сонымен бірге, жазушы адамды өзінің барлық табиғатында, яғни алғашқы әңгімелерде «таза түрде» қарастыруға ұмтылғанын, содан кейін мұның бәрі оның кейінгі прозасының ажырамас қасиеттерінің біріне айналғанын атап өткен жөн.

О.Бөкеевтің прозасы оны философиялық талдауға барынша ашық. Барлығы жазушының шығармаларының күшті органикалық құрылысында – сюжетте, философиялық монологтарда, кейіпкерлердің мінез-құлқында, олардың іс-әрекеттері мен ситуациялық жағдайларында үйлесіп жатыр. О.Бөкеев шығармашылығының интеллектуалды-эмоционалды жағын инстинктивті-экзистенциалистік деп анықтау белгілі бір кейіпкерді (жалғызбасты адам – Шопан, Табыншы, Кісікік, Қонқай, Ерік), белгілі бір жағдайды (жалғыздық экстремалды жағдай, таңдау жағдайы ретінде), мотивтердің, тағдырлардың қайталануына байланысты; Бөкеев «белгілі бір лейтмотив жүйесін дәйекті және қатаң әдістемелік қолданумен жалпыадамзаттық мифологиялық драманы» ойнайды [3]. Жазушы повестерін «Диптих «Біздің жақта қыс ұзақ», «Үш повесть», ал әңгімелерін «Ауыл хикаялары» деген атаулармен біріктіріп, өзінің шығармашылығын тұтастандыруы да жайдан-жай емес.

Әрбір жазушыға қойылатын негізгі талаптардың бірі – шығарманы белгілі бір идеяға бағындыру мүмкіндігі. Оралхан Бөкей – осы талаптың үдесінен шыққан, өмірінің соңына дейін қаламы мұқалмаған талантты жазушыларымыздың бірі, ол өз шығармаларында реалистік, романтикалық, мифтік желіні қолданудың арқасында оқырманға қандай да бір әсер мен ой қалдыра алатындығымен, әрбір кейіпкері шынайы өмір шындығымен ұштасып жататындығымен ерекшеленіп тұрады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Богданова О. Ю., Леонова С. А., Чертова В. Ф. Методика преподавания литературы. – М.: Академ А, 1999. – 162с.
2. Жұмақаева Б.Д. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі: Оқулық. – Алматы, «Қыздар университеті» баспасы, 2015. – 242 бет.
3. Лосев А.Ф. Философия. Мифология. Культура. – М.: Политиздат, 1991. – 525 с., с. 298.
4. Кирабаев С.Казахская литература советского периода. – А. 1998. – 224 с.
5. Есембеков Т.У. Функции драматизма в художественном тексте. – Алматы, 2013. – 304 с.

ОРАЛХАН БӨКЕЙ ШЫҒАРМАЛАРЫ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ ҚАБІЛЕТІН ДАМУ

Білім беру мазмұны мектеп мұғаліміне де, білім алушы шәкірттерге де заманауи талап қойып отырғаны анық. Қарқынды түрде дамып бара жатқан ғылым мен білім саласы баршамыздан жаңашылдықты, ізденімпаздық пен қажырлы еңбекті талап етеді, күннен күнге дамып келе жатқан білім саласы көшіруге емес ойлауға, жаттауға емес еркін пікір алмасуға бағытталуда. Осыған сәйкес, білім беру бағдарламаларының да мазмұны мен түр-сипатына бірқатар өзгерістер енгізіліп, білім мазмұны толықтырылды. Ал пәнде мектеп оқушыларының жас ерекшеліктерін есепке ала отырып әр сабақ үшін оқу мақсаттары белгіленгені белгілі. Осы орайда, өскелең ұрпаққа білім мен тәрбие берудегі қазақ әдебиеті сабақтарының маңыздылығы мен ерекшеліктерін атап өткен жөн. «Көркем әдебиет деген – ең әуелі жанды сөз, тек қана сыртқы емес, ішкі сөз. Адам жанын қозғай алар құдірет болмаса, төрт аяғын тең басқан өлеңнен де, сағымдай құлпырған қара сөзден де пайда жоқ» деп заманының заңғар тұлғасы Ғабит Мүсірепов [2, 23] айтпақшы, әдебиет – ең алдымен тәрбие құралы. Осыны түсіне білген әрбір ұстаз өз сабақтарында оқушының бойында шығармада көтерілген мәселе туралы дұрыс түсінік қалыптастыруға тырысады, шығарманың тәрбиелік ерекшелігін мақсатқа сай аша отырып, оқушылардың танымдық қабілеттерін арттыруға жұмыс жасайды. Қысқа мерзімді сабақ жоспарын құру барысында сабақта орындалатын тапсырмалардың, бағалау критерийлері мен дескрипторлардың, сабақта қолданылатын әдістер- тәсілдердің оқу мақсаттарына сәйкес болуы заңды. Сондықтан, ол әр мұғалімнен жүйелі жұмыс пен тынымсыз ізденісті қажет етеді.

Қазақ әдебиеті сабақтары аясындағы пәндік білімнің мазмұны түсіну және жауап беру, анализ және интерпретация, бағалау және салыстырмалы талдау, сонымен қатар, оқушы дағдыларын қалыптастыруға бағытталған бөлімшелерден құралған.

Жаңартылған білім беру мазмұнына сәйкес, 6-сыныпқа арналған Қазақ әдебиеті бағдарламасында жалынды жазушы, өр Алтайдың қыраны Оралхан Бөкей шығармашылығына тоқталып, қаламгердің «Тортай мінер ақ боз ат» әңгімесін оқу қарастырылған. «Оралхан не жазса да қанымен, жанымен жазушы еді. Және қай жанрда жазбасын олардың бірде-бірі қаламдастар мен қалың қауым назарынан тыс қалмайтын. Оралхан бір оқылатын жазушы

емес. Оралхан қайталап оқуды қажет ететін жазушы, түсінгеніңше оқи беретін күрделі суреткер» дейді драматург-жазушы Дулат Исабеков [3, 1].

Әдебиет сүйер қауымның сүйікті жазушысына айналған Оралхан шығармалары – қазақ әдебиетінде ешкімге ұқсай қоймайтын, шоқтығы биік, дара туындылар. Жазушының қиял әлемінен туындаған кейбір оқиғалар мен кейіпкерлер әлемін, шығармаларының құрылымын мектеп жасындағы жасөспірім түгілі, ақыл-ойы толысқан ересек адамның өзі бірден түсіне алмай қалуы мүмкін. Сол себепті, Оралхан Бөкей шығармаларын оқыту барысында білім алушыларға жазушы көтеріп отырған түпкі мәселелерді көрсете білудің, символдық бейнелердің, оқушы танымына жақын кейіпкерлердің не себепті қолданылып отырғандығын түсіндірудің маңызы өте зор. Сол мәселелерді ашу арқылы оқушылардың танымдық қабілеттері артып, оқыған шығармаларын өмірде де пайдалана білулері маңызды.

Оқушыларға Оралхан Бөкейдің «Тортай мінер ақ боз ат» әңгімесінің мазмұнын меңгертіп, бірді-екілі сұрақтар қоюмен шектеле алмайсың. Сол себепті, 6-сыныпта аталмыш әңгімені оқытуды, оның қыры мен сырын ұғындыруды мақсат тұтып отырған мұғалім оқытудың бірқатар әдістеріне жүгінері сөзсіз. «Тортай мінер ақ боз ат» әңгімесін оқыту барысында келесі оқу мақсаттары қарастырылған: 6.1.3.1 әдеби туындыдағы кейіпкердің типтерін тек тұрғысынан сипаттау; 6.2.4.1 әдеби көркемдегіш құралдарды пайдаланып, шығармадағы табиғат көрінісін, оқиға орнын, кейіпкер бейнесін сипаттап жазу; 6.1.1.1 әдеби шығарманың жанрын, фабуласын, сюжетін анықтау; 6.3.3.1 шығармадағы кейіпкерлер қарым-қатынасын отбасылық құндылық тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу [4, 1].

«Тортай мінер ақ боз ат» әңгімесін меңгеру үдерісімен толық үйлесім тауып тұрған әрбір мақсатқа қол жеткізудің өзіндік жолы бар. Тек, соларды дұрыс таңдай білу, тапсырмалар бірізділігін қадағалау, әдіс-тәсілдерді түрлендіру және дұрыс қолдана алу талап етіледі. «Тортай мінер ақ боз ат» әңгімесін оқыту барысында оқушыларға ой салу, шығарманың мазмұнына терең бойлату мақсатында мұғалім сыни тұрғыдан ойлауды дамытудың «Миға шабуыл», «ЖИГСО», «Ыстық орындық» стратегияларын тиімді пайдалана алады. Сонымен қатар, сабақ барысында оқушыларға *топпен, жеке, жұптық* жұмыс түрлерін де ұсынған абзал. Ал шығармадағы кейіпкерлерді тану кезінде өзара салыстыру, сызба-кестелермен жұмыс жүргізудің маңызы зор. Мысалы, «Жылжымалы плакат» әдісі арқылы топтық жұмыс бере отырып, шығармада көтерілген идеяны түсіндіру ұсынылады. *Топтық* жұмыс түрлеріне «Интервью-тест», «Поп-корн», «Галереяны шарлау», «Биопоэма», «Фишбоун» әдістері тиімді болып саналады.

Жұптық жұмыс жасау барысында «Кейіпкер бейнесі» әдісі өте тиімді. Әңгімедегі басты кейіпкерлерді назарға ала отырып, олардың шығармадағы рөлі, миссиясы, мінезі, портреті, іс-әрекеттерін талдау ұсынылады. Жұптық жұмыс түрлеріне тиімді тәсілдер: «SWOT» талдау, «Кейс-стади», «Тепе-теңдік дөңгелегі», «Жасырын сөздер ойыны» әдістерін атап өтуге болады. Оқушының танымдық қабілеттері практикалық іс-әрекет, түрлі кеңейтілген, құзырлылық, деңгейлік тапсырмаларды орындау арқылы дамиды. Логикалық ойлауы ой әрекетінде, білімді меңгеру үстінде қалыптасады. Оқушылардың ақыл-ой белсенділігін өрістетуге олардың тұлға ретінде жетілуінің маңызды саласы болып табылады. Сондықтан оқушылардың шығармашылық тапсырмаларды орындау барысында ойлау, сөйлеу, тілін дамыту әрекеттерін жүзеге асыру тәсілдеріне үйрету қажет.

Ал шығарма бойынша *жеке* жұмыста «Сырлы әуен әдісі» арқылы оқушыларға «Перзент арманы» [5, 1] әнін тыңдату арқылы «Осы ән бүгінгі сабақты қорытындылауға негіз бола ала ма? Осы шығарма арқылы өмір мәнін түсіне алдың ба?» деген сынды жетекші сұрақтар қою тиімді деп есептеймін. Сонымен бірге, «INSERT» әдісі, «Ыстық орындық», «Бір минуттық әңгіме», «Ашық микрофон» әдістері шығарманың меңгерілуіне тиімді болып саналады. Шығарма кейіпкерлеріне мінездеме жазу, кейіпкерлердің монологтарын жатқа айту, кейіпкерлерді суреттеу кезінде қолданылған көркемдегіш құралдарды табу секілді тапсырмалар да оқушының шығарманы анағұрлым терең түсінуіне мүмкіндік берері анық. Шығарманы меңгертуде айтылым және жазылым тапсырмалардың бірізді болғаны дұрыс. Оқушының шығармадағы кейіпкер сөзіне байланысты немесе қандай да бір оқиғаға байланысты көзқарасын білдіруіне негізделген шағын мәтін, әдеби хабарлама, эссе, сыни хабарлама жаздыру да көркем шығарманы меңгертудің тиімді жолдарының бірі болып саналады. Сондай-ақ, оқушының жазылым дағдысын жетілдіруге бағытталған «Қос жазба күнделігі» әдісінің де берері мол. Әр сабақтың соңында оқушылардан кері байланыс алып отыру өте маңызды.

Жоғарыда көрсетілген әдіс-тәсілдер дұрыс жүзеге асырылған жағдайда, сабақ барысында сыныпта ынтымақтастық атмосферасының қалыптасуына, ең бастысы, көркем шығарманың астарында жатқан терең ойларды ұғынып, автор тарапынан беріліп отырған идеяны жазбай танитын болады. «Оралхан кітаптары өмір сүріп келеді, өмір сүре береді. Олар: жасқа – ақыл, кәріге – қуат береді. Бақытқа бақыт қосады. Бақытсызға медет болады» деп қоғам қайраткері, Қазақстанның халық жазушысы Шерхан Мұртаза [6, 3] баға бергендей, Әр Алтайдың дарынды тумасы Оралхан Бөкей шығармалары өміршең. Ал сол салмақты туындыларды оқушылардың меңгеруі,

шығарманың негізгі идеясын ашуы, өмірмен байланыстыра алулары өте маңызды. Оқушы әдебиет сабағында көркем шығарманы қабылдау керек. Бұл – оңай үрдіс емес. Қабылдау деген сіз бере салғанды ол ала қоятын зат емес. Ол – оқушының өзінің жан қалауымен, жүрек сезімімен, рухани әрекетімен жүзеге асатын дүние. Оқушыдағы сезімді ояту – мұғалімнің қолында, яғни, оқушыға әдеби білім беру, эстетикалық, адамгершілік қасиеттерін дамыту үшін мұғалім әдебиетті оқыту барысында әдіс-тәсілдерді орнымен қолдана алса ғана, ой көзімен зерделеуге болатын дүние екені анық.

Пайдаланған әдебиеттер:

- 1.Кекілбайұлы Ә. Он екі томдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Өлке» баспасы. – Т. 11. – 1999. – 464 б.
- 2.Ғабит Мүсірепов, Таңдамалы шығармалар жинағы. 1-3 том, Алматы, 1955-1956 жж
- 3.<https://massaget.kz/layfstayl/debiet/kkzhiek/30388/>
- 4.Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің таңдау курстарының үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығы.
- 5.Ринат Зайытов, <https://www.zharar.com/> ресурсынан.
- 6.Мұртаза Ш. Оралхан: (О. Бөкей еске түскендегі елес пен ойлар). // Егемен Қазақстан. – 1998ж.

*Ускенбаева Гүлжан Алтынбековна,
«М. Мақатаев атындағы №74 мектеп-гимназиясы»
ШЖҚ МКК қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі*

ОРАЛХАН БӨКЕЙ «ТОРТАЙ МІНГЕН АҚ БОЗ АТ» ШЫҒАРМАСЫН 6-СЫНЫПТА ОҚЫТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қазіргі таңда білім алушыларға көркем әдебиет оқыту оның ішінде мазмұнды шығармаларды түсіндіру жұмыстары басымдыққа ие. Мемлекеттік бағдарламаға сәйкес қазақ әдебиетінің көркем шығармаларын оқушыларға насихаттау, әдебиет пәнінен білімдерін жетілдіру маңызды. Осы орайда шоқтығы биік, қаламы ұшқыр жазушы Оралхан Бөкейдің шығармашылығын өскелең ұрпаққа таныстыру, шығармаларындағы ұлттық құндылықтарды, қазақы дүниетанымды түсіндіру қажет.

Мектептегі әдебиет белгілі бір көркем шығармаларды, әдебиет туралы ғылыми мақалаларды, әдебиет теориясы мен тарихының негіздерін, оқушылардың сөйлеуі мен оқу мәдениетін дамыту бойынша ауызша және жазбаша жұмыстар жүйесін қамтиды. Өсіп келе жатқан тұлғаның рухани қажеттіліктері мен мүмкіндіктеріне сәйкес пән кезең-кезеңімен құрылады: ол баланың бастауыш сыныптарда алған оқу дайындығына сүйенеді, оның міндеті 5-7сыныпқа дейінгі кезеңді қамтиды - көркем шығарманы түсіну, олардың оқырмандық сезімталдығын дамыту және сол арқылы келесі оқу кезеңіне дайындау, онда ауызша өнер туындылары тарихи-әдеби негізде оқытылады және мектеп оқушылары әдебиеттің қоғамдық қозғалыстағы, адам тұлғасының қалыптасуындағы, халық пен адам тұлғасының өзіндік санасында, халық пен адамзаттың өзіндік санасында рөлін түсінеді. Мектептегі әдебиетті оқыту әдістемесі ғасырлар бойы әдебиеттің өнер, әдебиет ғылымы ретінде дамуымен, қоғамның көркемдік өзіндік санасымен бірге қалыптасты. Бірақ әдебиетті оқытудың міндеттері мен талаптары қоғам сұранысына орай толықтырылып отырады.

Танымдық іс-әрекет оқушылардың негізгі іс-әрекеті болып табылатын күрделі үрдіс. Білім алушылардың танымдық қабілетін дамыту, танымдық белсенділігін арттыру үшін олардың әр пәнге қызығушылығын, өздігінен даму дағдыларын қалыптастыру, ізденімпаздыққа, шығармашылыққа тәрбиелеу керек. Танымдық қызығушылықтың тууы баланың даму деңгейіне, тәжірибесіне, біліміне байланысты және бір жағынан оқу материалдарын беру тәсіліне байланысты.

Жалпы білім беретін мектептердің бағдарламасында 6-сыныптың әдебиет пәнінен Оралхан Бөкейдің «Тортай мінген ақ боз ат» әңгімесі берілген. Мектеп бағдарламасында оқушылар жазумен алғаш рет танысады, кейіннен 10-11 сыныпта «Атау кере», «Апамның астауы» шығармалары беріледі. Әдебиет сабағындағы негізгі міндеттің бірі білім алушыларды автордың өмірімен таныстыру, шығармашылығы жөнінен кеңірек мәлімет беру. Бұл жұмыстарды деректі фильмдер мен бірге суретті буклеттер,

класстер жасау, реферат дайындау, жоба қорғау, зерттеу жүргізу тапсырмалары арқылы түрлендіруге болады. Жазушы қоржынындағы жасөспірімдер мен көпшілік оқырманға арналған ерекше шығармасының бірегейі. Жазушы қаламынан туған әңгімелердің басым бөлігінің тақырыптары - табиғат пен адам. Бұл шығарманың бірінші бөлімі соғыстан кейінгі жылдардағы ауыл тіршілігі, балалар бейнесі, бала арманы мен қиялы һәм тағдыр тауқыметімен басталады. Бала бойындағы асқақ арман- білім алу, оқу мәселесі- шығарманың негізгі ойы. Бала Тортайдың арманы мен қиялы шын өмірде орындалмай, өмір ағымымен қала бергенін байқаймыз. Шығарма жазушы Оралханның да өмірімен тығыз байланыс бардай, Оралханға өзінің оқыған кітаптарын сыйлай отырып, сенен үлкен жазушы шығады Ораш деген тілегін білдіреді. Шығарма б-сынып оқушыларының жас ерекшелігіне сәйкес. Бала арманы мен кітап оқу мәселесі өзекті.

Әдебиет сабағынан бұл шығарманы оқытудың өзіндік ерекшеліктері бар. Білім алушыларға жалпылама мазмұнын түсіндіріп қана қоймай, негізгі идеясын, оқиғалар тізбегін, қорытынды ойын, әдеби терминдер мен оқушыларды таныстыру маңызды. Әңгімедегі мақал-мәтелдер, теңеулер, эпитет, кейіпкерлерді сомдау ерекшеліктеріне оқушы көзімен талдаулар қажет-ақ. Мысалы, тұрақты тіркестер: басына іркіт төгілу (молшылық), қой аузынан шөп алмас (момын), ұядай қылып жинау (жинақы), мұрнын көкке көтеру (паңдану, тәкаппарлану), ішкені алдыда, ішпегені артта (байлық), тақымы тоқыр тайға тимеу(жолы болмау); мақал-мәтелдер: ораза-намаз-тоқтықта, тоқ бала аш баламен ойнамайды; салт-дәстүрлер: шығарма басындағы ауыл көрінісінің суреттелуі, Моңғолияға бару қиялындағы құрмет көрсетілуі. Сабақта оқушылар бұл шығарманың мазмұнын түсініп, талдап, қорытынды өзіндік ойларын айта алады, сонымен қатар бағалау жұмыстарын тиімді жүргізуі керек. Сабақ барысында ескерілетін негізгі құндылық идеясы-өмір бойы білім алу. Шығармадағы құндылықтар: өмір бойы білім алу, кітап оқу-оқуға құштар мектеп жобасы, досқа деген адалдық, ар-ұят, құрмет. Әңгіме барысымен толықтай танысқаннан кейін, оқушылармен әңгіме желісі бойынша жоспар құру, атаулар беру жұмыстарын жүргіземін. Сынып оқушыларымен бұл жұмысты жеке, жұпта, топта да жүзеге асыру мүмкіндігі бар. Әр мұғалім өзінің сыныбының оқушы санын ескеріп отыруы керек. Екінші тапсырмаға әңгімені қысқаша талдау үшін кестемен жұмыстар берудің маңызы ерекше.

Кесте 1

Әңгіменің тақырыбы	Авторы	Ерекшелігі	Кейіпкерлері	Негізгі идеясы

Бұл тапсырманы орындаудан кейін бағалау және мұғалім тарапынан толықтыру мен қолдау көрсету қажет. Келесі тапсырмаларды әңгіменің құрылысына композициялық талдау жұмыстарын жүргізген тиімді. Бұл тапсырманы да кестемен немесе дәптерге жазбаша орындауға болады. оқушылардың білімін бекіту, тексеру мақсатында сұрақ-жауап ұйымдастырған дұрыс. Тиімділігіне қарай «Миға шабуыл», «Автор

орындығы» көзқарастарын еркін жеткізу үшін эссе жазғызуды қолданған дұрыс.

Қорыта келе, «Ұлы нәрсе – есте сақтау. Бұл қазір өмір сүретіндерге және бізден кейін келетіндерге қажет. Әйтпесе, адам оған жіберілген жолдан өткеннен кейін не қалады?.. Ертең өзіміз туралы қандай естелік қалдырамыз?»[1.254]. Есті сөздің авторы Оралхан Бөкей өзіне қымбат жерлестерінің тағдырын, олардың ұлттық ерекшеліктері мен кейіпкерлерін, әдет – ғұрыптары мен тілін, сондай-ақ туған өлкесінің әсемдігін бейнелейтін кітаптарды-өзі туралы лайықты естелік қалдырды. Көбінесе әдеби бейнесі жазушылық даралықтың мәнін көрсетеді. Оның әңгімелерінің кейіпкерлері: ана, әке, бала, ауыл адамдары, бұғы т.б. О.Бөкейдің барлық прозасы жақсылық пен жамандық, күш пен батылдық, шынайы және ойдан шығарылған рухани құндылықтар туралы ойлауға бағытталған. Оралхан Бөкей- сиқырлы сөздің шебері. Оның өз туындыларының пішінін, оқиғасын таңдауда керемет қабілеті бар. Оның прозасының жолдары кең және еркін құйылады. Оның кітаптары неміс, словак, болгар, ағылшын, венгр, араб, қытай, жапон тілдерінде, сондай-ақ ТМД халықтарының тілдерінде аударылып, жарық көрді.

О.Бөкейдің прозасы көптеген ұлттық құндылықтарға негізделген. Жазушы О.Бөкейдің жеке әңгімелерімен танысып, оның шығармашылығының туған жері ШҚО Катонқарағай ауданымен терең байланысын байқадық. Бұл аймақтың табиғаты мен адамдары оның шығармаларының негізгі көзі болды. О.Бөкейдің басты кейіпкерлері автордың өз ойлары мен тәжірибелерін жиі бейнелейді. Сіз бен біз дарынды жазушының әр шығармасын оқушыларымызға түсіндіре отырып, насихаттай алсақ мақсатымызға жеткеніміз емес пе?

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Бөкей Оралхан. Очерктер, публицистикалық мақалалар Алматы: «Ел-шежіре», – 2013. –384 б.
2. Оқулық: «Мектеп» баспасы, 2017 ж. Авторлары: Керімбекова Б., Мұқанова Ж.
3. https://adebiportal.kz/kz/news/view/qysqasa-mazmun-tortai-mingen-aqboz-at__21454

*Алтынбай Назерке Алтынбайқызы,
Қадыр Мырза Әлі атындағы Vinot мектеп-лицейінің
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі*

ОРАЛХАН БӨКЕЙДІҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫН ОҚУҒА ҚҰШТАР СЫНЫБЫМНЫҢ ЕРЕКШЕ БОЯУМЕН ТАЛДАУЫ

Жұмыс тақырыбының мақсаты:

-Алтайдың асқақ жыршысы – Оралхан Бөкейдің шығармаларымен толық таныстыру, өмірін, қасиеттерін үлгі ете отырып, білім - ғылымға құмарлығын арттыру;

-Жас ұрпақты көркем сөйлеуге, өз бетімен іздене білуге, шығармашылық жұмыс жасауға үйрету.

Міндеттері:

-Оралхан Бөкейдің шығармаларын жаңа бояумен таныту, айрықша рең беру;

-Ұлыларымызды құрметтеу, сол арқылы оқушы бойына даналардың даралығын бағалау, қастерлей білуге баулу.

-Оралхан мұраларын заманауи көзқараста талқылау.

Өзектілігі:

-Оқуға деген тұрақты қызығушылығы бар оқушыларды көбейту;

-Әр тұлғаның шығармашылығын ақыл-оймен талдауға, тұлғаларды танып - білуге дайындау.

Зерттеудің теориялық-әдіснамалық негізінің дәйектілігі: Тәжірибелік бөлім оқушыларды дамытудан тұрады. Шығарманы оқу арқылы қиялдан образдар туады. Тапсырмаларды шығармашылық жолмен талдайды.

Жұмыс идеясының ерекшелігі: «Оқуға құштар сынып» атты жобам негізінде 8 «А», «Ә», 8 «Б» сыныптарым арнайы шығармашылық дәптер арнаған. Әр көркем шығарманы оқып ғана қоймай, талдап оқиды. Әдебиеттанушы Қ.Бітібаеваның көркем шығарманы талдау үлгісімен жұмыс жасайды. «Жұмадағы жүздесу» жобасы және шығармашылық кештерде белгілі ақын-жазушылармен, кітапханалардың директорларымен, кітапханашыларымен, танымал жұлдыздармен сұхбат ұйымдастырады.





Практикаға енгізу перспективасы, автордың айқын көзқарасы:

Жұмыстың нәтижесі: «Оқуға құштар сынып» жобасы негізінде оқушылар Оралхан шығармашылығын талдап, қазіргі өмірмен ұштастырады. Біз рухани ойлауы биік, ұлттық сана сезімі оянған оқушыларды тәрбиелеп шығарамыз.



Әлеуметтік мәнділігі: Қазіргі заманда телефонға телмірген орыс тілді балалар өте көп... Басты мақсатым - кітап оқыған көшбасшы оқушыларды көбейту.


Оралхан Бөкейді кітапсүйер оқырмандардың барлығы жақсы көреді. Кез келген шығармасы адамды тылсым оқиғаға, сезім әлеміне жетелеп отырады. Шығармашылығына үнемі жастық тақырыбын арқау еткен. Қазір біз жастарды білімділікке үйретеміз, ал сезімталдыққа үйретпейміз. Сондықтан да қатыбас, ештеңеге жаны ашымайтын машина-адамдар тәрбиелеудеміз. Сондықтан да қазіргі баланың бойында сезіну, қорқу, қиялдау, шын сүйсіну қабілеті жойылып, ғылым мен техниканың мың-миллион термині миында быжынап кеткен...

Оралхан Бөкей «Бармысың, махаббат?» [2626]. Оралхан Бөкейдің орамды ойында үлкен мән жатыр. Біз сезімтал, рухани ойлауы биік, әр адамға өзінің қол ұшын созатын, әр істе адамгершілікпен қарайтын, қоршаған ортаға мейірімділікпен жылуын төгетін оқушыларды тәрбиелеуіміз керек! Оқушылар Қанипа Бітібаева бойынша көркем шығармаларды 14 сатымен шығармашылық талдайды. Назарларыңызға О.Бөкейдің «Қар қызы» повесі, «Ұйқым келмейді», «Апамның астауы» әңгімесі, «Кешір інім», «Алтай» өлеңдері мен даналық сөздерін ұсынамын.





1. Авторы:
2. Тақырыбы:
3. Идеясы:
4. Жанры:
5. Басты кейіпкерлер:
6. Қосалқы кейіпкерлер:
7. Бас кейіпкер бейнесін табу.
8. Диалог, монолог
9. Кейіпкерлердің мінез-құлқы:
10. Суреттелетін салт-дәстүрлер:
11. Сөзмаржан.
12. Нақыл сөздер:
13. Көркемдегіш тәсілдер:
14. Композициялық құрылысы:

Оралханның қанатты сөзі өте керемет, шынайы қазақ болмысын ашқандай... «Кез келген қазақ кемінде екі ақыл айтады. Соның бәрін өзі істесе, адам боп кетер еді...» деген екен.. Мықтысыз ба, мақсатыңызға үндемей жетіңіз. Өздері білмесе де, орындамаса да ақыл айтатындар адамдар бар. Былай айтқанда "аңқау елге арамза молданың" керісі. Мен қазақтардың кейбір ақылдыларынан кәсібилікті көргім келеді. ... Олар тек ақыл айтады. Ол ақылды айтуға кез-келген қазақтың шамасы жетеді. Сізге шын мәнінде мотивация керек емес. Сізге жол сілтейтін адам керек. Ол сіздің жақын досыңыз, не әкеңіз, не әріптесіңіз болуы мүмкін.




Қазақта «Білгенім - тоғыз, білмегенім – тоқсан тоғыз» деген сөз бар. Бұл өмір жолымызда үнемі қарбалас тіршілік таусылмайды. Үнемі әр нәрсені ойлап, тыныштық таппаймыз. Барымызша тырысып, әр істі мінсіз етіп жасағымыз келеді. Мықты адамдардың да қателесетін кезі болады.



Үнемі әр іске асығып жүретініміз рас. Кейде сол асығыстан қателік жіберіп жатамыз. Әр істі «жеті рет өлшеп, бір рет кесуіміз қажет».



Махаббатты еске түсіретін оқиғасы – «Ұйқым келмейді» әңгімесі. Кіршіксіз таза көңілдің символы».



Кешірім сұрай білген ақын -Оралхан Бөкей. Оралхан Бөкейдің адам – жұмбақ деген сөздің тереңіне үңілген ізденісін танытатын шығармасының бірі – «Қар қызы» повесі.



Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Оралхан Бөкей «Қар қызы» Біздің жақта қыс ұзақ.-Алматы: Жалын, 1984.-432б
2. Аңыз адам Оралхан Бөкей, 2013ж тамыз
3. Оралхан Бөкей шығармалары пьесалар "Бармысың, махаббат"-262-313бб
4. Оралхан Бөкей телеграм каналы

*Майқанова Шолпан Ермухановна,
Қ. Мырза Әлі атындағы BINOM мектеп-лицейінің
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі*

ОРАЛХАН БӨКЕЙДІҢ «ТОРТАЙ МІНЕР АҚ БОЗ АТ» ШЫҒАРМАСЫ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМУ

Функционалдық сауаттылықтың бір құрамы – оқу сауаттылығы.

Қазақ әдебиеті сабағында көркем шығармаларды оқыта отырып оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалай жетілдіруге болады? Жазушы Оралхан Бөкейдің 6-сынып оқулығында берілген «Тортай мінер ақбоз ат» шығармасы арқылы түсіндіріп өтейін. Жалпы, жазушының қай шығармасын алсаң да өмірден алынған оқиғалар мен эпизодтар тізбегі арқылы оқырман қауымын, болашақ ұрпақты өмірде болатын сәтсіздіктер мен қателіктерден аулақ болуға, қиындықтарға мойымауға тәрбиелейді. Ұстаз жазушының осы қырын ұтымды пайдаланып, оқушыларға шығарманы оқытып қана қоймай, өздеріне өмірлік тәжірибе жинақтауына көмектесе білуі қажет.

Оқу сауаттылығының негізі - жазбаша мәтінді түсіну және оған рефлексия жасай білу қабілеті, мәтін мазмұнын өз мақсатына жету үшін қолдана білу. Мәтін, жағдаят және сұрақты біріктіре отырып оқушыға мазмұндауды емес, ондағы ақпаратты интерпретациялау және іздеу дағдысын қалыптастыру, өз көзқарасын ұсына алатындай білігі болуы қажет.

Осы жұмыста өз сабағымда Оралхан Бөкейдің «Тортай мінер ақбоз ат» шығармасын оқыту барысында оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту мақсатында қолданылған әдіс-тәсілдеріммен және шағын іс-тәжірибеммен бөліскелі отырмын.

Берілген әдіс-тәсілдерді қолданудағы **мақсатым** – тұлғаның өз бетімен білім алу дағдысын, оны әртүрлі проблемаларды шешу үшін қолдану дағдысын, сараптау, жалпылау, аргумент жасау, сын тұрғысына ойлау, топта жұмыс істей алу дағдыларын дамыту.

Оқу процесін ұйымдастыру қалай жүзеге асады? Ең басты рөл мәтінді түсініп оқуға беріледі.

1. «Тортай мінер ақбоз ат» шығармасын оқушылардың қаншалықты жақсы түсінгенін білу үшін «**Қатесін тап**» әдісімен жұмыс істетемін.

Ол үшін мәтін мазмұны бойынша шығарма тақырыбы мен идеясын ашуға түрткі болатын, басты кейіпкерлерді тұлға ретінде ашуға негіз болатын, дұрыс жауабы мен қате жауабы бар ақпараттарды дайындап алып келемін. Ол ақпараттарды тақтаға шығарып қоямын. Оқушыларды топқа бөлемін де, әр топ берілген ақпараттың ішінен қатесін табуы керек. Оқушылар топқа бөлініп мәтінді оқып шығады, өзара пікір алмасады, ақылдаса отырып қате ақпаратты табады. Әр табылған қате ақпарат үшін ұпай берілетін болады.

Оқушыларға ұсынылатын ақпараттар:

1-топқа

1. Оралханның аулы Салықсалғанды мекен етеді.
2. Ауыл адамдары үйлерін кірпіштен салатын.
3. Ол кезде колхоздың сиырлары екі мезгіл сауылады.
4. Ауыл балалары бұзау жаяды.
5. Кешке жақын жігіттер алтыбақан құрады.
6. Тортай Оралханнан кіші еді.
7. Тортайдың ата – анасы жоқ еді.
8. Тортайдың көзі нашар көретін.
9. Тортай көп ойнамайды, жасқаншақ.
10. Тортай кітап оқығанды ұнатпайтын.

2- топқа

1. Оралханның әкесі ферма бастығы.
2. Тортай Оралханның тамағына қызығатын.
3. Бір күні Тортайды тұрған үйі қуып жібереді.
4. Ол үңгірді паналады.
5. Үңгір ішінде ойыншық көп екен.
6. Ол үңгірге кілем төсеп қойыпты.
7. Тортай Оралханға үңгірге қон дейді.
8. Тортай Оралханға ертегі айтып береді.
9. Ол ертегісін «баяғыда бір бай болыпты» деп бастайтын.
10. Ертегінің аяғын Оралхан есінде жақсы сақтады.

3-топқа

1. Тортай «ата-әжең» деген сөзді қырсығып айтты.
2. Тортай кітап оқығанды ұнатпайтын.
3. Тортай ақбоз атқа мінуді армандады.
4. Тортайдың ақ қошқары болды.
5. Күзде ауыл балалары мектепке баратын болды.
6. Тортай да мектепке барды.
7. Оралхан есейген соң ауылына келмей қойды.
8. Тортай елге белгілі Оралханға сәлемдесуге келеді.
9. Тортай мен Оралхан кездеседі.
10. Тортай үйленген, екі-үш баласы бар.

Қалыптастырылатын функционалдық сауаттылық:

- Шығарма бөлімдерінің арасындағы байланысты табу мақсатындағы оқу сауаттылығы дамиды;
- Түсініп оқу дағдысы қалыптасады;

2. Шығарма мәтіні талданып болған соң, кестелермен жұмыс жүргізіледі.

Оралханның аулын сипаттаңдар:

Ауыл аты	Ауыл сипаты	Ерекшелігі

Тортайды сипаттаңдар:

Тортайдың жасы	Отбасы жағдайы	Басқа балаларға карағанда ерекшелігі	Тортайдың арманы

Берілген кестелерді толтыра отырып оқушылар мәтіннен алған ақпаратты өңдеп, оны интерпретациялай алады. Оқушылар шығарманың тақырыбы мен негізгі ойын анықтауы керек, олардың негізінде қорытынды жасауы қажет. Ол үшін келесі кестені толтыру ұсынылады: Кестедегі сұрақтарға жауап бере отырып, балалар ойларын бір жүйеге түсіреді.

Шығарма не туралы? /шығарма тақырыбын анықтауға болады/	
Автор қандай сұрақтарды қарастырады? /көтерілген мәселені табады/	
Авторды көбіне қандай сұрақтар төңірегінде ойланады? /мәтіндегі басты мәселені көреді/	
Автор бұл мәтінді не үшін жазған? /мәтін мақсатын көре алады/	
Қойылған сұрақтарға автор өзі қалай жауап береді? /автор позициясын көруге болады/	

Қалыптастырылатын функционалды сауаттылық:

- Оқушылар тұтас мәтінмен жұмыс істеп дағдыланады.
- Ойларын қорытып, негізгіні табуға машықтанады.
- Оқушылар оқу арқылы оқу техникасын жетілдіруге емес, оқуды үздіксіз дамытын білім, білік, дағдыға айналадырады.
- Сын тұрғысынан бағалау дағдылары дамиды.
- Шығармадағы бірнеше фрагменттерді тауып, ретке түсіру;
- Алынған ақпаратты өз мақсатына қарай қолдана білу.

Сабақты қорытындылауда «Фрейер» әдісін қолданамын. Әңгімеде сөз болып отырған кейіпкер Тортайдың өмірі, оның ақбоз атқа міне алмай қалу себебін талдап, қорытынды жасау үшін осы әдіс ұтымды.

Тортайдың
сипаты

Шығармада
көтерілген мәселе

Тортайдың
арманына жете
алмау себебі

Шығарманың
маңызды тұсы

Сенің пікірің

Қорытынды

1. Берілген әдістермен жұмыс істеу оқушылардың өзін-өзі басқаруына, функционалдық сауаттылықтарын дамытуға ықпал етеді;
2. Функционалдық сауаттылық әр сабақта осындай тәсілдер қолданылса ғана дамиды болады.
3. Оқушылардың өз бетімен ойлап, шешім қабылдауына уақытымыз да, сабырымыз да жетуі керек.
4. Оқушы білім жинақтауды үйренуі керек.
5. Қашан? Қайда? емес, Қалай? деген сұрақтарды жиі қолдануымыз керек.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. «Білімді ел» газеті № 7 2022 жыл
2. BILIMGER KZ республикалық білім порталы

*Кузембаева Мейрамгуль Толеутаевна ,
Қаныш Сәтбаев атындағы BINOM SCHOOL
мектеп-лицейінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі*

АДАМИ ҚҰНДЫЛЫҒЫМЫЗ – ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТЫҢ КЕПШІ
Жаһанданған заманда өскелең ұрпақтың тәрбиесі маңызды орын алып отыр, сондықтан жалпыазаматтық және ұлттық құндылықтарды сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеуде өз үлесін қосу – әр ұстаздың адами парызы. Осы адами құндылықтарды әр сабақта көркем шығармалардың өн бойынан таныта отырып, шәкірттерімізді сусындата аламыз. 11-сыныптың қазақ әдебиеті бойынша жаратылыстану-математика бағытындағы оқу бағдарламасында Оралхан Бөкейдің «Атау кере» повесі берілген.[1] Осы шығарманы талдау барысында «11.1.3.1 - көркем шығармадағы кейіпкерлер жүйесін жинақтау мен даралау арқылы өмір шындығын көрсету» оқу мақсаты негізінде сыныпта білім алушылар кейіпкерлерге топта талдау жасады. Кейіпкерлерге талдау жасау барысында білім алушылар «**FILA толтыру**» әдісін қолданды.

Facts-Дерек – шығармадан кейіпкер бейнесін ашатын мінездеулерді жинау және проблемалық фактілерін анықтау;

Ideas-Пікір – кейіпкерді сомдаудағы тура және жанама мінездеулер туралы өзіндік ой-пікір және жағдаяттың тууына себеп болған әрекеттерге көзқарасын білдіру;

Learning-Сұрақ – шығармадағы тура және жанама мінездеуді ашатын сұрақтар, яғни, идеяларды жүзеге асыруға көмектесетін сұрақтар;

Action plan-әрекет ету жоспары – автордың кейіпкерлерді сомдауда қолданған тәсілі және проблеманы шешетін нақты жоспары.

Білім алушыларға зейіндерін шоғырландырып жүйелі әрекет жасау үшін, нақты дескриптор ұсынылды және дескриптормен жұмыс жасау жолы жан-жақты түсіндірілді.

Дескриптор.

Білім алушы

- шығармадан кейіпкер бейнесін ашатын мінездеулерді жинайды.
- кейіпкерге қатысты туындаған мәселені анықтайды.
- кейіпкерді сомдаудағы тура және жанама мінездеуге өзіндік ой-пікірін келтіреді.
- кейіпкерге қатысты туындаған жағдаятқа көзқарасын білдіреді.
- шығармадағы тура, жанама мінездеуді ашатын сұрақтар құрастырады және ықтимал жауабын қарастырады.
- автордың кейіпкерлерді сомдауда қолданған тәсілін анықтайды, дәлел келтіреді,
- кейіпкерге қатысты проблеманы шешетін нақты жоспар (шешім) ұсынады.

Білім алушылар кейіпкерлерден Ерік, Айна, Таған, Нүрке кемпір, Шал, Қандауырға талдау жасауды өзара шешіп алды. Білім алушыларға шығармадағы кейіпкерлердің мінездемелерін ашу үшін сұрақтар қоюға, образдар туралы деректер жинақтауға, мінездеме түрлерін анықтау үшін шығармадағы кейіпкерлердің ойлары мен пікірлеріне сүйенуге болатынына ұстаз ретінде бағыт-бағдар бердім. Шәкірттердің топтық жұмысындағы кейіпкерлердің бірі – Қандауырға тоқтала кетейін. Қандауыр – шыншыл, мінезі қайратты, тура жүріп тура сөйлейтін, қара қылды қақ жарған әділ адам ретінде суреттеледі. Осы шығармадан Қандауырдың өзінің ана тіліне құрметпен қарағанын көреміз. Өзінің сүйіктісіне қазақ тілін үйреткен. Оған Нүрке апайдың келінімен әңгімесінен үзіндіні келтіруге болады. «...Қандауыр екеуіміз қосылмай тұрып-ақ, қазақтардың бүкіл тұрмыс-тіршілігіне жасырын дайындалғанбыз, ана тілін үйреткен де Қандауыр», – деп ерекше сезіммен айтады.

Кейіпкерлерге талдау жасау барысында оқушылар осы аттар қандай мағынаны білдіреді және шығу тарихы қандай деген оймен іздене отырып зерделеді. Оқушылардың ерекше таңғалғаны «қандауыр» сөзі жайлы ақпараттар болды. Олар «қандауыр» сөзінің мән-мағынасына бірнеше нұсқада тоқталып кетті.

Біріншіден, қандауыр – пышақ түрі екен.[2] Адамның басы ауырғанда денедегі арам қанды сыртқа шығару үшін қолданылатын құрал түрі екен. Қандауырмен тіліп, сиыр қарық арқылы, яғни, сиыр мүйізінен жасалған түтік арқылы бастағы арам қанды сорып алатын болған. Пышақтың бұл түрінің қандауыр аталуы да осыдан шыққан. Бұл ертедегі қазақ халқының ем жасау жолдарының бірі. Өте көне ем түрі десек те болады.

Шығармада Нүрке кемпірдің келіні Айнамен әңгімесі арқылы «қандауыр» деген сөзге мынадай түсініктеме берілген. Қандауыр – ұстараның бір түрі, кіп-кішкене айбалта секілді, асыл темірден соғылған.[3] Осы құралды ауылындағы көршісі Сарқыт деген кемпір ауыл адамдарын емдеуде шеберлікпен қолданғанын және қазақ халқы медицина саласынан, емдеу жолынан қалыс қалмағанын автор кейіпкер арқылы жеткізіп тұр. Адамды табиғи жолмен емдеу және адам өміріне араша бола алған жандарды құрметтеу – біздің ата-бабамызға тән қасиет. Оны келесі үзіндіден көре аламыз. ...Иә, ол кісі бетімдегі жараны да жазып еді, сондықтан да есімнен, бес уақыт намазымнан қалдырмай атап отыратынмын, – дейді енесі келініне шүйіркелесіп отырғанда ризашылығын білдіріп, осыдан оның қазақтың табиғи қасиетіне бас игенін және өмірлік серігінің болмысына, салтына, діни ұстанымына құрметпен қарағанын көреміз. Нүрке кемпірге осындай сипаттама бере отырып, біз Еріктің әкесінің қаны қазақ ата-бабасының бар болмысын, киелі қасиетін құрметтеген адал адам екенін көреміз.

Екіншіден, қандауыр – медициналық термин, хирургия саласында адам денесін тілуге арналған өткір пышақ түрін айтады екен. Орысша – скальпель немесе хирургический нож деп аталынады. Осы көнерген *қандауыр* сөзінің жаңа мағынаға ие болуы семантикалық тәсілмен пайда болған.

Үшіншіден, қандауыр латын тілінен енген сөз өсімдік атауы екен. Бұл өсімдік Қазақстанда Балқаш, Алакөл төңірегінде, Алтайда, Жетісуда, Іле, Күнгей, Теріскей Алатауларында, Кетпен жотасында, Батыс Тянь-Шаньдағы далалық, шабындық жерлерде, жол бойында, арық, көл, өзен жағалауында өсетін қос жарнақты өсімдік түрі екен. Осы қандауыр өсімдігі – ауыл шаруашылық дақылдарына үлкен зиян келтіретін жартылай паразит өсімдік. Мұның зияны жабайы және екпе астық тұқымдас өсімдіктердің **тамырын** зақымдаудан басталады екен.

Осылайша оқушылар сөздердің мағынасын ашып алғаннан кейін, карапайым сұрақ, күрделі сұрақтар қою арқылы кейіпкерлер мен көтерілген мәселелерді өз көзқарастарымен ашуға әрекет жасады. Автордың Еріктің әкесінің атын Қандауыр деп атауына не себеп болды? Қандауыр арқылы автор қандай мәселені астарлай көтеріп отыр? Неліктен деп ойлайсыңдар? Осы шығармада тамырына балта шабылған кейіпкер кім деп ойлайсыңдар? Неліктен ол кейіпкердің адами құндылығы құлдырады деп ойлайсың? Қазақ халқының түп тамыры не дегенде, көз алдыларыңа нені елестетесіңдер? деген де сұрақ тасталды. Оқушылар жер, табиғат, ата-ана, ұрпақ, халық, тіл деп жауап айтты. Осыдан келіп, біз өзара ана тілімізде таза сөйлесіп жүрміз бе, әлде жартылай басқа тілдің сөздерін қосып сөйлесіп жүрміз бе? Тілімізде паразит сөздерді қолданбас үшін қандай әрекет жасай аламыз?

«Ұлттың сақталуы мен жоғалуына да себеп болатын – халықтың өзі. Тілі жоғалған ұлттың өзі де жоғалады»,– деп Ахмет Байтұрсынұлы айтқан екен.[4] Өркениетті елдің ұрпағы ретінде адами, ұлттық құндылығымыз ана тілімізді сақтап қалайық дей келе, оқушылар өзара тілге қатысты мәселені шешу жолың жоспарын ұсынды. Өзара сөйлескенде және мессенджер арқылы жазбаша және ауызша хабарласқанда да таза ана тілінде әрекет жасауды алға қойды. «Тіл – халықтың күре тамыры» демекші тілімізді шұбарламай таза сөйлейік деген ұстанымға аяқ басты.

Әр кейіпкерге қатысты тура, жанама мінездеуді ашуда және сол кейіпкердің төңірегінде туындаған мәселені қарастыруда әртүрлі мәселе көтерілді, әртүрлі шешу жолдары ұсынылды. Оқушылар өзара кері байланыс жасады. Оқу әрекетіндегі осы сәт тартымды әрі жанды көрініске ие болды.

«Кейіпкердің ішкі әлемі» әдісінде оқушыларға кейіпкерлердің өмірден түйген ойларынан үзінді таратылып беріледі. Білім алушыларға кейіпкердің сөзі мен ішкі ойын зерделей отырып, автор айтпақ болған өмір шындығын ашулары қажет екені түсіндірілді. Кейіпкерге қатысты тура мінездеу мен жанама мінездеу түрлерін аша отырып, түйінді ойларға өздерінің көзқарасын білдіріп, кейіпкер арқылы қоғамда болып жатқан өзгерістерді көрсету мақсатында қолданған автордың әдістерін зерделей отырып, сол кездегі өмір шындығын ашу қажет екені де ұстаз тарапынан түсіндірілді. Білім алушыларға зейіндерін шоғырландырып жүйелі әрекет жасау үшін, нақты дескриптор ұсынылды және дескриптормен жұмыс жасау жолы жан-жақты түсіндірілді.

Дескриптор

Білім алушы

-кейіпкердің сөзі мен ішкі ойына өз көзқарасын білдіреді.

-кейіпкердің сөзі мен ішкі ойы арқылы тура, жанама мінездеу түрін анықтайды.

- автордың өмір шындығын ашуда кейіпкерге қатысты қолданған әдістеріне ойтолғам жасайды.

- кейіпкер арқылы автордың көрсеткісі келген өмір шындығын ашады.

Төменде оқушыларға ұсынылған үзінділердің үлгілері.

Айна. ...Адамның қателігі – кемшілік жіберуінде емес, сол кемшілікті кешіктірмей түземеуінде. ...Дүниедегі ең қиын нәрсе – шын сүйген адамыңнан қалған көңіл; ол – шыққан жан, кешірімі мен кеңдігі болмайды екен, – деген Айнаның осы сөзінен айналасындағы жақын адамдардан көңілі қалғаны сезіліп тұр.[3] Ерік күні-түні еңбектеніп, ақша табу жолына мүлде беріліп кетеді. Үйде Айнаның барын да ұмытып кеткендей әсер қалдырады. Айнаны бұл жағдай алаңдатқанымен, ендігі көңілін мұсылмандықты қабылдаған, бес уақыт намазын ұстаған, өзін қызындай жақсы көрген енесіне бар көңілі мен мейірімін төге бастайды, бірақ айналып келгенде бұл әрекеті де алдамшы болып шықты. Айна енесі ақтық сапарға аттанарда оған ақтық асын дайындап беріп, қолдау көрсетіп енесінің жанында отырады. Енесінің жан тапсырарда шоқына бастағанын көрген Айна талып қалады. Осы шығармада Айна жүрегі таза, үлкенді құрметтейтін, отбасын қадірлейтін кейіпкер ретінде бейнеленген.

Нүрке кемпір. ...Жат жұрттық ешқашанда жарытқан да, жерсінген де емес, бүгін балын берсе, ертең уын ұсынады. ...Атаңның атына кір келтірмеуден артық не бар бұл жалғанда. Ал «бақ дегенің – тойға келген қыз емес пе, байлық деген – қолға ұстаған мұз емес пе, бала – артта қалған із емес пе» деп, бұрынғылар бекер айтпаған, – деген Нүрке кемпірдің сөзінен бақ та, байлық та уақытша екені жайлы ой түйінделген. Адам үшін өшпес тамыры – ұрпағы, бірақ сол ұрпақтың бойына қазаққа тән құндылықты, үлкенге құрметті, өзін-өзі бағалауды үйрету маңызды екенін автор кейіпкер арқылы түйіндеп тұр.

Таған. ...Адам баласын құртатын ой емес, ойсыздық. ...Дүниедегі ең киелі нәрсе – әйелге берген ант, – деген Таған сөздерінен халқының келешегі үшін қам жеген кейіпкер және оның бойына қазақ қанына тән әйел затын сыйлау, ананы құрметтеу деген сияқты адами құндылықтарды автор шоғырландырған.

Шал. Сен ойлама. Әрекет жаса. Адам баласын құртатын сол – ой. ... Шамы жоқ адам – намысы жоқ адам, – деген сөздер арқылы ұрпағын әрқашан алға жүруге шал қамшылап отыр. Осы шалдың сөзі арқылы автор атам қазақта өнегелі қариядан өмірлік азық болатын асыл қазыналы сөзі ұрпаққа мирас болып, ұрпақтың рухын өсіп-өнуіне мәңгілік бағдаршы болып қалатынын түйіндеп тұр.

Ерік. ...Кінәні өзгеге арта салу – пәледен құтылудың ең оңай жолы, – деген Еріктің сөзінен қанша еңбекқор болса да, өзіне ешқандай жауапкерлік

алмайтын, өзімшіл кенін көреміз және сол кездегі қоғамның шынайы айнасы осы кейіпкердің бейнесіне шоғырлана көрсетілген.

Автор. ...Дүниедегі ең азап та сол – біздіңше, өзіңді өзің құл ретінде пайдалану. Ал оның қаншалықты пайдалы іс екенін сана сарабына салмаудан озған жетесіздік жоғы және рас, – деген автордың түйінінен сүйіктісі үшін мұсылмандық қабылдаған Нүрке кемпір де, өмірлік серігі үшін қиямет жерге келген Айна да, диссертациясын қорғай алмай ішімдікке салынған Таған да, байлық қуған еңбекқор Ерік те, ең соңында, өмірдің не екенін түсінді. Қазіргі кезде ата-ананың көбі іскерлікпен айналысып, отбасына, бала-шағасына қарауға мүмкіншіліктері болмай жатқандарын да тілге тиек етті. Осыдан келіп, оқушылар адам өзін бағалау керек, сонда ғана айналасына, өзіне бақытты сәттер сыйлай алады деген тоқтамға келді. Адами құндылық пен ұлттық құндылықты Венн диаграммасына салып, топ арасында кері байланыс жасау арқылы сабақ тиянақтады.

Осы ауқымды шығарманы игерту мақсатында PBL әдісі қолданылды. PBL дегеніміз – жоба негізінде білім алу әдісі. PBL-да оқушылар тақырыпты зерттеу арқылы өз біліміне жауапкершілік алады. Оқушылар сабаққа қатысты тақырыпты зерделеуді ұнатады әрі жалықпай ізденеді, талдайды, жинақтайды.

Қорытындылай келе, Оралхан Бөкей «Атау кере» повесінің негізгі ұстанымы – «Біртұтас тәрбие бағдарламасының» ұлттық, адами құндылықтарымен үндесіп жатыр.[5] Бүгінгі күндегі ұрпақ тәрбиесіндегі «Біртұтас тәрбие бағдарламасының» ұстанымы – халқына адал еңбек ету, заманына сай білімді болу, өнерін ұрпағына үлгі ретінде қалдыру, үлкенге құрмет, кішіге ізет, еліміздің рәміздерін, ана тілімізді құрметтеу болып отыр. Өскелең ұрпақтың бойына ұлттық, адами құндылықтарымызды көркем шығармалар арқылы сіңіру басты парызымыз болып қалады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. ҚР БҒМ ЖОББ деңгейінің жаратылыстану-математика бағытындағы 10-11-сыныптарына арналған «Қазақ әдебиеті» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы
2. <https://kk.m.wikipedia.org/wiki/>
3. О.Бөкей «Атау кере» повесі. –Алматы: Ел-шежіресі –2013.
4. <https://auilzhanaligi.kz/>
5. ҚР ОАМ «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» 2023-2024 оқу жылына арналған кешенді жоспары.

*Қанаткерей Айгерім Қанаткерейқызы,
№89 мектеп-лицейінің
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі*

ОРАЛХАН БӨКЕЙ ШЫҒАРМАЛАРЫ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМУ

«Функционалдық сауаттылық тұжырымдамасына негізделген анағұрылым танымал халықаралық бағалау зерттемелерінің бірі ЭЫДҰ қолдауымен өткізілетін 15 жастағы оқушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың халықаралық бағдарламасы (Programmer for International Student Assessment – PISA) болып табылады.

PISA зерттеулері қазіргі уақытта әлемде мектептік білім берудің тиімділігін салыстырмалы бағалаудың әмбебап құралы ретінде қарастырылады. PISA шеңберіндегі тестілеу барысында функционалдық сауаттылықтың үш саласы бағаланады: оқудағы сауаттылық, математикалық және жаратылыстану-ғылыми сауаттылық. Зерттеу айналым бойынша (үш жылда бір рет) жүргізіледі. Әрбір айналымда функционалдық сауаттылықтың қандай да бір түріне ерекше назар аударылады» [1].

«Функционалдық сауаттылық» терминін ЮНЕСКО 1957 жылы енгізген. 1965 жылы – «Күнделікті өмірде қолдануға және күнделікті мәселелерді шешуге арналған оқу және жазу дағдыларының жиынтығы» (Тегерандағы Білім беру министрлерінің Дүниежүзілік конгресі). 1978 жылы – «Өз тобының тиімді жұмыс істеуі үшін сауаттылық қажет болатын, сонымен қатар оқуды, жазуды және санауды өзінің дамуы және қоғамды дамыту үшін одан әрі пайдалануға мүмкіндік беретін барлық қызмет түріне қатыса алатын адам ғана функционалдық сауатты адам болып саналады. 2002-2012 жж. «БҰҰ-ның сауаттылық онжылдығы» - функционалдық сауаттылық қарапайым негізгі сауаттылық шеңберінен асып, қазіргі кезде «... қоғам мүшесі, ата-ана, азамат және қызметкер ретінде толыққанды және тиімді атқару» болып табылады. Функционалдық сауаттылық туралы қазіргі заманғы түсінік қарапайым оқу – жазу – түсіну – бағдарлау дағдыларының шеңберінен шығып, біртіндеп қоғамдық және мәдени өмірдің кең ауқымды салаларын қамтуда. Тұлғаның қоғамға ықпалдасуын, оның дамуына үлес қосуын, қоғам игілігі жолындағы жасампаздық қызметтегі дербестігінің көрінісін қарастыруға талпыныс жасалуда. Оқу сауаттылығы – функционалдық сауаттылықтың негізгі компоненті» [2]. «Қазақ әдебиеті» сабағында тілдік, әдеби, мәдени білімдерін қалыптастыруда О.Бөкейдің шығармаларын оқытудың маңызы зор. Мектеп бағдарламасында жазушының «Апамның астауы», «Тортай мінер ақ боз ат», «Атау кере» шығармалары оқытылады. Оралхан Бөкейдің «Атау кере» шығармасы – адамзат баласының ұлы мұратын, даму заңдылықтары мен проблемаларын көрсеткен шоқтығы биік шығармалардың бірі. Табиғат-Ана – өзінше алып күш және өзінше бөлек әлем. Біз сол табиғат аясында өмір сүріп жатқанымызбен оның өз даму жолы

мен заңдылықтары – гармониясы бар. Оралхан Бөкей өзінің «Атау-кере» повесінде осы дүниені адамзат санасына жеткізгісі келеді» [3, 8].

«Атау-кере» хикаятындағы оқиғалар негізгі үш кейіпкер Ерік, Айна, Таған арасында өрбиді. Олар замандастар, Алматыда бір жоғары оқу орнын бітірген. Жоғары білімді азамат болғанымен, Еріктің ашкөздігі оқырманды жирендірсе, Айна мен Тағанның адамгершілік асыл қасиеттері оқырманды сүйсіндіреді. Шығармада көтерілген басты мәселе – жалпыадамзаттық құндылықтар. Жазушы «Қауіпті буданға» айналған ара арқылы адамзатты жарға жығар, үлкен қасіреттерге бастайтын мәселелерді көтереді.

«Шығарма желісі осы тау басындағы Ерік пен Айна, Нүрке кемпір мен өмірдегі әділетсіздікке шыдамай араққа салынған Тағанның маңайында өрбиді. Қаламгер Таған мен Айнаның тағдырын қосып, Еріктің өмірін қасіретті ғажайыппен аяқтайды. Өзеннің арғы бетіндегі ғашығына жету үшін араға айналған Ерік қыз иығына қонған сәтте сұлу қамшысымен бір салып, оның жанын үзеді. Оның түбіне жеткен ашкөздік болатын..." [3, 8].

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуда сауатты жазу, сауатты сөйлеу дағдыларын қалыптастыру, ауызша және жазбаша тілді дамыту, есте сақтаудың әртүрлі түрлерін дамыту, оқушылардың сөздік қорын байыту міндеттеріне маңыз беріледі.

Өз тәжірибемде, Оралхан Бөкей шығармаларын оқытуда түрлі әдіс-тәсілдерді қолданамын. Соның бірі – **«Инфографика» тәсілі.**

1 – қадам. Оқушылар «Атау-кере» повесін түсініп оқиды.

1. «Атау – кере» повесіндегі кейіпкерлерді анықтап, оқиға желісін суретпен семантикалық картаға түсіреді. Мысалы, шығармадағы кейіпкерлер: Ерік, Айна, Таған, Нүрке кемпір, Шал. Оқиға желісін қысқаша бөлімдерге бөледі: «Тағдыр тәлкегі», «Айна», «Ана», «Оралу», «Серт», «Таған», «Соңғы сапар». «Семантикалық карта – әңгіменің тірек терминдері арқылы оқушылардың ассоциацияларын анықтауға бағытталған графикалық органайзер» [4, 99]. Бұл тәсілді қолдану барысында оқушылар әр бөлім бойынша тірек сөздерді анықтайды. «Тағдыр тәлкегі» бөлімінен ауыл, зерттер зерде, дөңдегі үй, маскүнем, сескену, бал, көк есек, құл, жаяу еру; «Айна» бөлімінен ара, жылқылар, түпсіз ой, студенттік кездер, қарекет, шынайы, жақсы көру, ене мен келін, қосауыз мылтық, ене мен келін, атпау; «Ана» бөлімінен қажы атанған, келін, аса діншіл, құғыншылар, екі жақ болу, емші, жұғымы жоқ, жылау; «Оралу» бөлімінен сыртта жүру, өзен, жылқы үні, оқыс дауыс, ана, ел, соңғы маскүнем, текті тұқым; «Серт» бөлімінен омарта, қайнаған шөп, ерегісу, жақсылық, қызғаныш, марғау қарау, әңгіме, шошу, шайқау, ант ету; «Таған» бөлімінен шал, батасыз ұрпақ, үңгір үй, ұл мен қыз, күнә, ашық айту, өлеңші, ақын, бітімшілік, уайым, үш жол; «Соңғы сапар» бөлімінен өтініш, бал айыру, будан аралар, лап берді, ісіп кету, ұрыс, тамыр ұстау, жоқтау, от қою, дем беру, орманға сіңіп кету тірек сөздері таңдалып алынады.

2. Олардың арасындағы байланысты түзу сызықпен көрсетеді.

3. Кейіпкерлерге сипаттама жазады. Болжамды жауаптар: Ерік – омарта шаруашылығымен айналысып, елеулі табыстарға жеткен, еңбекқор, бірақ ашкөз, пасық кейіпкер. Жасы қырықтар шамасында. Айна – Ерікпен Алматыда бірге оқып-танысып отау құрған, Еріктің жұбайы, құдай қосқан қосағына жан-тәнімен берілген, дәстүрлі қазақ әйелінің типі. Таған – зиялы қауым өкілі, бұрын жоғары оқу орнында дәріс оқыған, тағдыр тәлкегімен ішімдікке салынып кетсе де, адамшылық асыл қасиетіне айнымаған азамат бейнесі. Жастық шағында достары «Қарабура» деп атап кеткен. Нүрке кемпір – қазақ қоғамындағы мейірімділік, ақылдылық, даналық қасиеттерді бойына жинаған, ана бейнесі. Еріктің іс-әрекетін қолдамайды. Тағанның дұрыс жолға түсіп, түзелуіне себепші болған жан. Шал – қоғамда болып жатқан келеңсіздіктерге қарсы тұрушы, әділеттілік пен тазалықты жақтаушы кейіпкер.

4. Кейіпкерлер мен олардың анықтамасын үзік сызықпен байланыстырады.

5. Сюжеттегі суреттердің желісін бүгінгі өмірдегі жағдайлармен байланыстыратын әңгіме (мысал) құрастырады. Әңгіме (мысалда) қауіпті будан мәселесі көтеріледі.

«Тортай мінер ақ боз ат» әңгімесін «Пазл» әдісі арқылы оқытамын. Жұмыс барысында:

1) Тапсырма жазылған пазлды алдын-ала жасаймын. Оны А4 форматты қағазда/жұқа картонда жасап, содан кейін кесуге болады немес арнайы бағдарлама пайдаланылады.

2) Оқушыларға пазл бөліктері таратылады.

3) Оқушылар өз пазлының бөлігі бар басқа оқушыны табу үшін бөлме ішінде жүреді. Пазлдар, мысалы, әртүрлі түске боялуы мүмкін.

4) Оқушылар өздерінің кездейсоқ топтарын тапқаннан кейін, олар топта жұмыс істеп, пазлды құрастырады және тапсырманы орындайды.

5) Жарыс элементін қосу мақсатында регламент орнатамын.

6) Тапсырма орындалғаннан кейін жауап аламын [5, 18].

«Тортай мінер ақ боз ат» шығармасын «Пазл» әдісі арқылы оқыту



«Тыңдап отырған үштік» әдісі арқылы шығарманы талдаймыз.

«Әдістің мақсаты: шығарма туралы ақпарат алу, сөздерді түсінуді дамыту, алынған ақпаратты өңдеу және талдау дағдыларын, бақылаушы рөлі арқылы өзінің іс-әрекеттеріне талдау жасау дағдыларын дамытуға бағытталған тәсіл.

Сыныпты жоспарлау: «Оқушылар үшеуден отырады, екеуі бірге, ал біреуі олардың қарсысында сәл алшақта – сөйлесуге қатыспайды, бірақ бақылайды.

Жұмыс алгоритмі: «Оқушылар үш адамнан тұратын топта жұмыс істейді. Топтағы бір оқушы – шешен, біреуі – тілші және үшіншісі – хатшы рөлін атқарады» [5, 36]. Шығармадан тандап алынған үзінді: «Күз жақындап, фермадағы барлық бала жайлаудан ауылға оқуға аттанғанда, тау басында бұзау бағып, жападан-жалғыз Тортай ғана қалған. Әрине, мен оны қимадым, қиналдым. Өзіммен бірге ала кететін шаманың жоқтығына жыным келді. Кетерімде ол маған ең сүйікті кітабын сыйлап тұрып айтты: «Мен үшін де оқы. Бәлкім, мен міне алмаған ақ боз атқа сен мінерсің». – Сенің өз ақ боз атың бар емес пе? – Жоқ, мен өз маңдайыма көк өгіз жазылған. – Онда мен өз ақ боз атымды саған сыйға тартамын» [6, 81]. Шешен бір нәрсені айтады, сұрақты түсіндіреді немесе пікірін білдіреді. Мәселен, Тортай «көк өгіз» менің еншім деп айтқан Тортайдың ойын түсіндіреді. Тілші көмектесіп айтып отырады және түсініктеме беруді сұрайды. Хатшы керек жерлерін түртіп алып, әңгіме соңында қорытынды береді [5, 36].

О.Бөкейдің шығармаларын оқыту оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға мүмкіндік береді. Оның шығармаларын оқытуда белсенді оқыту әдіс-тәсілдерін қолданудың маңызы зор.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 25 маусымдағы № 832 Қаулысы // «Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспарын бекіту туралы»
2. <https://sdo.cpm.kz/mod/scorm/player.php>
3. Орда Г., Дәрібаева С., Сатылова А. Қазақ әдебиеті. Оқулық. – Алматы: Мектеп, 2019. – 216 б.
4. Симбаева С. Белсенді оқу мен оқытуда қолданылатын әдістер. – Астана: «Тұран-Астана» университетінің баспаханасы, - 2019. – 133 б.
5. Оқыту мен оқудың белсенді әдістері. – Астана, 2013. – 279 б.
6. Ақтанова А.С., Жүндібаева А., Жүмекенова Л. – Алматы: Атамұра, 2018. – 128 б.

*Калиева Акжанай Еркинбаевна,
Б.Майлин атындағы №52 мектеп-гимназиясының
қазақ тілі мен қазақ әдебиеті пәні мұғалімі*

«ОРАЛХАНТАНУ» ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ (7-сынып үшін)

«Оралхантаңу» бағдарламасы ХХ ғасыр қазақ әдебиетінің жарық жұлдыздарының бірі, әдебиетке өзіндік өрнегін сала келген жазушы, сөз шебері, шығармаларының көркемдігімен, жалпы адамзат тіршілік етіп жатқан өмір атты мәңгілік майданның өтінде жүрген адам пенденің осынау тіршіліктегі бітпес күресін әйгілейтін ізгілік пен зұлымдықтың арасындағы бітпес айкасты суреттеуді арқау еткен шынайы болмысымен танылған Оралхан Бөкей (1943-1993) өмір жолы мен көркем туындыларын, шығармашылық шеберханасын тануға арналған. Бұл бағдарламаны оқыту барысында оқушылардың қаламгер тағдырымен, сан қырлы туындыларымен жақын таныстыру мақсат етіледі. Оралхан туралы зерттеу еңбектерін оқыту арқылы жазушыға арналған өнер туындылары мен қаламгердің шығармашылығын меңгеру көзделген. Көркем сөз өнерінің хас шебері, туындыларында форма жағынан ерекшелік басым Оралханның орнын тарихи тұрғыдан зерделеу; өмірі мен шығармашылығын талдау арқылы оның кісілік келбетіне, жазушылық дарын деңгейіне, журналистік теңдесі жоқ сирек талантына көз жеткізу мұрат етілген.

Бағдарлама жалпы орта білім беру мектептерінің 7-сынып оқушыларына арналған.

Өзектілігі:

- Көрнекті қаламгер Оралхан Бөкейдің әңгімелерін көркемдік идеялық тұрғыдан талдап танудың нәтижесінде суреткердің қоғамдық –әлеуметтік мәселелерді басқаға ұқсамас өзіндік ізденістерімен көтере білуіндегі ерекшеліктеріне жаңаша пайымдаулар жасау. Ұлттық сөз өнерінде қара сөзге сыршылдық леп беріп, қайталанбас образдар жасаған сөз зергерінің өмір жолы мен шығармашылығын жас ұрпаққа таныту бүгінгі күннің маңызды мәселелерінің бірі. Жазушы шығармаларын оқыту, сол арқылы қарапайымдылық пен шынайылыққа жетелеу, жас оқырманның эстетикалық талғамына, ұлттық сана-сезімін қалыптастыруға ықпал ету.

Бағдарламаның мақсаты:

- Оралхан Бөкейдің қоғамдық әлеуметтік мәселелерді көтеріп айта білуіндегі суреткерлік ізденістеріне жаңаша пайымдаулар жасап, өнегесі мол өмірі мен шығармаларының құндылығын таныту.

Міндеттері:

- Оралхан Бөкей әңгімелерін идеялық-тақырыптық , жанрлық, көркемдік-эстетикалық ерекшелігіне сай пайымдау;

- жазушының көркем бейне жасау шеберлігін, шығармашылық ізденістерінің өзіндік ерекшеліктерін жан-жақты талдау;
- Оралхан мұралары қазақтың сөз өнері үшін жаңа, табиғаты ерекше туынды екендігін айқындау;
- жазушының сөз өнеріндегі тәсілін, эстетикалық талғамын, көркемдік шеберлігін, тақырып ауқымын талдап көрсету;
- публицистикалық, поэзиялық, прозалық туындыларының сипатын, тақырыптық-идеялық ерекшелігін ажырату;
- Оралхан Бөкейдің дәуір сипатын, қоғам тынысын реалистік тұрғыдан бейнелеу сипатын саралау.

Білу – ұлттық әдебиет тарихындағы көрнекті жазушы Оралхан мұрасын тану, сөз зергерінің әдеби үрдіске, рухани дамуға әсерін зерделеу. Сонымен қатар, әдебиет пен қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы ғылым салаларына қатысты әдіснамалық тәсілдер мен әдістерді, оқушылар үшін практикалық тиімділігі бар нәтижелерге қол жеткізетін тұжырым жасау тәсілдерін, ғылыми ақпаратты жинау, қорыту, сақтау әдістерін білуі қажет.

Істей алу – баспасөз деректері, архив құжаттары мен Оралхантану бағытындағы зерттеулер негізінде О.Бөкей туралы ғылыми-танымдық, әдістемелік еңбектерді тану.

Дағдысының болуы – ғалымдардың еңбектеріне қатысты айтылған сындар мен пікірлерді саралау, мәтінмен жұмыс жасауға дағдылану.

Практикалық басымдықтар:

- XX ғ. басындағы қазақ әдебиетінің тақырыптық-идеялық және көркемдік ерекшеліктерін, мақсат-міндеттерін, қоғамдық-саяси, әлеуметтік ықпалын бағамдай білу, кезең әдебиетінің нысаны мен басты қағидаларын, ұстанымдарын ажырата білу;
- жазушы шығармашылығын терең талдаудың, әрі зерттеудің әдіс-тәсілдерін меңгерту;
- қазақ сөз өнеріндегі Оралханның орны мен азаматтық болмысын таныту. Оралхан шығармаларын оқып, білудің өзектілігін, Оралхантану ғылымының мол мұрасы – қазақ өмірінің тарихи факторы іспеттес екендігін ұғындыру.

Күтілетін нәтиже:

- Оралхан Бөкей поэзиясын тақырыптық-идеялық, жанрлық, көркемдік-эстетикалық ерекшелігіне сай зерделейді;
- қаламгердің шағын проза жанрының шебері екендігін айқындайды;
- әңгімелеріндегі уақыт мінезін көркемдік биік деңгейде жеткізе білу талантын жан-жақты талдайды;
- Оралхан мұралары қазақтың сөз өнері үшін жаңа, табиғаты ерекше туынды екендігін айқындайды;
- жазушының сөз өнеріндегі тәсілін, эстетикалық талғамын, көркемдік шеберлігін, тақырып ауқымын талдап көрсетеді;

- публицистикалық, поэзиялық, прозалық туындыларының сипатын, тақырыптық-идеялық ерекшелігін ажыратады;
- Оралхан Бөкейдің қазақ рухани әлемінде ғана емес, күллі әлем әдебиетінің тарихынан өз орнын айшықтаған өзіндік орны мен қоғамдық санаға қосқан үлесін жан-жақты зерделейді;

Оқу пәнінің 7-сыныптағы базалық білім мазмұны

I Кіріспе. (1 сағат)

«Оралхантану» оқу бағдарламасының мақсаты мен міндеті. Оралханды оқыту, түсіндіру, жұртқа таныту жолындағы Оралхантану ғылымы мен қазақ мектебінің міндеті туралы.

II. «Шығыстан жарқырап шыққан жұлдыз еді» (8 сағат)

Оралхан Бөкейдің өмір жолы. Қаламгердің өмір сүрген заманы, ататегі, туып-өскен ортасы, алған тәлім-тәрбиесі. Қаламгердің рухани дүниетанымының өсу және қалыптасу кезеңдері. Шығармаларының даралық ерекшеліктері. Қаламгер шығармаларындағы адам мен табиғат тұтастығы.

III. «Тағдыры және лирикасы» (6 сағат)

О.Бөкейдің кез келген шығармасынан оның туған жеріне, жалпы адамзат баласына деген сағыныш лебі есіп тұрады. Табиғат пен махаббатты жырлаған, біртұтас ұрпақтың ойының шынайы әміршісі, адамның жан дүниесін үлкен шеберлікпен суреттеген. Өлеңді өнерге балап, өзіне жолдас еткен ақын тағылымы. Бұл бөлімде «*Алтай*», «*Оңаша ойлар*», «*Кешір інім*», «*Өкінемін*», «*Алғашқы нөсер*», «*Жүзік*» өлеңдеріндегі көркемдегіш құралдардың қолданысына талдау жасайды. Автордың лирикалық тұлғасын анықтайды.

IV. «Қазақ әдебиетінің нағыз шебері» (2 сағат)

«Терісаққан» шығармасы.

Тек Ағарыс өзені туралы жаза отырып, табиғатқа жан бітіріп, кейіптеу тәсілін молынан қолданған автор салт-дәстүр тақырыбын шебер көрсеткен.

V. «Әңгімелер әлемінде» (11 сағат)

«Қасқыр ұлыған түнде» әңгімесі (3 сағат)

Жазушы бұл шығармасында осы заманғы ғылым мен техника табыстары, жетістіктері емес, сол жетістіктердің көлеңкесінде қалған жадау тіршілік кешкен қазақ ауылдары, ондағы адамдар тағдырын көрсетеді. Шағын әңгіменің кейіпкері Арайдың өз ауылының мүшкіл халін айта келіп: «... Бірақ сіздер мұндай ауылды менсінбей, тура, түзу де, жайлы тегіс жолмен үлгілі селоға тартасыздар, тек сондай тамашаны ғана көріп жазасыздар», - деуі сол кезде ешкім айта алмайтын әлеуметтік шындық екені даусыз^{III}. Шығармадағы эпизодтар арқылы кейіпкерлердің бейнесіне талдау жасайды.

«Көк тайынша» әңгімесі (3 сағат)

Қаламгер әңгімелерінің басында тұрған дүниелерінің бірі. Қазақ әдебиетінде еліктеу мен қайталауды сөзсіз тудырмай қалмаған аса тұщымды, тамаша әңгіме. Әңгіме жанры бір ғана көңіл-күйдің, эмоцияның, бір идеяның жемісі. Көк тайыншада ұлттық мінез, психология, салт-сана жарқырап көрінумен тәнті етеді. Дархан қазақ халқына тән бауырластық, кеңпейілділікті,

ізеттілікті әке бойынан көрсетіп, жалпы қазақи болмысты тамаша сипаттайды. Тіршілік қақтығысы арқылы кейіпкерлер тұлғасының ашылуына баға береді.

«Бес тиын» әңгімесі (3 сағат). Басты кейіпкері почта бастығы Зәкеңнің өз ісіне деген риясыз адалдығы баяндалады. Ауылдастарының әрбір келген тексеріс оның парақорлығын я болмаса жымқырма әдеттерін анықтап, орнынан босатады деп мысық тілеушілікке саланады. Тіптен күндес я бәсекелестері сияқты Зәкеңнің әйтеуір бір қателесіп, опық жеуін тілеумен болады. Әдеттегідей келген тексерушілер Зәкеңнің почтадағы жұмысын, өз ісіне деген адалдығын, тиянақтылығын байқайды. Әңгімедегі ауыл образы. Шығармадағы бір-біріне мүлде ұқсамайтын кейіпкерлердің іс-әрекеті мен автор берген портреттік мінездемені салыстырады, шығарманың көркемдік құндылығына баға бере алады.

«Тортай мінер ақ боз ат» әңгімесі (2 сағат). Тағдырдың қатал соққысына ұшыраған қиял-тілегі шынайы өмірмен өзектес өрілетін жетім бала өмірін баяндайтын туынды. Жетім болса да, бойында намысы, ерік-жігері, ерекше дарыны-тамаша ертекші болуы аталып өтеді. Кейіпкерлер психологиясы. Ауыл халқының шынайы өмір сүру салты. Әңгімедегі өмір шындығы. Тортайдың өзге балаларға ұқсамайтын ерекшелігі. Сол кезеңдегі қоғамның хал-ахуалы.

VI. «Боз даланың сақшысы» (3 сағат)

Оралхан қазақ еліне, қазақ жұртына ең бастысы не керектігін айтып жеткізгендей. Елдің елдігімен, татулығын, шаңырағының шайқалмай, қазақтың әр киіз үйінің түтіні түзу ұшуы үшін қайғы жұтып, өз шығармашылығында халық өмірінің түрлі торабын қамтыған. Оның шығармалары жазушылық өнер үшін халықпен тығыз байланыста болудың, ел өмірін бес саусағындай біліп отырудың қаншалықты маңызды шарт екенін айқын танытады. Суреткердің ең үлкен парызы – көбісі көпшіліктің көкейінде жүрген өмірлік қас шындықты тап басып көрсетуі. Онда жеке адамдардың басындағы мұңын тартып, жалпы халыққа ортақ әлеуметтік мәселелер ретінде толық қамтып, заман шындығының жаршысы бола білуі, халық тіршілігін анық, толық бейнелей алуы.

VII. «Драматургияға шаңғытып, шаңқып шыққан» (2 сағат)

Оралханның шығармасында ұлттық рухқа қатысты мәселелер көп болатын. Шетелге кеткен қазақтардың да мұң-мұқтажы көтерілетін. Бір кейіпкердің екіге жарылып, ақ пен қараны, жақсылық пен жамандықты, ізгілік пен зұлымдықты, адалдық пен арамдықты текетірестіруі. «Құлыным менің» қойылымы сол кездегі қазақ сахнасындағы жаңалық болды. Актерлер қандай фурор жасады! Ортаны дүр сілкіндірді. Бұл бөлімде «Құлыным менің», «Текетірес» драмалық шығармаларын талдайды.

VIII. Шығармашылық сағат (2 сағат)

Әр түрлі тақырыпқа өзіндік көзқарасын білдіреді. Бүгінгі күн тұрғысынан баға беріп, талдайды. «Оралхантау» оқу бағдарламасы негізінде ғылыми жоба жасайды.

IX. Қорытынды (1 сағат)

Оқушы көркем туындының мәтіндерімен жұмыс жасау барысында «Түсіну және жауап беру», «Анализ және интерпретация», «Бағалау және салыстыру» бөлімдері аясындағы дағдылары бойынша тапсырмаларды орындайды. Оқыған шығармаларын кез келген жерде жүйелі талдауға, өзіндік көзқарасын білдіруге, бүгінгі күн тұрғысынан салыстырып, бағалауға дағдыланады. Жазушы көркем шығармалары арқылы өмір шындығы мен заман тынысын кеңінен суреттеп, шеберлікпен жеткізгенін өз зерттеу жұмыстары арқылы біле алады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1.Тоқбергенов Т. «Қос қағыс». –Алматы: Жазушы, 1981
- 2.Бөкеев О. Хикаяттар. – Алматы: Ан Арыс, 2010. – 320 б
- 3.Жанұзақова Қ.Т. Оралхан Бөкеев прозасындағы романтизм. Алматы, 1999. – 27 б.
- 4.Көзбеков Ө. А. О. Бөкеев прозасының поэтикасы. Алматы, 1998. – 22 б.
- 5.Шортанбаев Ш. Ұстаз. Ғалым. Азамат. //Айқын.-2013.-17 маусым. —6 б.
- 6.Аймұхамбетова Ж.Ә. О. Бөкей прозасындағы мифологизм мәселесі. Астана,1999.
- 7.Көзбеков, Е.А. Оралханды оятқан оғлан /Ескенбай Көзбеков; құраст. Г. Искакова.
- 8.Рамазанова А. Қазіргі қазақ повестеріндегі адам мен табиғат мәселелері. /70-80ж/. Алматы, 1993. — 25 б.
- 9.Алматы, Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2013. — 228 б.
- 10.Айтуғанова С.Ш. Адам және табиғат концепциясы шағын прозада. Алматы, 2000. –25 б.
- 11.Құрманбайұлы Ш. Толғаулы тіл. Астана, Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2014. – 372 б.
12. Сембаева А.Г. Көркем шығармалардағы эмоционалды-экспрессивті лексика (О. Бөкеев шығармалары бойынша). Алматы, 2002.-24 б.
- 13.О.Бөкей Таңдамалы I том О.Кенжебеков, Т.Мәмесейітов «Жазушы» баспасы 1994 жыл
14. Оралхан Бөкей Алматы 2003 Ж.Әділбаев
15. <http://alashainasy.kz/proza/-oralhan-bokey-kar-kyizyi-52406/>
16. Оралхан Бөкей. Қайдасың, қасқа құлыным, повестер мен әңгімелер. – Астана: Елорда, 1999.
17. Оралхан Бөкей. Алтын қалам. –Алматы, 2010.
18. Оралхан Бөкей. Қар қызы. –Алматы: «Рарикет», 2008.
19. Сыздық Р. Сөз құдіреті. Алматы: Санат, 1997.

ОРАЛХАН БӨКЕЙДІҢ «ҚАР ҚЫЗЫ» ХИКАЯТЫНДАҒЫ БЕЙНЕЛІ СӨЗ ТІРКЕСТЕРІН ҚАЛАЙ ЗЕРТТЕУГЕ БОЛАДЫ?

Көркем шығарманың өн бойындағы нәрін, құнарын, дәмін сездіріп, оқырманына ерекше бір сезім сыйлайтын сөздер – автордың өзіндік сөз қолданысындағы бейнелі тіркестер. Бейнелі тіркестер шығарманың көркемдік ерекшелігіне жан-жақты қызмет жасайды. Сөздер жеке тұрып та, тіркесіп келіп те, тура және ауыспалы мағынамен де әрбір іс-әрекетке, пейзаж бен портретке өзіндік үлесін қоса береді. Автор өз шығармасының тартымды әрі сапалы шығуына бар өнерін салып, әр кейіпкердің мінез-құлқы мен іс-әрекеттеріне, табиғат көріністеріне шақтап, салыстырмалы бейнелеп, кеңістік пен уақытты көркемдеп жеткізуге тырысады.

Бейнелі тіркестің құрамына біздің күнделікті сабақта қолданылып жүрген көркемдеуіш құралдарымыздың барлығы дерлік кіреді. Әсіресе, фразеологизмдер басты қызмет атқарады. Фразеологизмдердің құрамына енетін тұрақты тіркестер мен мақал-мәтелдер сөйлем ішінде қолданысқа түсу барысында еркін сөз тіркестерімен жымдасып, сөйлемге үстеме мәнде көркемдік әрі құбылту сияқты қызметтер атқарады. Қазіргі зерттеушілер бейнелі тіркестерді қарастырғанда фразеологизмдерді мысалға келтіре отыра талдап жүр.

Тұрақты теңеу: инемен құдық қазғандай, түйеден түскендей т.б. Көбінесе - дай, - дей, - тай, - тей жұрнақтары арқылы жасалады. Кейде секілді, сияқты, іспетті септеулік шылаулары осы жұрнақтардың орнына жүре береді.

Тұрақты эпитет: ай қабақ, алтын кірпік, қызыл ерін (халық әні) т.б.

Тұрақты әсірелеу: ай десе – аузы, күн десе – көзі; көп түкірсе – көл (халық мақал-мәтелі), т.б.

Тұрақты литота: темір етік – теңгедей, темір таяқ – тебендей («Ер Төстік» ертегісі) т.б.

Антитеза: көп асқанға – бір тосқан; бірде шөл, бірде көл, т.б.

Дамыту: оқу – білім бұлағы, білім – өмір шырағы (халық мақал-мәтелі) т.б.

Параллелизм: қыз өссе – елдің көркі, гүл өссе – жердің көркі (халық мақал-мәтелі) т.б.

Анафора: көре-көре көсем боласың, сөйлей-сөйлей шешен боласың т.б.

Эпифора: тура биде – туған жоқ, туғанды биде – иман жоқ, т.б.

Оралхан Бөкейдің «Қар қызы» хикаятында шығарманың басынан аяғына дейінгі оқиға желісінің әр парағы бейнелі сөздермен зерленген. Бейнелі

тіркестер теңеу, эпитет, метафора, метонимия, гипербола (әсірелеу), литота (кішірейту), синекдоха секілді көркемдегіш құралдардың, троптардың және анафора, эпифора, ассонанс, аллитерация секілді құбылтулардың, фигуралардың жарыққа шығуына негіз болатынын байқатады. Біз көркемдегіш құралдарын табу барысында барлығын мәтіннен бөліп алып, сол сөз бен тіркестің беретін мән-мағынасына үңіліп жатамыз. Негізінде, сөздің және сөз тіркесінің жеке тұрғандағы мағынасы – бір бөлек, ал сөйлем ішіндегі мағынасы бір бөлек екенін ескере бермейміз. Автор сөзді өзгертіп, оны сан алуан құбылытып қолданатынын естен шығармауымыз керек.

Бейнелі тіркестер көбінесе сын есімдер арқылы есімді тіркестер және қимыл-сын, сын-бейне үстеулері болып, етістікті тіркестер жасау арқылы оқырманына әсерлі, бейнелі ұғым қалыптастырады. Мысалға Оралхан Бөкейдің «Қар қызы» хикаятында шығарманың бас жағындағы сөйлемдерге үңілсек: *«Күннің көзі жылт етіп ашыла қалса, аппақ қардың астында бүк түсіп, қаздың жұмыртқасындай томнайып-томнайып тілсіз жатқан үйлерді, сол үйлердің қар кептелген мұржасынан жұлындай көтеріліп, жуастау будақтаған түтінді көріп, бұл ауылдың адамдары қарға тұншығып өліп қалмағанына тәуба жасайсыз. Төрт түлік тебін жоқ, омалып қорада тұр. Тебінге шығарғанды қойып, суатқа апара алмай әуресарсаңда жүр»*, – деген үзінді көзіңізге көп ақпаратты әсерлі бейнелеп көрсетеді. Осы қара түспен белгіленген сөз тіркестерінің өзі ауыл өмірі мен табиғаттың құбылысын көркемдеп, ғаламат бір бейнемен көз алдымызға елестетіп тұр. Хикаяттың бас жағындағы табиғатты сипаттауының өзі сол Алтай өңірінде өмір сүріп жатқан адамдарға жақсы елес берсе, қар көрмеген жақтың адамына онша елес беріп, әсер етпеуі де мүмкін. Ұзын-сонар әңгіменің (хикаяттың, повестің) әр сөйлемінен табылатын бейнелі тіркестің бәрін теріп шығуға болады, бірақ оны сөйлемнен бөліп алуға болмайтынын аңғарамыз. Егер осы сөйлемдердегі кездескен көркемдеуіш құралдарды жеке-дара бөліп алсаңыз, тек сөз мағынасын ғана біле аласыз. Ал тұтасымен шынайы өмірдің келбетін тұтасымен болжай алмайсыз. Шығарманың тақырыбы мен идеясын, автордың сөзді қолданудағы шеберлігін, қиялын болжай алмаймыз. Мысалы: *«Міне, ұрланып басталып жапалақтай жауған қар мәңгілік сабырмен аспан астын түгел жаулап алған»*, – деген сөйлемнің ішіндегі сөздердің барлығы дерлік іс-әрекетті жан-жақты бейнелеп көрсетуге қатысып тұр. Осындай тұтасымен құрамындағы сөздер бір-бірінмен қисынды байланыс жасап, бейнелі тіркесіп тұрған сөйлемдер жиі кездеседі. Шығарманың көркемдік ерекшелігін талдағанда, сөйлемде жиі кездесетін эпитет, теңеу, метафора, метонимияларды сөйлемнен, тіркескен басқа сөздерден бөліп алғанмен, шығарманың көркемдік ерекшелігіне сәл

болса да нұқсан келеді. Жекелеп алынған сөз бен сөз тіркесінің сөйлемдегі, яғни, контекстегі мағынасы ашылмай, тек жеке тұрғандағы мағынасын көре аламыз. Енді шығарманың бас жағындағы кездескен бейнелі тіркестерді мәтіннен, сөйлемнен бөліп алып қарастырып көрелік. Мысалы: *қар көбелектер; қуа жарысып; осыншалық гажап; құлаққа қорғасын құйғандай тыныштықты; қар жауған сәттегідей бейбіт те тыныш өмір; жыбыр-жыбыр қалықтаған қар жапалақтар; асықпай келіп қонып, жылбысқалана еріп, суға айналып бетін айғыздап аға жөнеледі; ептеп қытықтай ма-ау... Өр Алтайды жайлаған, ес жидырмай жауған қар қайтаратындай; төпелеп жауған қар; аққала жасап, асыр салып ойнаған балалар; ұлпа мамыққа аунап жетіскен ауылдың қайқы құйрық иттері әсіресе мәз еді; әбден зықысын шығарып, мезі еткені; борап, ұйтқып соғар тентек мінез де танытпай, үн-түнсіз жауып алғаны; жер тепкілеп айғайлағың келеді; сезімің селт етпейтін сергелдең күй кешесің; басынан кене шаққан адамдай мең-зең, өз алдына лағып, бұйығы тартқан біреулер; жапалақтап жауған қардан қорғалап үйінде отыра берсе; есіктен шыға делдиіп көкке қараған, өзінен басқаның бәрі қырылып қалғандай болып сезілген, т.б.* секілді сөз тіркестері мен сөлемдерді құрылымы жағынан бөліп қарастыруға да болады. Бір бейнені нақтылап көрсету үшін бірнеше сөздер тіркесіп келіп, іс-әрекетті қосарлап қатар көрсететін сөйлем іспеттес тіркестерді де көреміз. Демек, табылған бейнелі сөз тіркестерді үшке бөліп қарастыруға болады.

1. Екі сөзден тұратын бейнелі сөз тіркесі: *қар көбелектер; қуа жарысып; осыншалық гажап;*

2. Үш және одан да көп сөзден құралған бейнелі сөз тіркесі: *құлаққа қорғасын құйғандай тыныштықты; жыбыр-жыбыр қалықтаған қар жапалақтар; төпелеп жауған қар, т.б.*

3. Тұтасқан бір және бірнеше сөйлемдерден құралған бейнелі сөз тіркестері: *асықпай келіп қонып, жылбысқалана еріп, суға айналып бетін айғыздап аға жөнеледі;*

4. *Өр Алтайды жайлаған, ес жидырмай жауған қар қайтаратындай; аққала жасап, асыр салып ойнаған балалар; ұлпа мамыққа аунап жетіскен ауылдың қайқы құйрық иттері, әсіресе, мәз еді; әбден зықысын шығарып, мезі еткені борап, ұйтқып соғар тентек мінез де танытпай, үн-түнсіз жауып алғаны; жер тепкілеп айғайлағың келеді; сезімің селт етпейтін сергелдең күй кешесің; басынан кене шаққан адамдай мең-зең, өз алдына лағып, бұйығы тартқан біреулер; жапалақтап жауған қардан қорғалап үйінде отыра берсе; есіктен шыға делдиіп көкке қараған, өзінен басқаның бәрі қырылып қалғандай болып сезілген, т.б.* секілді бейнелі ұғым тұтасымен оқушының миына зерделенуі қажет деп білемін. Өйткені заттық бейнелеу адамның

есінде көбірек сақталады. Әсіресе, бір және бірнеше сөйлемнің көлеміне жеткен бейнелеу сөздері адамға, тіптен, жақсы әсерін де қалдырады, әрі ойлантады, қайталап көреді. Мысалы: *ұлпа мамыққа аунап жетіскен ауылдың қайқы құйрық иттері, әсіресе, маз еді; боран, ұйтқып соғар тентек мінез де танытпай, үн-түнсіз жауып алғаны; сезімің селт етпейтін сергелдең күй кешесің; басынан кене шаққан адамдай мең-зең, өз алдына лағып, бұйығы тартқан біреулер; есіктен шыға делдиіп көкке қараған, өзінен басқаның бәрі қырылып қалғандай болып сезілген, т.б.*

Осы мысалдардың әрқайсының жайдан жай айтылмағаны – белгілі. Тұтас сөйлем сияқты келген бейнелеудің ішіндегі бір сөзді алып тастасаңыз, онда түсініксіз болып, пейзаж бен портретіңіздің толық болмай, мәнсіз шығары – анық. Соңғы мысалды алып қаралық, *...есіктен шыға делдиіп көкке қараған, өзінен басқаның бәрі қырылып қалғандай болып сезілген* деген бейнелеуде шығарма кейіпкері – Нұржан портретінің бір ғана сәті. Ғаламат суреттеу. Табиғат пен адам арасындағы байланыс, адамның ішкі сезімі, ойы – бәрі алма кезек қатарласып келіп тұр. Неліктен біз бейнелеуді аңғартып тұратын сөз бен сөз тіркесін, сөйлемді мәтіннен бөліп алмай, тұтасқан күйде зерттеген дұрыс деп отырмыз? Оның екі себебі бар. Біріншіден, бір сөздің немесе сөз тіркесінің жеке тұрғандағы мағынасы бар. Сол жеке тұрғандағы мағынасы арқылы оқиғаға қатысты іс-әрекетті байқамаймыз. Екіншіден, айтушыға, яғни, авторға байланысты жеке тұрған сөз бен сөз тіркесін мәтін ішінде, сөйлем ішінде қолданғанда, жеке тұрғандағы мағынасынан сәл болса да ауытқып кетуі мүмкін. Мысалы: сөз деген сөзді алайық. Сөз берді – уәде берді, бірдеңе айту үшін кезек берді; сөз айтты – ақыл-кеңес берді, жақсы көретінін сездіру, өсек, ғайбат сөздер, тілек білдіру; сөз жоқ – ештеңе айтпау, риза болмау т.б. секілді тіркестер жеке ұғымға ие болып, төрт жүзден аса сөз сөзінің тіркесі дүниеге келген. Демекосылардың барлығына мысал келтіргенде ғана мағынасы түсінікті болады. Сондықтан мәтіндегі қолданылған сөздердің қызметін нақтырақ анықтау үшін, сөйлемді, тіпті, мәтінді тұтасымен қарастырғанды жөн деп білеміз. Уақыт өте келе кез келген сөз жаңа мағынаға ие болуы мүмкін. Көркем өнерде тақырып таңдау, оның тереңіне бойлау, өмір құбылыстарының ішкі қабаттарына барлау жасау, олардың әлеуметтік-эстетикалық мәнін ұғыну, сан алуан кейіпкерлердің бейнесін, жан дүниесін, жүріс-тұрысын суреттеу көркемдік қиялға байланысты. «Неғұрлым жазушы қиялға бай болса, пікірге шебер болса, соғұрлым шығарма сөзі пікірлі, әсерлі болып шықпақ», - деп Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай, көркем шығарманың құндылығы да тікелей суреттеушіге, авторға байланысты болмақ.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. О. Бөкей «Қар қызы» хикаяты,
2. З. Қабдолов, «Сөз өнері», Алматы: «Санат», 2007, - 360 бет.
3. Ә. Хасенов, «Тіл білімі», Алматы: «Санат», 2003, - 416 бет.
4. К. Аханов, «Тіл білімінің негіздері», Алматы, 2002, - 664 бет.
5. М. Жүсіпова «Қазіргі қазақ тілі», Алматы: 2008, - 274 бет.
6. З. Ахметов, «Әдебиеттану терминдерінің сөздігі». Алматы, 1996.
7. А. Байтұрсынов, «Әдебиет танытқыш», Алматы: «Атамұра», 2003, - 6-143 бет

*Қожаскелдиева Лаура Амангелдіқызы,
Фарица Оңғарсынова атындағы №77 мектеп-гимназиясының
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі*

ОРАЛХАН БӨКЕЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ӨМІР ШЫНДЫҒЫ

Алтай тауларының қолтығындағы алақандай ғана ауылдан шығып алты Алашты аузына қаратқан қарасөздің зергері, қазақ әдебиетінің көкжиегін көз жетпес қиырларға кеңейтіп қана қоймай әлемдік әдебиеттің де дүбірлі аламанында олжас алған дара суреткер, ұлт журналистикасына тың жаңалықтар әкелген көсемсөз шебері, талантты қаламгер – Оралхан Бөкей. Аз ғұмырында артында атан түйеге жүк болар саналы пендеге ой салар, баға жетпес мол әдеби мұра қалдырған Оралхан Бөкейдің жаратушы нәсіп еткен жарты ғасырлық өмірі де барша қазаққа өнеге. Сыршыл да, жүрдек қаламымен қалың оқырманның жүрегін баураған дарынды жазушының ғибратты ғұмыры халықтың мәңгі есінде.

Оралхан Бөкей қаламгерлер ауылына жалындатып, бура бұлттай бусанып, күркіреп кірді. Бұл журналистика да, әсіресе публицистика жанрында анық байқалады. Оралхан Бөкейдің қарапайым еңбек адамы туралы жазған сыршыл очерктері қазақ баспасөзінде тыңнан түрен салғандай болды. 1960 жылдары «Лениншіл жас» газетінде шығып жатқан очерктерінің арасында Оралхан Бөкейдің дүниесі таңға жақын жарқырай түсер шолпан жұлдыздай мүлдем оқшау дара көрінді. Оралхан Бөкей қазақ журналистикасымен бірге бүкіл проза әлеміне Алтайдан соққан самалдай жаңа леп әкелді.

Қазақстанның халық жазушысы Әбіш Кекілбаев:

«Оралхан Бөкей ХХ ғасырдағы қазақ әдебиетінің ең сүйікті, ең сұлей суреткерлерінің бірі ретінде әлемдік танымалдыққа ие болды. Халық ұлы, ұлт тірегі болу деген осы! Ондайға ілуде біреудің қолы жетеді. Ерен еңбекпен асқан талантпен ғана қолы жетеді» деген. Оралхан Бөкей еңбек адамын басқалар жазған жолмен емес, басқа қырынан көрсетуге тырысты. Таяқ ұстаған қойшының, құрық ұстаған жылқышының ішкі дүниесіне үңіліп, оның не ойлап, не армандайтынын қаламының ұшымен қалың оқырманға майдан қыл суырғандай аса бір сергек сезімталдықпен жеткізе білді. Асқақ Алтайдаң етегін жайлаған елдің тау қолтығында мал соңында жүрген еңбек адамының кеудесіндегі сыр сандық жиырмадан енді ғана асқан балаң жігіттің сыршыл да, жүйрік қаламымен байтақ далаға ақтарылды. Сөйтіп Оралхан Бөкей Шыңғыстайда жатып- ақ қалың қазақты ойлантты, тебірентті. Ал, қалам ұстаған қауымға қарапайым еңбек адамы жөнінде қалай жазу керектігін көрсетті және астанада алыс тұрып -ақ жалпақ елдің жанына қажет дүниені беруге болатынын дәлелдегендердің бірі де, бірігейі осы – Оралхан Бөкей. Қазақ баспасөзіне Оралхан Бөкей өзіндік үнімен келді, салқында жансыз деректерден гөрі, кейіпкерінің ішкі жандүниесіне үңіліп, одан үлкен ой түюге биік қаламгердің алдында сырын ішіне бүккен тілсіз табиғаттың өзі

ақтарылып ,шешіліп сала беретін. Адам мен табиғат арасындағы үйлесімді жырлау жазушының бүкіл шығармашылығының асыл қазығына айналды.

«Оралхан Бөкейдің журналистикадағы ерекшелігі жаңа салған жолы ылғи қарапайым адамдар жайында,олардың шынайы қасиетін керемет көрсетеді.Оның очерктерінің өзі көркем шығармаға беріксіз болатын себебі,тілі жақсы,еркін жазатын қандай тақырыпқа жазса да өмірдің шындығын,ақиқатын айтып жазған шығарма кейіпкерін анық бейнелеп жазады»-Қуанышбай Құрманғалиев жазушы-публицист естелігінде. Әдебиет есігіне екпіндей кірген – Оралхан Бөкейдің шығармашылығы жоғары болды. Әр шығармасы көркем сөздің інжу-маржанымен азаматтық ойдың қазынасы іспетті. Алтайдың сұлу табиғатын сол табиғатпен біте қайнасқан қайсар елдің тіршілігін суреттей отырып, жазушы күллі адамзаттың санасын күптей еткен ойларын ортаға тастайды және оны айырықша асқақтықпен жеткізеді. Оралхан Бөкейдің ұлт шеңберінен шығып әлем маркасқаларының мойындатуының бір ұшы осында жатыр. Өзінің азаматтық үнін кейіпкерлер аузымен жеткізе білген Оралхан Бөкейдің батылдығы өмірде де көрінді, досқа адалдығы мен қызметегі кішілігі де оның тұлғасын биіктете түседі. **Жазушы, «Өнер» баспасының директоры Әшірбек Көпішевтің естелігінде былай делінген: «Әкесі қайтыс болғандағы кезде көп ұзамай Орекең газеттің соңғы бетіне араб қаріптерін, құранның алғашқы сүрелерін бірінші рет жаздырып, Андроповтың кезі,заманның қиын кезінде коммунист- О.Бөкей тұңғыш рет құранның аяттарын бастырды.»** Міне осы жазбадан Оралхан Бөкейдің шығармашылындағы өмір шындығымен батылдығы байқалады. Оралхан Бөкейдің тіліндегі телегей теңіз тереңдік әр шығармасында оқырманның жүрегін баурайды.Жазушының қаламынан туған қандай шығармада кезінде өзінің лайықты бағасын алды. Соның бір белгісі шығармалары сөреде жатпай қолда- қолға көшіп оқылуында. «Осыншалық кесперсіз ұлань-ғайыр даланың шекпен киген қазақтың ғасырлар бойы қимауы, анау қып-қызыл, әрі сұп-сұр жосыған құмды жер жәннатына балап,қаншалық қорлық,қаншалық зорлық көріп, азсын, тозсын, таңдайы көкірсіп,шөлден қаталап өлсін,жан бағып,өзге ел өзге жұрттан жұмақ іздеп көшіп кетпей осы сорда,осы қатігез құмда рахаттана жан тапсыру неліктен?» **(О.Бөкей «Құм мінезі повесі»)** Оралхан Бөкейдің әр әңгімесінің түбінде астарлы ой, асқақ арман жататындықтан бірден түсіну қиын, содан болар Оралхан Бөкей бір оқылатын жазушы емес, оның шығамалары қайталап оқуды қажет ететіЖазн жазушы екені айқын. Ақиқатында Оралхан Бөкей қазақ әдебиетінде ғана емес күллі әлем әдебиеті тарихынан өз орнын айшықтаған тұлға.Ұлтының бағына біткен жазушының шығармалары шындықты бейнелейтін ізгілікке қызмет ететін мәңгілік туынды. Жазушы қандай шығарма жазса да,әрдайым өзі білетін,басынан өткен оқиғаны, өзі көрген ортаны туындысына өзек қылған. Оралхан Бөкей әдебиетке өз соқпағымен, өз табиғи талантымен келген жазушы, әрі ешкімге еліктеген емес.Оралхан Бөкейдің өңделген, өзгерген, қайта жазылған,не жарамсыз, жарияланбай қалды деген бірде-бір шығармасы жоқ. Бұл оның

әдебиетке таланты толысып,дарыны дараланған тұста келгендігінің дәлелі. Шығармаларының шырайы бөлек, кейікерлерінің түр-түсі ғана емес, тұлғалары да биік те,бейтаныс болатын. Қара сөздің зергері,цензураның шиыршық атып тұрған тұсында да, Оралхан Бөкей Кеңесті кемітуді дөп басты, онысы қазақтың қоңыр тірлігін көкке көтеру еді, онысы қарапайым еңбек адамының рухын ояту еді, ол қалам тарқан дүниесіне ақынның жанымен үніліп,суреткердің көзімен шұқшиятын. Қысқасы, тақырып таппадым деп тарыққан жан емес, керсінше көпшілік мән бере бермейтін кішкентай дүниені қалағанынша түрлентіп кесек туынды жазатын құдірет иесі. Журналист Оралхан Бөкейдің қазақ газеттерінде елдің жоғын жоқтап, халықтың қамын жеген,өжет ойымен өткір сөздері бірталай адамдарды тәубәсіне келтірді.Қаламынан адам тағдырына арашашыл болған очерктерімен түрлі мақалалар, хикаяттармен әңгімелер төгіліп жатқан жазушы соңынан ерген інілерінен ағалық қамқорлығын аяған жоқ. **«Мен ойлаймын әрбір жазушы,әрбір суреткер егер өзін шын жазушы,шын суреткермін деп есептесе ол өзінің жазу үстелінде отырғанда жеке,онашада оның үстінен бүкіл әлем қарап тұрғандай жауапкершілік сезіну керек» делінген жазушы О.Бөкей естелігінде.**

Жазушының әрбір шығармасы күн өткен сайын құндылығы арта түседі,күн өткен сайын оқырмандар тереңдеп, әрі салыстырып оқиды. Шындық деп шырқыраған жүрегі оның мәңгілік арманы іспетті. жер астындағы адамдар тіріліп келсе, дүниедегі сансыз сұмдықтың бет пердесі ашылатын сияқты. Жазушы шығармасында жарын соғысқа аттандарған қайғысы,баласыз ананың қасіреті, мүгедек әйелдің ішкі күйзелісі, құрбысының амандығы үшін басын бәйгіге тіккен әйелдің ерлігі оқырманын бей дәй қалдырмайды. Оқырманға ой салған Оралхан Бөкей шығармалары көркем суретті туынды болып әр адамның жүрегінен орын алады. Шығармалары ішіндегі «Құлыным менің..,» «Қар қызы», «Текетірес», «Бармысың,махаббат» пьесалары өмір шындығын,заман тынысын кеңінен суреттейді.

Мәселен, **«Қасқыр ұлыған түнде» (1970ж) шығармасы** оқырманның ерекше оқитын,тінін ұстап тұрған дүние. Қарапайым шығарма,жазылу формасы ерекше.Бұл әңгімеде қорғансыз қалған ауыл,қызбаласы жайында сол заманына қарамай ашық жазды.Сол кездегі уақыттың сынына төтеп бере алған шығарма.Өмір шындығын ашық жаза білген. Осындай шығармаларында Оралхан Бөкей шындықты жаза отырып еш ауытқымауға тырысады,қазақ қоғамының әлсіз екенін,қорғансыз екенін осы шығарма арқылы өте аянышты тағдырларын көрсете білген.Осындай кезде жазушы шеберлігі көрініп отырады.Осы шығарма арқылы жазушы оқырманын ақиқат шындық өмірге әкеледі. Оралхан Бөкей шығармаларында реализм қаны тамып тұрады.Оқырмандар жазушы шығармасын романтизм үшін оқи отырып,оның реализміне сүңгиді.

Жазушы **«Терісаққан»** атты шығармасында Ақарыс өзенінің атынан адамдарға былай деп арыз айтқан: «Ей,адамдар,менің қадірімді сендерде білмедіңдер:...сендерде ес бар ма,жандарың ашыса,бет -бетімен кеткен үш

саланы қайта бұрып,тоған қазып,пышыраған бұлақты қақпайлап,арнама қайта қосар едіңдер,суалар тек мен ғана ма, көрерсіндер талай орманың қуарып,талай көлің су алар,сонда ғана жер -анамның ырысын,жер- ананың күйісін шыншыл көңілмен сезіп,табынарсың,шабылдарсың...» деп шығарма соңын «Ей, адамдар, өзен-өмірімізді ардақтайық» деген өсиетімен тұжырымдайды. **«Табиғатта адам секілді өзін кім сүйсе соған ықылас ауып ырқына көнеді»- дейді Оралхан Бөкей.** Қаламгердің барлық туындылары қайырымдылық пен зұлымдық, күш пен қайрат, шынайылық және алдамшы рухани құндылықтарды ойлауға бағытталған. Оралхан Бөкейдің ең соңғы мақаласы (Қазақ әдебиеті газетінің 1993ж.30.04) санында жарияланған: «Ошақ бұты үшеу, жағар оты біреу» деп аталады,көкек өз атын өзі шақырмас үшін жүз рушылдық деген алып -қашты сөзді азайтып,Ұлттық деген сөзді қалыптастырайық соны ғана насихаттайық, ағайын дүниеде өзі ауру болған соң,бүкіл әлем ауру деп ойлаудың қауіпті де,қатерлі де не бар» деп аяқтапты ең соңғы ойын сол мақалада.Жазушының ұлт татулығы мен ұлт мүддесі киелі қалам арқылы азаттықтың алғашқы жылдарынды- ақ тірілерге осылай аманат боп қалған еді.

«Мен осы ойдың бәрін көгілдір таудың ар жағына- көршілерімізге қарап тұрып күбірлеп айттым.Бұл менің жерім мен еліме арнаған иманымдай көкрегімнен бір сәт тастамайтын тұмарымдай еді» (**Ел мен жер эссесі**) Алтай жазушысы-Оралхан Бөкейдің жан сыры, ойлары- Алашқа аманат!

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Бөкей О. Қасқыр ұлыған түнде: новелла // Жас Қазақ. - 2011. - 20 мамыр
2. Оралхан Бөкей // Қазақ әдебиеті. – 2003. – 3 қазан. – 16.

Мазмұны:

1. Дініслам Сағыныш Саятқызы - *Оралхан Бөкей шығармаларындағы ұлттық құндылықтар* 5 - 8 б.б.
2. Утепова Салиха Камбаровна - *Оралхан Бөкейдің «Атау кере» хикаятындағы өмір шындығы* 9 - 14 б.б.
3. Камзанова Гульнара Екпиновна - *Оралхан Бөкей шығармаларындағы ұлттық құндылық көркемдігі* 15 - 18 б.б.
4. Қабылов Миіржан Рамазанұлы - *Оралхан Бөкейдің «Атау кере» повесіндегі кейіпкерлер бейнесі* 19 - 22 б.б.
5. Махмутова Гүлсая Ренуарбекқызы - *Оралхан Бөкейдің «Атау кере» шығармасын оқытудың ерекшелігі* 23-27 б.б.
6. Сенбиева Нурила Киясбековна - *Оралхан Бөкейдің «Тортай мінер ақ боз ат» хикаятындағы өмір шындығын таныту жолдары* 28-32 б.б.
7. Бексеитова Айгуль Бухарбаевна - *Оралхан Бөкей шығармаларындағы өмір шындығы* 33-37 б.б.
8. Қайрат Айсәуле - *Оралхан Бөкей шығармалары арқылы оқушылардың танымдық қабілетін дамыту* 38-41 б.б.
9. Ускенбаева Гүлжан Алтынбековна - *Оралхан Бөкей «Тортай мінер ақ боз ат» шығармасын 6-сыныпта оқытудың ерекшеліктері* 42-44 б.б.
10. Алтынбай Назерке Алтынбайқызы – *Оралхан Бөкейдің шығармашылығын «Оқуға құштар сыныбымның ерекше бояумен талдауы»* 45-48 б.б.
11. Майканова Шолпан Ермухановна - *Оралхан Бөкейдің «Тортай мінер ақбоз ат» шығармасы арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту* 49-52 б.б.
12. Кузембаева Мейрамгуль Толеутаевна - *Адами құндылығымыз – ұлттық құндылықтың кепілі* 53-57 б.б.

13. Қанаткерей Айгерім Қанаткерейқызы - Оралхан Бөкей шығармалары арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту 58-61 б.б.
14. Калиева Акжанай Еркінбаевна- «Оралхантану» оқу бағдарламасы (7-сынып үшін) 62-66 б.б.
15. Искаков Мейрамбек Ризханұлы - Оралхан Бөкейдің «Қар қызы» хикаятындағы бейнелі сөз тіркестерін білім алушыларға қалай зерттеуге болады? 67-71 б.б.
16. Қожакелдиева Лаура Аманкелдиевна - Оралхан Бөкей шығармаларындағы өмір шындығы 72-75 б.б.